

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
Әділбек ҚАБА

БАС РЕДАКТОР
Ерден ҚАЖЫБЕК

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ
Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ
Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Ғабит АБЗАЛБЕК

Қанағат ОРАЗОВА

Серік ЕРҒАЛИ

Бабақұмар ХИНАЯТ *(Венгрия)*

Асай РӨМІШ *(Моңғолия)*

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ *(Ресей, Орынбор)*

Кадыйша АБДЫБЕКОВА *(Қырғызстан)*

Роза БАҚБЕРГЕНОВА *(Түркия)*

Клара САДЫРБАЕВА *(Өзбекстан)*

Әділет АХМЕТҰЛЫ *(Қытай)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Асан АМАНГЕЛЬДИЕВ

МЕНШІК ИЕСІ:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,
2007 жылғы 23 шілдеде № 8514-А кәуәлігі берілген.

МАЗМҰНЫ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ 30 ЖЫЛ

Әлисұлтан Құлданбай. 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні.....4

4 mausym – memlekettik rämızder күні.....7

4 ماوسم - مەملەكەتتىك رەمىزدەر كۈنى.....9

Нұржамал Әлішева. Мемлекеттік рәміздерге - 30 жыл: Асқақ айбыным, ұлық айбарым!.....12

Memlekettik rämızderge - 30 jyl: Asqaq aibunym, ūlyq aibarym!.....17

ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Баяндина С.Ж. Этнос және мемлекеттік тіл мәртебесі.....21

Биыл қазақ тілінде білім алатын 1-сынып оқушылары «Әліппе» мен «Ана тілін» ғана оқиды.....27

Biyl qazaq tilinde bilim alatyn 1-synyp oquşylary «Älippe» men «Ana tilin» ğana oqıdy..29

Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл.....30

Äzilhan Nūrşaiyqovtyñ tuĝanyna 100 jyl.....32

Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл.....33

ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алмасбек Әбсадық. А.Байтұрсынұлы және Қостанай педагогикалық сыныбы...35

A.Baitürsynüly және Qostanai pedagogikalıyq synıby.....40

Аман Мәделханұлы Абасилов. Тілдің әлеуметтік саралану мәселесі және А.Байтұрсынұлы.....45

ТҮБІ БІР ТҮРКІ

Бияров Бердібек Нұралдаұлы. Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін лауазым аттарының тілдік ерекшеліктері.....51

Қалыбаева Қаламқас. Татар тіліндегі жалпы фразеология теориясының бағамдалуы.....59

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Фараби Сәйкенов. Моңғолия қой шаруашылығында елімізді қалай артқа тастады?.....62

Moñğolia qoi şaruашыlyĝynda elimizdi qalai artqa tastady?.....67

Серік Ерғали. Ауғаннан барып Еуропаға ту тіккен қазақ.....71

“Интенсивті қазақ тілі курстарына” 15 шақты елден 90-ға жуық тыңдаушы қатысты. (қыркүйек айынан бастап, онлайн қазақ тілі курстарының екінші жарты жылдығы басталады).....78

«وتانداسنار قورينىڭ» ۋييمداسنارۋييمون ءوتىپ باتقان «يننەنسيوتس قازاق ءتلىس» كۇرستارىنا» 15 شاقنىس ەلدەن 90 ـ عا يۇيۇق تىڭداۋىش قاتنىستىس.....79

ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Әбдірахман Жәлелұлы Четин. Гималай асқандағы Сары жонды еске алу (дастаннан үзінді).....80

Бегабат Ұзақов. Аязқала. Әңгіме.....84

Әлімғазы Дәулетхан. Қытай қазағының ас беруі.....93

Сөзжұмбақ.....99

АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі оқырман! Сіздерге «Туған тіл» альманахының үшінші санын ұсынып отырмыз. Онда мынадай айдарлар қамтылған: «Мемлекеттік рәміздерге 30 жыл», «Қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелер», «Қазақ тілі мәселелері», «Түбі бір түркі», «Шетел қазақтарының тынысы» және «Шетел қазақтарының шығармашылығы».

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері 1992 жылы 4 маусымда қабылданды. Биыл мемлекеттік рәміздерімізге 30 жыл толып отыр. Бұл нөмірде мемлекеттік рәміздердің тарихы, қабылдануы және авторларына қатысты мағлұмат ала аласыздар.

Альманахтың «Қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелер» және «Қазақ тілі мәселелері» атты айдарларда қазіргі ғылымда этнос және мемлекеттік тіл мәртебесі, сондай-ақ тілдің әлеуметтік саралану мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеу мақалалары қамтылған.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында Моңғолия қой шаруашылығы туралы қызықты дерекпен танысып, Ауғаннан барып Еуропаға ту тіккен қазақ Аюби Қажы Ақпардың мәдениеттанушы, этнолог Серік Ерғали Әбдірешұлына берген сұхбатын оқи аласыздар.

Журналдың «Шетел қазақтарының шығармашылығы» айдарында қазақ ақын ұл-қыздарының әңгімелері мен өлеңдері ұсынылып отыр. Сонымен қатар, қандастарымыз туралы Қазақстандағы және шетелдегі жаңалықтармен де танысып, қазақ ұлттық ойындары туралы мағлұмат ала аласыздар.

Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналғандықтан, бірқатар мақалаларды латын әліпбиімен және төте жазумен беріледі.

Редакция алқасы





4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңба және Әнұран Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгіні және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер.

«Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті рәміздерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы – осы», деген еді Елбасы мемлекеттік рәміздерге қатысты сөйлеген сөзінде. Мемлекет басшысының осы сөздерін қазақстандықтардың барлығы жүрек түкпірінде сақтап, әркез жадында

ұстағаны жөн. Өйткені рәміздер елдің өзіндік өмір салтын, болмыс-бітім ерекшелігін, өзгелермен байланыс орнату мұратын білдіретін айрықша белгі болып табылады.

Мемлекеттік рәміздерсіз тәуелсіз ел болмайды. Қазақстан да өз егемендігін жариялаған кезде оны ең алдымен тәуелсіз елдің саяси мәртебесін білдіретін Тәуелсіздік декларациясын қабылдау арқылы бекітті. Содан кейін күн тәртібінде мемлекеттік рәміздерді қабылдау мәселесі тұрды. Еліміздің тұңғыш рәміздері – Ту мен Елтаңба тәуелсіздігіміздің жариялануының дәл 130-шы күні, яғни 1992 жылдың 4 маусымында қабылданды. Ал Әнұран мәтіні сол жылдың 11 желтоқсанында бекітілгенінен оқырман қауым хабардар болса керек.

Тәуелсіздігін енді жариялаған еліміз үшін мемлекеттік рәміздерді қабылдау расында да жеңіл бола қойған жоқ. Тиісті мемлекеттік органдар мен мекемелер аса жауапты істі жан-жақты ізденіспен, мұқият дайындықпен қолға алды. Алдымен 1992 жылдың басында Жоғарғы Кеңестің төралқасы мемлекеттік символиканы дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылдады. Осы құжатқа сәйкес арнайы шығармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері кірді.

Көп кешікпей Елтаңба, Ту және Әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланды. Оған қатысушылар алдына күрделі әрі жауапты міндеттер қойылды. Мемлекеттік рәміздер, әсіресе тарихи, саяси және экономикалық символизмге сәйкес келуі тиіс болды. Ал рәміздер жобаларын жасау конкурсында 600-ден астам адам қатысқан екен. Мемлекеттік ту эскиздері бейнеленген шығармашылық еңбектері бар түскен өтінім 1200-ді құраған. Сондай-ақ конкурсқа болашақ Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 суреттемесі және Әнұранның 750 нұсқасы ұсынылыпты.

Мемлекеттік рәміздерді қабылдауда Елбасының рөлі ерекше болғанын атап өтуіміз керек. Әнұран мәтініне жекелеген түзетулер енгізді. Термин сөздердің қазақ тілінде пайдалануына баса назар аударды. Соның нәтижесінде «елтаңба», «әнұран», «рәміз» сөздері бүгінде кеңінен қолданылып жүр... Содан бергі кезеңде Қазақстанның мемлекеттік туы олимпиадалар мен түрлі халықаралық спорт жарыстарында талай мәрте желбіреді, Әнұранымыз да талай мәрте ойналды. Аспанкөк Туымыз ғаламшардың ең биік шыңдарына да, Арктика мен Антарктидаға да, тіпті ғарышқа да тігілді.

Мемлекеттік рәміздер – ел дамуының ажырамас бөлігі. Сондықтан қазақстандықтардың осы рәміздерге деген құрметі, оларды бойтұмардай қастерлеуі ерекше сезіліп тұруы тиіс. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Өйткені онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Жастардың отансүйгіштік сезімін оятады, патриотизмге үндейді, батылдыққа тәрбиелейді. Алғашқы жылдардағыдай емес, қазіргі кезде еліміздің Әнұраны мәтінін білмейтін жан кемде-кем. Ол насихаттың жемісі десек, қателеспейміз.

Рәміздер балабақшаларда да, мектептерде де, жоғары оқу орындарында да, мемлекеттік мекемелердің ғимараттарында да көрнекті орындарға



орналастырылған. Балабақша бүлдіршіндері оң қолының алақанын жүрек тұсына қойып «Менің Қазақстанымды» шырқағанда ерекше бір сезімге бөленетінің, жігерленіп қанаттанатының рас. Бұл ел болашағы – жастардың өз Отанын, өз жерін, өз елін қорғауға деген сезімін оятып, сенімін нығайтатыны анық. Балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушылары еліміздің Әнұраны мәтінін ата-аналарынан да жақсы біледі десек, дұрыс айтқан болар едік.

Жасыратыны жоқ, кейде мемлекеттік рәміздерді құрметтемеу сияқты келеңсіз жайлардың орын алатыны бар. Бір жақсысы, ондай оқиғаларды ұлтжанды азаматтарымыз дер кезінде байқап, оған тиісті мекемелердің назарын аудартты. Әлгілерге заңнамаға сәйкес шара қолданылды.

Тарихта мемлекеттік рәміздерге байланысты әртүрлі деректер де кездеседі. Әлем елдерінің туларында ең көп кездесетін рең – қызыл түс екен. Осы түс барлық мемлекет туларының үштен екісінде бар. Одан кейінгісі ақ, көк, сары және қара түсті тулар. Ал төрт өлең жолынан тұратын ең қысқа әнұран мәтіні Жапония мен Иордания елдеріне тиесілі көрінеді. Сондай-ақ 158 өлең жолынан тұратын ең ұзақ әнұран мәтіні Грекия елінің әнұраны. «Бостандық әнұраны» деп аталатын оның мәтінін 1823 жылы грек ақыны Диониенос Соломос жазған.

Әлісұлтан ҚҰЛАНБАЙ,
«Егемен Қазақстан»



4 MAUSYM – MEMLEKETTİK RƏMİZDER KÜNI

Memlekettik rəmizder – Tu, Eltañba jäne Änüran Qazaqstan Respublikasynyñ derbestigi men täuelsizdigin бүкүл әлемge tanytuşy әri memleketimizdiñ ötkeni men бүginü jäne bolaşaғы arasyndaғы sabaqtastyqtyñ jarqyn körinisi. Sondai-aq rəmizder – halqymyzdyñ mұqalmas ruhyn, qaharmandyғы men danalyғыn, asqaq arman-tilegin jetkizetin qūndy belgiler.

«Bız täuelsizdikke añsap, zaryғыp jettik. Endi sol täuelsizdiktiñ qasietti rəmizderin de erekşe qadirleuimiz, qasterleuimiz kerek. Ärbir azamat Qazaqstannyñ Tuyn, Eltañbasyn, Änüranyn tümardai qasiet tütuy qajet. Eldigimizdiñ synalatyn bir tüsy – osy», degen edi Elbasy memlekettik rəmizderge qatysty söilegen sözinde. Memleket basşysynyñ osy sözderin qazaqstandyqtardyñ barlyғы жүрек түkpirinde saqtap, әrkez jadynda üstaғany jön. Öitkeni rəmizder eldiñ özindik ömir saltyn, bolmys-bitim erekşeligin, özgelermen bailanys ornatu mұratyn bildiretin airyqsa belgi bolyp tabylady.

Memlekettik rəmizdersiz täuelsiz el bolmaidy. Qazaqstan da өз egemendigin jarialağan kezde ony eñ aldymen täuelsiz eldiñ saiasi mārtebesin bildiretin Täuelsizdik deklarasiyasyn qabyldau arqyly bekitti. Sodan kein kün tärtibinde memlekettik rəmizderdi qabyldau мәselesi түrdy. Elimizdiñ tūñғыs rəmizderi – Tu men Eltañba täuelsizdigimizdiñ jarialanuynyñ дәl 130-şy küni, iaғni 1992-jyldyñ 4-mausymynda qabyldandy. Al Änüran мәtinü sol jyldyñ 11-jeltoqsanynda bekitilgeninen oqyrman qauym habardar bolsa kerek.

Täuelsizdigin endi jarialağan elimiz üşin memlekettik rəmizderdi qabyldau rasynda da jeñil bola qoiған joq. Tuisti memlekettik organdar men mekemeler asa jauapty isti jan-jaqty izdenispen, mұqiat daiyndyqpen qolға aldy. Aldymen 1992-jyldyñ basynda Joғarғы Keñestiñ төralqasy memlekettik simvolikany daiyndau boiynsa jūmys tobyn qūru turaly qaulы qabyldady. Osy qūjatqa säikes arnaiy şyғarmaşylyq komisia qūryldy. Onyñ qūramyna belgili zañgerler men qoғam qairatkerleri kirdi.

Köp keşikpei Eltañba, Tu jäne Änüran jobalaryn jasauға konkurs jarialandy. Oğan qatysuşylar aldyna күrdeli әri jauapty mindetter qoiyldy. Memlekettik rəmizder, әsirese tarihi, saiasi jäne ekonomikalыq simvolizmge säikes kelui tiis boldy. Al rəmizder jobalaryn jasau konkursynda 600-den astam adam qatysқан eken. Memlekettik tu eskizderi beinelengen şyғarmaşylyq eñbekteri bar түsken ötinim 1200-di qūraған. Sondai-aq konkursqa bolaşaq Eltañbanyñ 245 suret jobasy men 67 surettemesi jäne Änürannyñ 750 nūsqasy üsynlypty.



Memlekettik rämızderdı qabyldauda Elbasynyñ röli erekşe bolğanyñ atap ötuımız kerek. Änüran mätinine jekelegen tüzetuler engızdı. Termin sözderdiñ qazaq tilinde paidalanuyna basa nazar audardy. Sonyñ nätijesinde «eltañba», «änüran», «rämız» sözderi büginde keñinen qoldanylyp jür... Sodan bergı kezeñde Qazaqstannyñ memlekettik tuy olimpiadalar men türlı halyqaralyq sport jarystarynda talai mäрте jelibredı, Änüranymyz da talai mäрте oinaldy. Aspankök Tuymyz ğalamşardyñ eñ biik şyñdaryna da, Arktika men Antarktıdağa da, tıptı ğaryşqa da tıgıldı.

Memlekettik rämızder – el damuynyñ ajyramas bölıgı. Sondyqtan qazaqstandyqtardyñ osy rämızderge degen qūrmetı, olardy boıtımardai qasterleui erekşe sezılıp tūruy tuıs. Rämızder arqyly elimızdı бүkıl älem tanıdy. Öitkeni onda qazaq halqynyñ bastan ötkızgen tarihy, mädenietı men дәstürı körınıs beredi. Jastardyñ otansüiğıştik sezımın oiatady, patriotizmge ünedeidi, batyldyqqa tärbielidi. Alğaşqy jyldardağy dai emes, qazırғы kezde elimızdıñ Änürany mätinın bilmeitin jan kemde-kem. Ol nasihatıñ jemısı desek, qatelespeimiz.

Rämızder balabaqşalarda da, mektepterde de, joğary oqu oryndarynda da, memlekettik mekemelerdiñ ğimarattarynda da körnekti oryndarğa ornalastyrylğan. Balabaqşa büldırşunderı oñ qolynyñ alaқаныñ жүрек түsyna qoiyp «Meniñ Qazaqstanymdy» сырқағанда erekşe bir sezımge bölenetinüñ, jigerlenip қанаттанатыnyñ ras. Bül el bolaşaғы – jastardyñ öz Otанын, өз jerin, өз elin қorғауға degen sezımın oiatyp, senimін nyğaitатыny anyq. Balabaqşa tärbielenuşileri men mektep oquşylary elimızdıñ Änürany mätinın ata-analarynan da jaqsy bileди desek, dūrys aitқан bolar edik.

Jasyratyny joq, keide memlekettik rämızderdı qūrmettemeu siaqty keleñsiz jailardyñ oryn alатыны бар. Bir jaqsysy, ondai oқиғаларды ұltjandy azamattarymyz der kezinde baiqap, oğan tuısti mekemelerdiñ nazaryн audartty. Älgilerge zañnamaға säikes şara qoldanyldy.

Tarihta memlekettik rämızderge bailanysty ärtürlı derekter de kezdesedi. Älem elderiniñ tularynda eñ köp kezdesetin reñ – qyzyl түs eken. Osy түs барlyq memleket tularynyñ үšten ekisinde бар. Odan keingisi aq, kök, sary және қара түsti tular. Al tört öleñ jolyнан tūratyn eñ qysqa әнүран mätinı Japonia men İordania elderne tiesili körinedi. Sondai-aq 158 öleñ jolyнан tūratyn eñ ұзақ әнүран mätinı Grekia elinüñ әнүраны. «Bostandyq әнүраны» dep atalатын onyñ mätinın 1823-jyly grek aqyny Dionienos Solomos jazған.

Älisūltan QŪLANBAI,
«Egemen Qazaqstan»



4 ماۋسىم - مەملەكەتتىك رامىزدەر كۈنى

مەملەكەتتىك رامىزدەر - تۇ، ەلتاڭبا جانە ءانۇران قازاقستان رەسپۇبلىكاسىنىڭ دەريەستىكى مەن تاۋەلسىزدىگىن بۇكىل ەلمگە تانىتۇشى ءارى مەملەكەتتىمىزدىڭ وتكەنى مەن بۇگىنى جانە بولاشاعى اراسىنداى ساياقتاستىقتىڭ جارقىن كورىنىسى. سونداى-اق رامىزدەر - حالقىمىزدىڭ مۇقالماس رۇحىن، قاھارماندىعى مەن دانالىعىن، اسقاق ارمان-تەلەگىن جەتكىزەتىن قۇندى بەلگىلەر.

«ءبىز تاۋەلسىزدىككە اڭساپ، زارىعىپ جەتتىك. ەندى سول تاۋەلسىزدىكتىڭ قاسىيەتى رامىزدەرىن دە ەرەكشە قادىرلەۋىمىز، قاستەرلەۋىمىز كەرەك. ءاربىر ازامات قازاقستاننىڭ تۇىن، ەلتاڭباسىن، ءانۇرانىن تۇمارداي قاسىيەت تۇتۇى قاجەت. ەلدىگىمىزدىڭ سىنالاتىن ءبىر تۇسى - وسى»، دەگەن ەدى ەلباسى مەملەكەتتىك رامىزدەرگە قاتىستى سويلەگەن سوزىندە. مەملەكەت باسشىسىنىڭ وسى سوزدەرىن قازاقستاندىقتاردىڭ بارلىعى جۇرەك تۇكىپىرىندە ساقتاپ، ارەز جادىندا ۇستاعانى ءجون. ويتكەنى رامىزدەر ەلدىڭ وزىندىك ءومىر سالتىن، بولمىس-ءبىتىم ەرەكشەلىگىن، وزگەلمەن بايلانس ورناتۇ مۇراتىن بىلدىرەتىن ايرىقشا بەلگى بولىپ تابىلادى.

مەملەكەتتىك رامىزدەرىسىز تاۋەلسىز ەل بولمايدى. قازاقستان دا ءوز گەمەندىگىن جاريالاغان كەزدە ونى ەڭ الدىمەن تاۋەلسىز ەلدىڭ ساياسى مارتەبەسىن بىلدىرەتىن تاۋەلسىزدىك دەكلاراتسياسىن قابىلداۋ ارقىلى بەكىتتى. سودان كەيىن كۇن تارتىبىندە مەملەكەتتىك رامىزدەردى قابىلداۋ ماسەلەسى تۇردى. ەلىمىز-ەلدىڭ تۇڭغىش رامىزدەرى - تۇ مەن ەلتاڭبا تاۋەلسىزدىگىمىزدىڭ جاريالانۇنىنىڭ ءدال 130-شى كۇنى، ياعنى 1992 جىلدىڭ 4 ماۋسىمىندا قابىلدى. ال ءانۇران ءماتىنى سول جىلدىڭ 11 جەلتوقسانىندا بەكىتىلگەنىنەن وقىرمان قاۋىم حاباردار بولسا كەرەك.

تاۋەلسىزدىگىن ەندى جاريالاغان ەلىمىز ءۇشىن مەملەكەتتىك رامىزدەردى قابىلداۋ راسىندا دا جەڭىل بولا قويغان جوق. ءتيسىتى مەملەكەتتىك ورگاندار مەن مەكەملەر اسا جاۋاپتى ءىستى جان-جاقتى نىزدەنسىپەن، مۇقيات دايىندىقپەن قولعا الدى. الدىمەن 1992 جىلدىڭ باسىندا جوعارى كەڭەستىڭ ءتورالقاسى مەملەكەتتىك سىمۋولىكانى دايىنداۋ بويىنشا جۇمىس توبىن قۇرۇ تۇرالى قاۋلى قابىلدادى. وسى قۇجاتقا سايكەس ارنايى شىعارماشلىق كومىسسسىيا قۇرىلدى. ونىڭ قۇرامىنا بەلگىلى زاڭگەرلەر مەن قوعام قايراتكەرلەرى كىردى.

كوپ كەشكەپەي ەلتاڭبا، تۇ جانە ءانۇران جوبالارىن جاساۋعا كونكۇرس جاريالاندى. وعان قاتىسۋشىلار الدىنا كۇردەلى ءارى جاۋاپتى مىندەتتەر قويىلدى. مەملەكەتتىك رامىزدەر، اسرەسە تارىخى، ساياسى جانە ەكونوميكالىق سيمۋولىزىمگە سايكەس كەلۋى ءتيس بولدى. ال رامىزدەر جوبالارىن جاساۋ كونكۇرسىندا 600 - دەن استام ادام قاتىسقان ەكەن. مەملەكەتتىك تۇ ەسكىزدەرى بەينەلەنگەن شىعارماشلىق ەڭبەكتەرى بار تۇسكەن ءوتىنىم 1200 - ەدى قۇراعان. سونداي - اق كونكۇرسقا بولاشاق ەلتاڭبانىڭ 245 سۇرەت جوباسى مەن 67 سۇرەتتەمەسى جانە ءانۇراننىڭ 750 نۇسقاسى ۇسىنىلىپتى.

مەملەكەتتىك رامىزدەردى قابىلداۋدا ەلباسىنىڭ ءرولى ەرەكشە بولعانىن اتاپ ءوتۋىمىز كەرەك. ءانۇران ماتىنىنە جەكەلەگەن تۇرەتۋلەر ەنگىزدى. تەرمىن سوزدەردىڭ قازاق تىلىندە پايدالانۇنا باسا نازار اۋداردى. سونىڭ ناتىجەسىندە «ەلتاڭبا»، «ءانۇران»، «ءرامىز» سوزدەرى بۇگىندە كەڭىنەن قولدانىلىپ ءجۇر... سودان بەرگى كەزەڭدە قازاقستاننىڭ مەملەكەتتىك تۇى وليمپيادالار مەن ءتۇرلى حالىقارالىق سپورت جارىستارىندا تالاي مارتە جەلبىرەدى، ءانۇرانىمىز دا تالاي مارتە وينالدى. اسپانكوك تۇىمىز عالامشاردىڭ ەڭ بيىك شىڭدارىنا دا، اركتىكا مەن انتاركتىداغا دا، ءتپتى عارىشقا دا تىگىلدى.

مەملەكەتتىك رامىزدەر - ەل دامۇنىنىڭ اجىراماس بولىگى. سوندىقتان قازاقستاندىقتاردىڭ وسى رامىزدەرگە دەگەن قۇرمەتى، ولاردى بويىتۇمارداي قاستەرلەۋى ەرەكشە سەزىلىپ تۇرۋى ءتيس. رامىزدەر ارقىلى ەلىمىزدى بۇكىل الەم تانىدى. ويتكەنى وندا قازاق حالقىنىڭ باستان وتكىزگەن تارىخى، مادەنيەتى مەن ءداستۇرى كورىنىس بەردى. جاستاردىڭ وتانسۇيگىشتىك سەزىمىن وياتادى، پاتريوتىزمگە ۇندەيدى، باتىلدىققا تاريپەلەيدى. العاشقى جىلداردا ءمىداي مەس، قازىرگى كەزدە ەلىمىزدىڭ ءانۇرانى ءماتىنىن بىلمەيتىن جان كەمدە - كەم. ول ناسيحاتتىڭ جەمىسى دەسەك، قاتەلەسپەيمىز.

رامىزدەر بالاباقشالاردا دا، مەكتەپتەردە دە، جوعارى وقۇ ورىندارىندا دا، مەملەكەتتىك مەكەمەلەردىڭ عيماراتتارىندا دا كورنەكتى ورىندارعا ورنالاستىرىلعان. بالاباقشا بۇلدىرشىندەرى وڭ قولىنىڭ الاقانىن جۇرەك تۇسىنا قويىپ «مەنىڭ قازاقستانىمدى» شىرقاعاندا ەرەكشە ءبىر سەزىمگە بولەنەتىنىڭ، جىگەرلەنىپ قاناتتاناتىنىڭ راس. بۇل ەل بولاشاعى - جاستاردىڭ ءوز وتانىن، ءوز جەرىن، ءوز ەلىن قورعاۋعا دەگەن سەزىمىن وياتىپ، سەنىمىن نىعايتاتىنى انىق. بالاباقشا تاريپەلەنۋشىلەرى مەن مەكتەپ وقۇشىلارى ەلىمىزدىڭ ءانۇرانى ءماتىنىن اتا - انالارىنان دا جاقسى بىلەدى دەسەك، دۇرس ايتقان بولار ەدىك. جاسىراتىنى جوق، كەيدە مەملەكەتتىك رامىزدەردى قۇرمەتتەمەۋ سىياقتى

келешкисиз جايلاردىڭ ورسن الاتىنى بار. ءبىر جاقسىسى ، ونداى وقىعالاردى ۇلتجاندى
ازاماتتارىمىز دەر كەزىندە بايقاپ، وعان ءتىستى مەكەمەلەردىڭ نازارىن اۋدارتتى .
الگىلەرگە زاڭناماغا سايكەس شارا قولدانىلدى .

تارىختا مەملەكەتتىك رامىزدەرگە بايلانىستى ءارتۇرلى دەرەكتەر دە كەزدەسەدى .
الەم ەلدەرىنىڭ تۇلارىندا ەڭ كوپ كەزدەسەتىن رەڭ - قىزىل ءتۇس ەكەن . وسى
ءتۇس بارلىق مەملەكەت تۇلارىنىڭ ۇشتەن ەكسىندە بار. ودان كەينىڭسى اق ،
كوك ، سارى جانە قارا ءتۇستى تۇلار . ال ءتورت ولەڭ جولنىان تۇراتىن ەڭ قىسقا
ءنۇران ءماتىنى جاپونىيا مەن يوردانىيا ەلدەرىنە تىەسىلى كورىنەدى . سونداى - اق 158
ولەڭ جولنىان تۇراتىن ەڭ ۇزاق ءنۇران ءماتىنى گرەكيا ەلىنىڭ ءنۇرانى .
«بوستاندىق ءنۇرانى» دەپ اتالاتىن ونىڭ ءماتىنىن 1823 جىلى گرەك اقىنى
ديونىيەنوس سولوموس جازعان .

ءاليسۇلتان قۇلانباى ،

«ەگەمەن قازاقستان»





МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ - 30 ЖЫЛ: АСҚАҚ АЙБЫНЫМ, ҰЛЫҚ АЙБАРЫМ!

Әлемдік рейтинг бойынша біздің Елтаңбамыз әдемілігі, тартымдылығы жағынан 9-орында тұр.

Елімізде жыл сайын 4 маусым Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді. Бұл – азаматтық келбетімізді, бірлік-берекемізді нығайтатын мерекелердің бірі десек, қателеспейміз. Сондықтан Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның құрылуы да тегіннен-тегін емес. Айтулы датаға орай елімізде қандай іс-шаралар атқарылмақ? Осы жөнінде толығырақ білу үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттаманы басқару комитетіне қарасты Геральдикалық зерттеулер орталығының директоры Асылбек БАЙЖҰМАМЕН тілдескен едік.

«Әнұранды бәріміз бір мезетте орындаймыз»

– Асылбек Байжұмаұлы, әуелі Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның қай кезде құрылғанына, оның мақсат-мүддесіне тоқтала кетсеңіз?

– Қазақстанда геральдика саласы Елбасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының Мемлекеттік рәміздері мен геральдикасы мәселелері туралы» №155 Жарлығына сәйкес (бұған дейін мемлекеттік

рәміздер бойынша деп аталған) өз алдына дербес сала болып құрылды. Аты айтып тұрғандай, бұл салаға қатысты келелі міндеттерді Президент жанындағы арнаулы комиссия абыроймен атқарып келеді. Мақсат-міндеті - ведомстволық наградаларды сипаттауға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, Мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілерді қолдану және насихаттау мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және әдістемелік ұсынымдарды іске асыру.

– Биыл Мемлекеттің рәміздеріміздің қабылданғанына 30 жыл толады. Осы даталы жылға елдік деңгейде қандай тың іс-шаралар әзірледіңіздер?

– Осынау 30 жыл ішінде қоғамда мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, қас-тер тұту мәдениеті қалыптасты. Енді оны әрдайым қолдап, ілгерілетіп отыру – міндетіміз. Бүгін, яғни 2 маусымда, еліміздің ғалымдары мен зиялы қауым өкілдерінің бас қосуымен «Қазақстанның дамуына мемлекеттік рәміздердің әсері» атты республикалық ғылыми-танымдық конференциясы өтеді. Ал ертең, 3 маусымда, Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына орай ауқымды «Көк тудың желбірегені» атты республикалық патриоттар форумы өз жұмысын бастайды.

Әнұранды бір мезетте бүкіл ел болып орындау да әсерлі болады деп ойлаймын. Негізгі іс-шаралар 4 маусымда өтеді. Иә, осы күні Мемлекеттік Әнұранды бәріміз бірге шырқаймыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Мемлекеттік Туды салтанатты түрде көтергеннен кейін бүкіл қазақстандық, отбасында ма, далада жүр ме, көшеде кетіп бара ма, кім қай жерде, сонда тұра қалып, бәрі бір уақытта Әнұранды шырқайды деп жоспарланып отыр.

Әрине, Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған іс-шаралар бір немесе екі күнмен шектеліп қалмақ емес, жыл бойы жүргізіледі. Мектептерде ашық сабақтар мен сынып сағаттары өткізіледі. Мағыналы көрмелер ұйымдастырылады. Мұның бәрі жас ұрпақтың кеудесіне патриоттық дәнін себуге көмектеседі деп білемін. Осы іс-шаралардың бәрі - Президент айқындап берген «Жаңа Қазақстанды» құру жолындағы маңызды қадамдар.

«Тастағы тарихты да зерттейміз»

– «Геральдикалық зерттеулер орталығы» деген кең ұғымды білдіріп тұр, сондықтан мемлекеттік рәміздерді насихаттаудан бөлек, басқа да міндеттері бар шығар?

– Иә, әрине. Біздің орталықтың негізгі міндеттерінің бірі – тарихи таңбаларды, яғни тастағы тарихты зерттеу. Міне, бүгінгі таңда сол салада Сартқожа Қаржаубайұлы, Айдын Рысбекұлы, Зейнолла Самашев, Тұрсын Жұртбай, Жандарбек Мәлібеков сынды ғалым ағаларымызбен тығыз байланыста жұмыс істеп жатырмыз. Және осы жұмыстардың нәтижесінде «Қазақ геральдикасы» деген кітапты жазып шықтық. Ол кітапты 4 маусымда Елорда төрінде Қазақстан патриоттарының форумында таныстыратын боламыз. Сөйтіп, «Қазақ геральдикасының» жарыққа шығуы да үлкен жаңалық болғалы тұр. Сондай-ақ, біздің орталық таңбалы тастар



тарихынан сыр шертетін үлкен көрме әзірлеп қойды. Оны Еуразиялық университетпен бірлесіп өткізетін ғылыми-тәжірибелік конференцияда ел назарына ұсынатын боламыз.

Өңірлік төлтаңбалар дейміз, оларды зерттеп жатырмыз. Оған қатысты әдістемелік құралдарды да әзірлеу үстіндеміз. Сондай-ақ, ведомстволық наградаларды сараптау жұмысы да біздің мойнымызда. Қазіргі таңда елімізде 200-ге жуық мемлекеттік награда бар. Әсіресе, Қорғаныс, Ішкі істер және Күштік құрылымдарға қатысты. Басқа да мемлекеттік органдар өздерінің түрлі мейрамына қатысты медальдарының эскизін бізге жолдайды, біз оны өзіміздің сараптамалық кеңесте қарап, зерделеп, талдап, қорытындысын береміз. Ал соңғы шешімді Мемлекеттік хатшымыз Ерлан Қарин төрағалық ететін мемлекеттік геральдикалық үлкен комиссия шығарады.

Сонымен қатар, орталығымыз осы сәуір айынан бері Елтаңбамыздың авторы – белгілі сәулетші Жандарек Мәлібековтің қатысуымен Қорғаныс министрлігінде, жалпы білім беретін мектептерде, студенттермен, жастармен үздіксіз кездесулер өткізіп келеді. Себебі, қазақтың бүкіл болмысын, тарихын бір Елтаңбаға сыйғыза білген Жандарбек ағамызды жастардың білгені, құрмет тұтқаны дұрыс деп ойлаймын. Өкінішке орай, Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік Туының авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбек ағамыз өмірден өтіп кетті. Сондықтан көзі тірі ағалардың әңгімесін өз аузынан естіп, өнегесін алу, ұлықтау, сыйлау, қадірлеу – парыз.



Әлемдік рейтинг бойынша Елтаңбамыз 9-орында

– Егер қателеспесек, сол Елтаңбамыз бен Туымыздың түстері бірнеше мәрте өзгерді. Осы жөнінде де толығырақ тарқата кетсеңіз?

– Біздің Туымыз осы Тәуелсіздіктің 30 жылында әлемдік түрлі деңгейдегі байрақты бәсекелерде 4 мың мәрте жоғары көтерілген және Антарктида мен Арктикада, Оңтүстік, Солтүстік полистерде тігілген. Маңдайалды ғарышкерлеріміз – Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов ғарышқа алып шыққан.

Иә, өздеріңізге мәлім, тәуелсіздік жылдарындағы Тудың түсі үш рет өзгертілді. 1992 жылы орнаменттегі оюы қызыл түсті болатын. Кейін сарыға өзгертілді. Ал соңғысында қошқар мүйіз оюына ауыстырылып, алтын түстес болып шықты. Мемлекеттік Туымыздың түсі көгілдір, ортасында шұғыла шашқан күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Геральдика дәстүрінде әрбір түс белгілі бір ұғымды танытады. Мәселен, аспандай көк түс адам бойындағы адалдық, тазалық, сенімділік сияқты қасиеттерді білдіреді. Күн байлық пен молшылықты, күш-қуатты бейнелейді. Ал күн астында қалықтаған бүркіт мемлекеттің еркіндігін, тәуелсіздігін, биік мақсаттар мен жарқын болашаққа деген ұмтылысын меңзейді. Тудың сабының түсына тігінен ұзына бойына кескінделген ұлттық өрнектер Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық түрғыда бейнелейді.

Елтаңбамызға келетін болсақ, әлемдік рейтинг бойынша біздің Елтаңбамыз әдемілігі, тартымдылығы жағынан 9-орында тұр. Елтаңбамыздың түсі осыдан 4 жыл бұрын, яғни 2018 жылы өзгертілді. Алғашқысында бұрынғы түсі қоңырлау болатын. Кейін алтын түстес болды және кириллицамен жазылған «Қазақстан» деген жазуы латын тіліне ауыстырылды. Алтынның түсі – байлықтың, әділдіктің және кеңпейілділіктің символы.

Мемлекеттік Елтаңбаның орталық геральдикалық элементі – көгілдір түс аясындағы шаңырақ бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Qazaqstan» деген жазу бар.

Шаңырақ – киіз үйдің басты жүйе құраушы бөлігі, яғни елімізді мекендейтін барлық халықтың ортақ қонысының, біртұтас Отанының символы. Қанатты тұлпарлар батылдықты, сенімділікті және ерік-жігерді танытады. Елтаңбамыздағы тағы бір деталь – бес бұрышты жұлдыз. Жұлдыздың бейнеленуі қазақстандықтардың әлемнің барлық халқымен ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға ниетті ел болуға деген талпынысын танытады. Қазақстан тұрғындарының жүрегі мен құшағы бес құрлықтың өкілдері үшін қашанда ашық деген мағынада.

Міне, біздің орталықтың негізгі жұмыстарының бірі – осы Мемлекеттік рәміздердің дұрыс қолданылуы мен пайдалануын насихаттау. Жуырда ғана Шығыс Қазақстан облысында болып, мемлекеттік рәміздердің қай деңгейде қолданылып жүргенін тексеріп қайттық. Одан түйген мәселелерімізді Президент әкімшілігіне ұсыныс ретінде жолдап, алдағы уақытта Мемлекет-



тік рәміздерді насихаттаудың әдістемек құралын әзірлейміз. Сондай-ақ, барлық өңірге шығып, Мемлекеттік рәміздерді пайдалану және қолдану ережелерін, тәртібін түсіндірмекпіз.

«Қазақ геральдикасы» жалғасын табады

– Демек, Қазақстанда геральдика саласы нық орнығып келе жатыр дегенге болады ғой?

– Біз осы саланы зерттеп, зерделеп көрсек, Орта Азияда, түркі елдері мен Қытайда, Моңғолияда да ұлттық, тарихи музейлер бар, ал геральдикалық зерттеулер орталығы деген жоқ екен. Сондықтан да біздің орталықтың әлемдік деңгейдегі бір ғылыми іргелі орталыққа айналары сөзсіз. Мүмкіндігі, көкжиегі кең деп білемін. Бұл бағытта бізге Үкімет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп отыр. Сондықтан алдағы уақытта жұмысымызды одан әрі жандандыра түспекпіз. Келесі жылы геральдиканың экспозициялық залын құруды көздеп отырмыз. Халықаралық геральдистер конференциясын ұйымдастыру да жоспарда тұр. Бүгінгі «Қазақ геральдикасын» алдағы уақытты серия-сериямен, том-том етіп шығаратын боламыз. Енді «Қазақ геральдикасы» деген танымдық журнал шығаруды қолға алдық. Оған алғаш жарияланатын тарихшы-ғалымдардың сүбелі еңбегі де дайын болып қалды. Орталық жанынан ашылған «Тарих және таңба» атты ютуб-каналымыз да бар. Тұрақты жұмыс істеп тұр. Елге белгілі тарихшы, ғалымдармен аптасына бір рет сұхбат ұйымдастырып отырамыз.

Мемлекеттік рәміздерді егемен елімізден бөлек қарау мүмкін емес, олар – Тәуелсіздігіміздің бет-бейнесі, яғни өзіміз. Алдымен өзімізді сыйлап, құрметтей білсек, өзгелер де қадір тұтатын болады.

– Әңгімеңізге рақмет!



MEMLEKETTİK RÄMİZDERGE - 30 JYL: ASQAQ AIBYNYM, ÜLYQ AIBARYM!

Älemdik reitiň boiynşa bızdın Eltañbamyz ädemılıgı, tartymdylygy jağynan 9-orynda tür.

Elımızde jyl saıyn 4 mausym Memlekettik rämızder küni retinde merkelenedi. Bül – azamattyq kelbetımızdı, bırlık-berekemızdı nyğaitatyn merkelerdin biri desek, qatelespeimiz. Sondyqtan Memlekettik rämızder men vedomstvolyq jáne olarğa teñestirilgen özge de nagradalar geraldikasy mäseleleri jönindegi respublikalyq komisiyanın qurylyy da teginnen-tegin emes. Aituly datağa orai elımızde qandai is-şaralar atqarylmaq? Osy jöninde tolyğyraq bilu üşin QR Mädeniet jáne sport ministrlygının Arhiv isteri jáne qūjattamany basqaru komitetine qarasty Geraldikalyq zertteuler ortalyğynın direktory Asylbek BAİJŪMAMEN tildesken edik.

«Änürandy bärımız bir mezette oryndaimyz»

– Asylbek Baijūmauly, äueli Memlekettik rämızder men vedomstvolyq jáne olarğa teñestirilgen özge de nagradalar geraldikasy mäseleleri jönindegi respublikalyq komisiyanın qai kezde qurylganyna, onın maqsat-müddesine toqtala ketseñiz?

– Qazaqstanda geraldika salasy Elbasynın 2011 jylgy 30 qyrküiektegi «Qazaqstan Respublikasynın Prezidentine tikelei bağynatyn jáne esep beretin keibir memlekettik organdardyn, Qazaqstan Respublikasy Konstitusialyq Keñesinin, qūqyq qorğau organdarynın, sottardyn, Qaruly Küşterdin, basqa da äskerler men äskeri quralymdardyn vedomstvolyq jáne olarğa teñestirilgen özge de nagradalarynın Memlekettik rämızderi men geraldikasy mäseleleri turaly» №155 Jarlyğyna säikes (būğan dein memlekettik rämızder boiynşa dep atalğan) öz aldına derbes sala bolyp quryldy. Aty aityp tūrğandai, bül salağa qatysty keleli mindetterdi Prezident janyndağy arnaly komisia abyroimen atqaryp keledi. Maqsat-mindet - vedomstvolyq nagradalardy sipattağa qoiylatyn bıryñgai talaptardy äzirleu, Memlekettik rämızder men geraldikalyq belgilerdi qoldanu jáne nasihattau mäseleleri jönindegi normativtik-qūqyqyq bazany jetildiru jáne ädistemelik üsynymdardy iske asyru.

– Biyl Memlekettin rämızderimizdin qabyldanğanyna 30 jyl tolady. Osy dataly jylğa eldik deñgeide qandai tyn is-şaralar äzirledinızder?

– Osynau 30 jyl ışinde qoğamda memlekettik rämızderdi qürmetteu, qaster tütu mädeniet qalyptasty. Endi ony ärdaiym qoldap, ilgeriletip otyru – mindetimiz. Būgin, iağni 2 mausymda, elımızdin ğalymdary men zialy qauym ökilderinin bas qosuymen «Qazaqstannın damuyına memlekettik rämızderdin äseri» atty respublikalyq ğylymi-tanymdyq konferensiasy ötedi. Al erteñ, 3 mausymda,

Mädeniet jäne sport ministrліginiñ üiymdastyruymen Memlekettik rämızderdiñ 30 jyldyǵyna orai auqymdy «Kök tudyñ jelibiregeni» atty respublikalyq patriottar forumy öz jümısyn bastaidy.

Änürandy bir mezette bükil el bolyp oryndau da äserli bolady dep oilaimyn. Negızgı ıś-şaralar 4 mausymda ötedi. İä, osy küni Memlekettik Änürandy bärımız birge şyrqaimyz. Prezidentımız Qasym-Jomart Kemelüly Toqaeu Memlekettik Tudy saltanatty türde kötergennen kein bükil qazaqstandyq, otbasynda ma, dalada jür me, köşede ketip bara ma, kım qai jerde, sonda tūra qalyp, bärı bir uaqytta Änürandy şyrqaidy dep josparlanyp otyr.

Ärine, Memlekettik rämızderdiñ 30 jyldyǵyna arnalǵan ıś-şaralar bir nemese eki künmen şektelip qalmaq emes, jyl boiy jürgıziledi. Mektepterde aşyq sabaqtar men synyp saǵattary ötkıziledi. Maǵynaly körmeler üiymdastyrylady. Münyñ bärı jas ürpaqtyñ keudesine patriottyq dänın sebuge kömektesedi dep bilemin. Osy ıś-şaralardyñ bärı - Prezident aiqyndap bergен «Jaña Qazaqstandy» qūru jolyndaǵy mañyzdy qadamdar.

«Tastaǵy tarihty da zertteimiz»

– «Geraldikalyq zertteuler ortalyǵy» degen keñ üǵymdy bildirip tür, sondyqtan memlekettik rämızderdi nasihattaudan bölek, basqa da mindetteri bar şyǵar?

– İä, ärine. Bızdıñ ortalyqtyñ negızgı mindetteriniñ bırı – tarihi tañbalardy, iaǵni tastaǵy tarihty zertteu. Mine, bügingi tañda sol salada Sartqoja Qarjaubaiüly, Aidyn Rysbeküly, Zeinolla Samaşev, Türsyn Jürtbai, Jandarbek Mälibekov syndy ğalym aǵalarymyzben tyǵyz bailanysta jümısyn ıstep jatyrmyz. Jäne osy jümıstardyñ nätijesinde «Qazaq geraldikasy» degen kıtapy jazyp şyqtyq. Ol kıtapy 4 mausymda Elorda törinde Qazaqstan patriottarynyñ forumynda tanystyratyn bolamyz. Söitip, «Qazaq geraldikasynyñ» jaryqqa şyǵuy da ülken jañalyq bolǵaly tür. Sondai-aq, bızdıñ ortalyq tañbaly tastar tarihyndan syr şertetin ülken körme äzirlep qoidy. Ony Eurazialyq universitetpen birlesip ötkızetin ğylymi-täjiribelik konferensiada el nazaryna üsynatyn bolamyz.

Öñirlik töltañbalar deimiz, olardy zerttep jatyrmyz. Oǵan qatysty ädistemelik qūraldardy da äzirleu üstindemiz. Sondai-aq, vedomstvolyq nagradalardy saraptau jümısy da bızdıñ moınymyzda. Qazırǵı tañda elimızde 200-ge juyq memlekettik nagrada bar. Äsirese, Qorǵanys, Işkı ister jäne Küştik qūrylymdarǵa qatysty. Basqa da memlekettik organdar özderiniñ türli meritoilyq medaldarynyñ eskizin bızge joldaidy, bız ony özımızdiñ saraptamalyq keñeste qarap, zerdelep, taldap, qorytyndysyn beremiz. Al soñǵy şeşimdi Memlekettik hatşymyz Erlan Qarin töraǵalyq etetin memlekettik geraldikalyq ülken komisia şyǵarady.

Sonymen qatar, ortalyǵymyz osy säuir aynan beri Eltañbamyzdyñ avtory – belgili säuletşi Jandarek Mälibekovtiñ qatysuymen Qorǵanys ministrліginde, jalpy bilim beretin mektepterde, studenttermen, jastarmen üzdiksiz kezdesuler ötkızıp keledi. Sebepi, qazaqtyñ bükil bolmysyn, tarihy bir Eltañbaǵa syǵyza bilgen Jandarbek aǵamyzdy jastardyñ bilgeni, qūrmet tütqany dūrys dep oilaimyn. Ökınışke orai, Täuelsiz Qazaqstannyñ Memlekettik Tuynyñ avtory – belgili suretşi Şäken Niazbek

aғамыз өмірден өтіп кетті. Сондықтан көзі тırı ағалардың аңғимесін өз аузынан естіп, өнегесін алу, ұлықтау, сыйлау, қадірлеу – парыз.

Әлемдік реитің бойыңша Елтаңбамыз 9-орында

– Егер қателеспесек, сол Елтаңбамыз бен Туымыздың түстері бірнеше мәрте өзгерді. Осы жөнінде де толығырақ тарқата кетсеңіз?

– Біздің Туымыз осы Тәуелсіздіктің 30 жылында әлемдік түрлі деңгейдегі бирақты бәсекелерде 4 мың мәрте жоғары көтерілген және Антарктида мен Арктикада, Оңтүстік, Солтүстік полистерде тұлған. Маңдайалды ғарышкерлеріміз – Талғат Мұсабаев пен Аидын Айымбетов ғарысқа алып шыққан.

Іә, өздеріңізге мәлім, тәуелсіздік жылдарындағы Тудың түсі үш рет өзгертілді. 1992-жылы орнаменттегі ойыу қызыл түсті болатын. Кейін сарыға өзгертілді. Ал соңғысында қошқар мүіз ойына ауыстырылып, алтын түстес болып шықты. Мемлекеттік Туымыздың түсі көгілдір, ортасында шұғыла шаққан күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран беinelенген. Geraldика дәстүрінде әрбір түс белгілі бір ұғымды танытады. Мәселен, аспандай көк түс адам бойындағы адальдық, тазалық, сенімділік сияқты қасиеттерді bildiredi. Күн бailyқ пен молшылықты, күш-қуатты beineleidi. Ал күн астында қалықтаған бүркіт мемлекеттің еркiндiгiн, тәуелсiздiгiн, биік мақсаттар мен жарқын болашаққа деген үмтылысын меңзеиді. Тудың сабының түсіне тігiнен ұзына бойна кескiнделген ұлттық өрнектер Қазакстан халқының мәдениеті мен дәстүрін simvoldyқ түрғыда beineleidi.

Елтаңбамызға келетін болсақ, әлемдік реитің бойыңша біздің Елтаңбамыз әдемiлiгi, тартымдылығы жағынан 9-орында тұр. Елтаңбамыздың түсі осыдан 4 жыл бүрын, iaғни 2018-жылы өзгертілді. Алғашқысында бүрынғы түсі қоңырлау болатын. Кейін алтын түстес boldy және kirillisamen jazылған «Қазакстан» деген жазуы латын тіліне ауыстырылды. Алтынның түсі – бailyқтың, әдiлдiктiң және кеңпейiлдiлiктiң simvoly.

Мемлекеттік Елтаңбаның орталық гeraldикалық элементі – көгілдір түс аiasындағы шаңырақ beinesi. Шаңырақты ainала күн сәулесi секiлдi тараған уықтар шаңсылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар beinesi орнаlastырылған. Жоғарғы бөлiгiнде көлемдi бес бүрысты жұлдыз, ал төменгі бөлiгiнде «Қазакстан» деген жазу бар.

Шаңырақ – kiіз үидiң басты жүие құраушы бөлiгi, iaғни elimiздi мекендеитiн барлық халықтың ортақ қонысының, бiртұтас Отанының simvoly. Қанатты тұлпарлар batылдықты, сенiмдiлiктi және ерик-жiгердi танытады. Елтаңбамыздағы тағы бiр detail – бес бүрысты жұлдыз. Жұлдыздың beinelenui қазақстандықтардың әлемнiң барлық халқымен yнтымақтастық пен серiкtestiк орнатуға niеттi el болуға деген talпынысын танытады. Қазакстан түрғындарының жүрегi мен құшағы бес құрлықтың өкiлдерi үшiн қағанда ашық деген мағынada.

Мiне, бiздiң орталықтың негiзгi жүмystарының бiрi – осы Мемлекеттік рәмиздердiң дүрыс қoldанылуы мен paidalanуын насихаттау. Жуйрда ғана Шығыс Қазакстан облысында болып, мемлекеттік рәмиздердiң қai деңгейде қoldанылып жүргенiн тексерiп қaitтық. Одан түiген мәсеелерiмiздi Президент әкiмшiлiгiне үсынys ретiнде жoldап, алдағы уақытта Мемлекеттік рәмиздердi насихаттаудың әдiстемек құралын



әзірлеміз. Сондай-ақ, барлық өңірге шығып, Мемлекеттік рәміздерді пайдалану және қолдану ережелерін, тәртібін түсіндірміз.

«Qazaq geraldikasy» jalǵasyn tabady

– Demek, Qazaqstanda geraldika salasy nyq ornyǵyp kele jatyr deuge bolady ǵoi?

– Bız osy salany zerttep, zerdelep kórsek, Orta Aziada, túrkı elderı men Qytaida, Mońǵoliada da últtyq, tarihi muzeiler bar, al geraldikalyq zertteuler ortalyǵy degen joq eken. Sondyqtan da bızdıń ortalyqtyń álemdik deńgeideǵı bır ǵylymi ırgeli ortalyqqa ainalary sózsız. Múmkındıǵı, kókjieǵı keń dep bilemin. Búl baǵytta bızge Úkımet tarapynan úlken qoldau kórsetilip otyr. Sondyqtan aldaǵy uaqytta júmısymyzdy odan ári jandandyra túspekpız. Kelesı jyly geraldikanyń ekskpozisialyq zalyn qúrudy kózdep otyrmyz. Halyqaralyq geraldister koferensiasyn úıymdastyru da josparda túr. Búgingı «Qazaq geraldikasy» aldaǵy uaqytty seria-seriamen, tom-tom etip шыǵaratyn bolamyz. Endi «Qazaq geraldikasy» degen tanymdyq jurnal шыǵarudy qolǵa aldyq. Oǵan alǵaş jarialanatyn tarihşy-ǵalymdardyń súbeli eńbegı de daiyn bolyp qaldy. Ortalyq janyнан ашылған «Tarih jáne tańba» atty youtub-kanalymyz da bar. Túraqty júmıys istep túr. Elge belgili tarihşy, ǵalymdarmen aptasyna bır ret súhbat úıymdastyryp otyramyz.

Мемлекеттік рәміздерді егемен елімізден бөлек қарau мүмкін емес, олар – Тәуелсіздігіміздің бет-беінесі, іағни өзіміз. Aldymen өзімізді syılap, qúrmettei bısek, özgeler de qadır tútatyn bolady.

– Äñgımeñızge raqmet!



СӘУЛЕ ЖҰМАЖАНҚЫЗЫ БАЯНДИНА

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор



ЭТНОС ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Мақалада этнос пен тіл ұғымдары арақатынасының мәселелері қарастырылған. Автор адамдардың ұлттық-лингвистикалық мінез-құлқы тілдің этникалық функциясын жүзеге асыру процесінде сипатталуы мүмкін екенін ескертеді, бұл ретте тілдің этникалық функциясының шеңберінде бірнеше ерекше функциялар бар, атап айтқанда: этноконсолидациялау, этнодифференциалдандыру. Мемлекеттік тіл этноспен тығыз байланысты. Қазақ тілі, мемлекеттік тіл бола отырып, негізінен функционалды түрде үстемдік етеді, оның әлеуметтік функцияларын одан әрі дамыту өзекті болып көрінеді.

Тіл мәселесі – дүниедегі мемлекеттерде зерттелетін үлгі. Өйткені мемлекет халқы мейлі бір ұлттан тұрсын, көп ұлттан құралған болсын, бәрібір өзіндік тіл проблемаларынсыз болмайды. Айталық, бір ұлтты мемлекетте тіл мәселесі таза лингвистикалық

сипатта, яғни халықтық тілдің жекелеген өмір сүру салалары арасында өрбиді. Мысалы, дүние жүзінде бір ұлтты мемлекет ретінде танылатын Жапонияда мемлекеттік тіл проблемасы жапон диалектілерінің арасында өршіп отырғандығы байқалады.

Ал көпұлтты мемлекеттерде тіл мәселесі жекелеген тілдер арасында ұлтаралық деңгейде болып, саяси-лингвистикалық реңкке ие болады. Өйткені көптілділік жағдайында барлық тілдерді әрдайым тең сақтау немесе бірдей дамыту мүмкін бола бермейді. Тілдердің заң жүзіндегі теңдігі мен қызмет ету аясындағы теңдігі деген екеуі екі бөлек түсінік. Конституция тілдер теңдігін жариялауы мүмкін, алайда олар қызмет ету ауқымы жағынан ешқашан тең болмайды. Көптілділік жағдайында ылғи да бірді-екілі тіл этносаралық қарым-қатынас құралы болып, бөлектеніп отырады. Сондықтан мұндай көптіл-

ділік жағдаятты елде демократиялық бағыттағы тіл саясаты екіжақты мақсатты ұстауды қажет етеді:

1. Әрбір жекелеген тілдердің өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ету;

2. Қандай да бір тілдің бүкіл ел аумағында этносаралық қарым-қатынас құралы ретінде қызметтік мәртебесін бекіту.

1. Тілдерді дамыту ісі осылайша нақтылы жоспарланған түрде жүргізілуі тиіс. Бұл - әлемдік қалыпты жағдай (стандарт) . Ал мұның өзі ең алдымен басқаруға (управление) байланысты. Басқару қандай болса, даму да сол деңгейде болмақ. Білікті басқару ісі қоғамдағы тілдердің өзіндік мәртебесін дұрыс та дәл анықтаудан басталады. Мәртебе белгілеу арқылы заң күшімен тіл дамыту

– әлемге кең тараған құбылыс. Мәртебе – әлеуметтік лингвистикалық әрі құқықтық категория, ол тілдердің қоғамдағы құқықтық әлеуметтік жағдайын танытады [1,10].

Адамдардың ұлтық-тілдік ұстанымы тілдің этникалық қызметінің жүзеге асуы үдерісінде көрініп сипатталуы мүмкін, тілдің этникалық қызметінің бірнеше жеке түрі бар, нақтырақ айтсақ: этношоғырландырушы (этноконсолидирующая), этноажыратушы (этнодифференцирующая) қызметі бөлініп көрсетіледі. Тілдің этношоғырландырушы қызметі – адамдарды бір этносқа біріктіретін қызмет, бұл тілді қолданумен емес, «адамдардың тілге қатысымен, ұлтық-мәдени идеологиямен» жасалады [2,24].

Ұлтты сақтау факторы ретіндегі тілдің қызметі лингвомәдени қауымдастықтың пайда болуынан не-

месе адамдардың лингвистикалық тепе-теңдігінде көрінеді. Т.Г.Стефаненконың пікірінше, тілдің бірлігі қызмет ету үдерісіне мүмкіндік береді, этникалық бірлік аясында әрекет жасауға көмектеседі [3].

Тіл аумақ пен мәдениет ортақтығымен бірге ұлттың қалыптасуының қажетті шарты болып табылады [4]. Дәл осы тіл ортақтығы, аумақ ортақтығы этникалық қауымдастықтың сәйкестенуіне мүмкіндік жасайды, мұнда тілдің этноинтегралдау қызметі көрінеді. Сонымен бірге тіл бір ұлтты басқа ұлттан бөлектей отырып, этнодифференциялаушы қызмет атқарады. С.Арутюнов тілдің этноаңықтаушы ретіндегі рөліне айрықша мән беріп, оның этнодифференциялық қызметіне көңіл аударады: «тіл, асып кеткенде, кәдуілгі сана дәрежесінде, ұлттың автостереотипі және сол ұлт туралы ұғым дәрежесінде. Көптеген жағдайларда ұлтты анықтайтын ең маңызды және бұрынғы барлық белгілілері бойынша оның көршілері болып табылады» [4,142].

Тілдің этнодифференциялаушы рөлі әр тірі тілге қандайда бір ұлттың сәйкес келуі арқылы, өзіндік және тәуелсіз идиома ретіндегі сол тілдің алғашқы ресімдеуі байланысқан этногенезбен көрінеді. А.Г.Агаев тілдің этнодифференциялық қызметі туралы емес, этникалық белгі ретіндегі тілдің қызметі туралы айту керек деп санайды [5]. Сонымен бірге этникалық белгі қызметін тіл ортақтығы емес, этникалық межелеу қызметін атқаратын және басқа тілдерден әлсіреген тілдің өзі атқарады. Бұл этноинтеграциялаушы және этнодифференциялаушы екі қызмет бір-бірін толықтырады, өйт-

кені ұлттардың ішкі этникалық бірігу қызметін тіл оның басқа қызметі – этнодифференциялаушы немесе этникалық межелеу қызметі арқылы орындайды.

Э.Бенвенисттің айтуынша, жеке адам мен қоғам өзара байланысты құбылыс сияқты, әрі тіл арқылы туындайды, өйткені қарым-қатынас кезінде адам қоғамдық мән ала отырып, қоғам меншігіне айналады, ал қоғам өз кезегінде тілдің өзінің дамуына мүмкіндік туғызады: «дәл осы тілде және тіл арқылы жеке адам мен қоғам бір-бірін өзара детерминдейді (анықтайды)» [5, 27]. Сондықтан тіл мен қоғам – бір-бірін детерминдейтін өзара байланысты құбылыс, онда тілдің қызметтерін және әлеуметтенудің тілдік қызметі, жекеленудің тілдік қызметі, байланыс орнататын (нақты) тілдік қызметі, метатілдік (қоғамдағы адамдардың өзара түсінушілігін қамтамасыз ететін) және басты қызмет – коммуникативтік қызметі сияқты қоғамға қатынасы бойынша көрсету орынды.

Әлеуметтену қызметі адамның қоғамда бейімделуіне мүмкіндік туғызатын, қоғамдық- тарихи тәжірибені меңгеруге көмектесетін, рухани-тәжірибелік әрекетті орындау үшін қажетті тіл арқылы адамдардың қарым-қатынасы барысында өзекті болады. Бұл қызмет бір мезгілде социокұрушы және қоғамдастыратын болып табылады, өйткені Э.Бенвенисттің тұжырымынша, адамдарды біртұтастыққа біріктіре отырып, «тек тіл ғана қоғамға тіршілік мүмкіндігін береді» [6,86].

Социоайырғыш қызметінің мәні тіл этнодифференциялаушы қыз-

метін орындай отырып, бір ұлтты басқа ұлттан бөліп тастауға құрылған. Тіл ортақтығы қоғамды бір лингвомәдени қауымдастыққа шоғырландырады, Э.Сепирдің айтуы бойынша, ана тілі сол тілде сөйлейтін барлық әлеуметтік тілектестіктің нышаны ретінде қызмет етеді, сондықтан дұрыс пікір болып табылады [7].

В.фон Гумбольдт адам сөйлей отырып, өзінің рухани туыстығын көрсетеді, өзі сияқты сөйлейтіндерді басқаша сөйлейтіндерден даралайтынын жазады. Бүкіл адамзатты екі тапқа – өзінікі және бөтендікі деп айыратын бұл барша ерекшелік алғашқы қоғамдық байланыстың негізі [8]. Қоғамдастыру қызметімен бір уақытта тіл қоғамның әр жеке мүшесінің жекелену қызметін атқарады, сондықтан В.фон Гумбольдттың «оның табиғатының терең мәнінде алуан түрлі жекелікке арналған құрал болуға мүмкіндік жасайтын» пікірі дұрыс болып табылады [8, 165].

алуан құбылтып сөйлеуіне тура келеді. Мұндай қатым-қатынастың басым көпшілігі табиғи түрде іске асады. Ұлттық тілдің жоғарыда атап өткен қай өмір сүру формасында сөз саптауды таңдауы кейде тіл тұтынушысының тәрбиесіне, біліміне, кәсібіне, жынысына т.б. қарай дағдылық сипат алуы да мүмкін. Мысалы, тіл тұтынушысы бір жағдайда өзін әңгімелесушімен тең жағдайда ұстап сөйлесе, енді бірде өзін одан жоғары, басым ұстауы, кейде оған тәуелді болуы да мүмкін. Жалпы адамдар қоғамда бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда әр алуан әлеуметтік рөлдерде болады. Үйде әке – бала; күйеу – әйел рөлдерінде, жұмыста бастық – бағынышты – қызметкер, жұмысшы рөлдерінде, дүкенде сатушы – сатып алушы рөлінде, емханада дәрігер – емделуші рөлінде, білім беру ұйымында мұғалім – оқушы, оқытушы – студент рөлдерінде т.б. тілдеседі.

Осындай әлеуметтік рөл түрлері сөйлеу мен сөз саптау дағдысының ерекшелігін танытады. Айталық, бала әкесімен құрдасындай сөйлеспейді. Сондай-ақ студент пен оқытушының, дәрігер мен емделушінің, бастық пен бағыныштының сөз саптаулары қалалық көліктегі таныс не таныс емес адамдардың сөйлесулеріндей болмайды [1, 10-11].

Сол сияқты мұндай тілдік қарым-қатынас жағдайларында ұлттық менталитет, халықтық сөз саптау дәстүрі де сақталып отырады. Мысалы, қазақ ұлты, жалпы түркі халқы, жасы үлкен кісіге «сіз» деп жіктік жалғауының сыпайы түрін қолданса, Швецияда, сондай-ақ Еуропаның көптеген елдерінде үлкен кісіге де «сен» деп айту қалып-

тасқан. Қазақта «сіз» деп сөйлеу ұлттық тәрбие мен тәртіп бойынша жасы үлкен адамды сыйлап құрмет көрсетудің қалыптасқан тілдік нормасы болса, швед тілінде керісінше, жасы үлкен адамға «сіз» деп сөйлеу оны жасы үлкен болған соң күш-қуаты кеміген, жарамсыз деп кемісіту болып көрінеді.

С.Г.Тер-Минасова белгілі бір тіл өкілінің жеке тұлға ретінде қалыптасуына тілдің тек лексикалық жүйесі ғана емес, тілдің барлық құралдары ықпал ететінін айта келіп, грамматиканың ықпалы ретінде осы жіктік жалғауының түрлі тілдердегі қолданылуы туралы мәліметтер береді. Мысалы, орыс тілінде жіктік жалғаудың «сіз» нұсқасы тілдік қолданыста әрі сыпайылық мәнді, әрі көптік мәнді білдірсе, ағылшын тілінде бұл сөзді ешқандай құбылтуға келмейді, өйткені таңдауға мүмкіндік жоқ. Оларда «сен» және «сіз» жіктеу есімдіктерінің орнына бір ғана «you» нұсқасы қолданылады. Бұл тілде мұғалім оқушысымен, оқушы мұғалімімен, генарал жауынгермен, жауынгер генаралмен – барлығы бір-бірімен сөйлескенде, осы «you» лексемасын кеңінен пайдаланады. Олар мұны сөйлеу арқылы көрінетін демократия деп санайды. [2, 188-189]. Тілдің осылайша қолдану ерекшелігін әлеуметтік лингвистика ғылымы «тілдің әлеуметтік жіктелуі» және «тілдің әлеуметтік саралануы» деп атайды.

«Тілдің әлеуметтік жіктелуі» деген ұғым өз бастауын әлеуметтану ғылымындағы «әлеуметтік стратификация» дейтін теориядан алады. «Стратта» деген - геология термині, ол жердің құрылымындағы қабаттарды анықтауға байланысты қолданыл-



са, әлеуметтануда қоғамның құрылымын, әлеуметтік жіктерін анықтау мен топтауда пайдаланылады. Ал әлеуметтік лингвистикада қоғамдағы топтар мен жіктердің қолданысындағы тілдік ерекшеліктерге қатысты айтылады [3].

Ал қоғамның әлеуметтік құрылымының тіліндегі көрінісі **тілдің әлеуметтік саралануы** деп аталады. Айталық, қоғамда әрбір сөйлеуші адам жасына, туған жеріне, тәрбиесіне, біліміне, әлеуметтік және кәсіби ерекшеліктеріне, жынысына қарай т.б. жіктеледі. Соған сай тіл де таңдалып, талғанып, қолданылады, сараланады.

Тілдің әлеуметтік саралануы дегеніміз - әртүрлі әлеуметтік немесе аумақтық жағдайлардың нәтижесінде тілдік әртүрліліктің пайда болу үдерісі. Ол жоғарыда айтып өткендей, алдымен лексикадан, одан соң тілдің барлық құрылымынан байқалады.

Тілдің саралана өмір сүруі қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтарға қызмет ететін арнайы функционалды-коммуникативті жүйелерінің дамуынан айқын көрінеді. Бұл тілдің аумақтық және әлеуметтік диалектілерге, әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілі, койне, пиджин, креоль, жаргон мен арго секілді көптеген өмір сүру формаларының шығуына, бөлектене дамуына әкеледі. Осы барлық формалар адамзат қоғамының тарихи даму кезеңдеріне және белгілі бір тілдің өмір сүруінің әлеуметтік-тарихи жағдайларына қарай әрқалай түрленеді. Бұлар өздерінің қоғамда қызмет ету аясымен, ішкі құрылымдық дамумен, әмбебаптығымен өзгешеленеді.

Тілдің әлеуметтік саралану мәселесінің зерттелуі әлемдік тіл білімінде бұрыннан келе жатқан дәстүрге

ие. Оны көбіне **И.А.Бодуэн де Куртенэнің** «көлденеңнен» алғанда аумақтық және «тігінен» қарастырғанда таза әлеуметтік саралануы деген тіл бөлінісі туралы тезисінен басталады дейді. Бұл мәселеге ХХ ғасырдың үшінші ширегінде Француз әлеуметтану мектебінің танымал өкілі А.Мейе, атақты швейцариялық лингвист Ф. де Соссюрдің шәкірттері А.Сеше мен Ш.Балл және Ж.Вандриес (Бельгия), В.Мацзиус пен Б.Гавранек (Чехословакия), Э.Сепир (АҚШ), Дж.Ферс (Англия) және басқалар назар аударды. Осы мәселені зерттеуге ресейлік тіл мамандары — Е.Д.Поливанова, А.М.Селищева, Р.О.Шор, Л.П.Якубинский, Б.А.Ларина, В.М.Жирмунский, М.Н.Петерсон, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, М.М.Бахтин және басқалар айтарлықтай үлес қосты. Нәтижесінде түрлі тілдер (ағылшын, француз, неміс, орыс т.б.) материалдары бойынша көптеген еңбектер жазылды [4,92].

Ал бұл мәселенің қазақ тіл білімінде қарастырылуы қандай деңгейде? Қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік саралануы жеткілікті зерттелген деп санауға бола ма? Қазақ тілінің әдеби тілі, ауызекі сөйлеу тілі, диалектілік ерекшеліктері, қала тілі, жаргондар мен арголар, сленгтер, ерлер мен әйелдер тілі, қазақ тілінің қазіргі интернет тілі, әлеуметтік желі тілі ретіндегі қызметі, кәсіби тіл түрлері, қазақ тілінің қазіргі жағдайдағы әртүрлі мүдделер ортақтығы, хоббиі бойынша біріккен адамдар тобының тілдік ерекшеліктері жөнінде қандай зерттеулер бар?

Тілдің саралануы мәселесі жоғарыда айтылғандай әлемдік тіл біліміндегідей қазақ тіл білімінде де сол өткен ғасырдың басынан бастап қарастырылып,



оның өзіндік себептері мен ішкі, сыртқы факторлары айқындалып, зерттелген. Мәселенің қазақ тілі материалы негізінде сөз болу жағынан алсақ, ол **А.Байтұрсынұлы** еңбектерінде жоғарыда айтылған ғалымдардан мерзімі жағынан ертерек қарастырылғанын көруге болады. Дәлірек айтсақ, бұл А.Байтұрсынұлының 1913 жылы Шора журналының №4 санында жарияланған «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласында баяндалады. Сол еңбегінде бүгінгі қолданысымыздағы **«тілдің саралануы»** дегенді қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы **«тілдің басқалануы»** деп атайды. «Бұл күндері адамдардың сөйлейтін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады. Қанша қадалып қарасақ та, көзіміз оған жетпейді. Қай тілдің де болса қайдан шығып, қалай ғұмыр шеккенін ешкім анық білмейді. Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап немесе жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгермеген тіл жоқ: я азып өзгерілген, я асып өзгерілген, ел бұтақтап өскен сайын, тіл де бұтақтаған», - деп тілдің саралануын қоғам, ел дамуымен байланыстырады [5, 395].

Одан әрі қарай тіл білгірі тілдің басқалануына мысалды әріден, түркі тілдерінің даму тарихынан алып түсіндіреді: «Біздің түркі тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап, өскенде, тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әртүрлі

бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әртүрлі халықпен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінің түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған...» [5, 395].

Одан әрі ұлт ұстазы тілдің саралануының негізгі себептері деп төмендегідей жайттарды көрсетеді:

- 1) халықтардың өзара қарым-қатынаста болуы;
- 2) тілдердің араласуы, яғни бір тілге екінші тілдің сөздері мен жат дыбыстарының енуі;
- 3) өзге тіл жазуының әсері.

Ал тілдің саралануына жол беретін өзі көрсеткен жоғарыдағы факторлардың қазақ тілінде сол заманда болмағандықтан қазақ тілі өз табиғатын сақтап, таза күйін бұзбай, асыл тіл күйінде қалған. «Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жайылмаған түрік баласы – қазақ. Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тілі өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ; қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қа-

зақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ...» [5, 395].

Міне, бұл қазақ тілінің өткен ғасырдың басындағы жағдайы. Мұнан шығатын қорытынды шаруашылықты басқару мен оны ұйымдастыратын экономикалық институттар, қоғамды билеу және басқару қызметтерін жүзеге асыратын саяси институттар, ғылым мен білімнің, өнердің дамуына және қоғамдағы моральдық құндылықтарды қолдауға ықпал ететін рухани саланың институттары және әлеуметтік жүйенің негізгі және маңызды саласы болып саналатын отбасы институты қазақ қоғамының бірлесіп өмір сүруінің қалыптасқан тұрақты формаларын қалыптастырды.

Сол әлеуметтік институттардың көмегімен адамдар арасындағы қарым-қатынастар белгілі бір тәртіп пен стандарттарға келтіріліп, олардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеліп отырады. Соның нәтижесінде тұтас қоғам өмірі дұрыс ұйымдастырылып, оның тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Тілі де өзге тілдер сияқты жік-жікке бөлінбей, Қазақ елін бір қылып, қоғамын бірлестіріп, өз сөйлеушілерінің басын қосып, бір текті мәдениет тұрғызуға қызмет етті.

Тілдің саралануына мүмкіндік беретін жазу жүйесін жасау мен баспасөзді бұқаралық етуде, өзге тілден сөз алудың қағидаттарын бекітуде басқаларға қарағанда өзгеше ұстанымда болды. Олар әрдайым халық бұқарасымен бірге болып және баспа жұмыстары барлық сауатты қазақтарға және олар арқылы сауатсыз адамдарға қолжетімді болуына бағыттады. Білімге деген қызығушылықты ояту және

шындық болмысты дұрыс түсіну үшін оны санамен қуаттандыру үшін бәрін алуға жоспар құрды. Осыған байланысты бұрын халықта болмаған ұғымдар мен идеяларды қазақ сөздері мен сөз тіркестеріне киіндіру арқылы ана тілінде беруді қолға алды.

Осы орайда олар академиялық тілімізге бірыңғай терминологияны жасау үшін нақты қағидаттарды белгіледі. Ол 1924 жылдың маусым айында Орынборда өткен Қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезде мақұлданып, қабылданды. Бұл біз қарастырып отырған тақырыпқа қатысты болған соң, сөзіміз дәлелді болуы үшін мысалы келтірейік: «Для терминов предпочитательно перед другим брать казакские слова с вполне соответствующим данному понятию значением. Это делается во избежание расслоения языка, т.е. для того, чтобы не получился язык верхов и язык низов, или, вернее, язык грамотных и язык неграмотных. Для нас, казаков это имеет весьма важное значение: процент грамотных у нас незначителен, организованных общественных чтений и лекций для населения у нас пока не имеется, как слушатели, так и чтецы у нас в полном смысле случайные. Для того, чтобы чтение газет, журналов, брошюр и т.п. произведения печати, где бы и кем бы не производилось, могло принести пользу, язык должен быть понятен для широкой публики. Только при таком положении незначительный процент грамотных людей может обслужить значительное количество неграмотных» [6, 422-423]. Міне, бұл тілдің саралануына жол бермеу үшін, яғни жоғарыдағылар және төменгілер тілі немесе сауаттылар және сауатсыздар тілі пайда болмас үшін жасалған саналы әрекеттің көрінісі.



Бұл дәстүр А.Байтұрсынұлы заманына дейін, дәлірек айтсақ, 30-жылдардың екінші жартысына дейін, қаз-қалпында жеткенін оның мына сөзі растайды: «20-шы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас [5, 399].

Сол заманда өздеріне дейін азбай асыл қалпында келген қазақ тілін саналы түрде жоспарлап дамытуда Алаш ардақтылары басты-басты әлеуметтік лингвистикалық мәселелерді қолға алған. Алдымен қазақ тілінің табиғатын фонетикалық және грамматикалық жағынан зерттеу жұмыстарын жүргізіп, фонетикалық талаптарға сәйкес әліпбиді реформалап, грамматиканы құрастырды. Осының арқасында қысқа уақыт ішінде қазақ тілі өзін-өзі саналы түрде басқаруға мүмкіндік беретін өңделген белгілі бір түрді қабылдай бастады.

Бір тілде сөйлейтін адамдардың арасына жік түсіп, сол тілдің екінші бір өмір сүру формасына ауысуы не

өзге тілдің ықпалына түсуі қоғамдағы мәдени және саяси өзгерістердің болуына тығыз байланысты. Бұған әсіресе мәдениеттің ықпалы өте зор.

Қазіргі заманғы мәдениет, – дейді А.Байтұрсынұлы, – бұл бір ұлттың немесе нәсілдің қалыптастырғаны емес, бүкіл адамзаттың ұмтылыстары мен дағдыларының жиынтық нәтижесі. Мәдениетте, әр ұлттың өзіндік туындыларынан басқа, кірмелік бар және олардың мәдениеттерінің араласуына достық және дұшпандық жағынан ерекшеленетін қатынастар әсер етеді. Кірмелік бір ұлтты екінші ұлттың бағындыру кезінде де, бір-бірімен бейбіт жолмен қатынасу кезінде де болады. Мұндайда діннің, әдет-ғұрыптың, моральдың, қоғамдық ұйымның, бейімділіктің, инстинкттердің, психологияның және т. б. ұқсас формалары кірмелік пен мәдениеттердің араласу үдерісін жеңілдетеді [5, 419-420].

Мұнда біздің мәдениетті жағымды мағынада ғана ұғынып, оның тек оң ықпалына назар аударып, кесірі тиетіндігіне көңіл бөлмейтініміз ескертілген.

** Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты).*

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. – Алматы, 2016. –248 бет.
2. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 320 бет.
3. Жүсіпова А.Д., Икенов А.И. Әлеуметтану негіздері. – Алматы, 2004.
4. Беликов В.И., Крысин Л.П. Социоллингвистика. – Москва, 2001.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушыларға // Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 бет.
6. Первый всесоюзный тюркологический съезд 26 февраля- 6 марта (стенографический отчет) Общество Обследования и Изучения Азербайджана Баку, 1926 // Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 бет.





БИЯРОВ БЕРДІБЕК НҰРАЛДАҰЛЫ

*С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дың
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты*

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ЛАУАЗЫМ АТТАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көне түркі ескерткіштеріндегі антропонимдердің тағы бір ерекшелігі есім мен лауазым атының, лақап есімнің араласып жатуында. «Улут-кем» мәтініндегі Чочук Бөрі Саңұн есіміндегі Чочук (бала) Бөрү ол адамның есімі немесе лақап есімі болса, Саңұн «қолбасшы» мәніндегі лауазым аты. «Айыртама-Ой – 4» ескерткіштегі Чур/Чор әскери лауазымнан жасалған лақап есім болып табылады. Көне мәтіндердегі лауазым, титул, шен аттарын адам есімінен ажырату мүмкін болмағандықтан, бұл мақалада лауазым аттары антропоним элементтерімен бірге қарастырылып отырады.

Түркілердің көптеген лақап есімдері мен лауазым, шен терминдерін қытай, санскрит (парсы, соғды) тілдерінен алып отырғаны да дәлелденген (Махпиров, 1997,135). Татпар қаған есімі санскрит тілінен шықса, Мұқан қаған есімі араб тілінен парсы арқылы келген муһһан «құл, дәйеші» сөзінен жасалады (Жанұзақ,2007,413). Бұл кірме есімдер көне түркілердің соғды-иран елдерімен тығыз байланыста болғанын білдіреді. Қаған түркілердің ең жоғарғы дәрежелі лауазым аты екені белгілі әрі ке-киан «басшы» түрінде қытай тілінен енген лауазым аты екені белгілі. Ниуар қаған есімі сол дәуірдегі түркі қоғамына ене бастаған буддизмнің әсерімен санскрит тілінен шығатын нирвана «будда жұмағы» сөзінен жасалған деп пайымдаймыз (Дхаммапада, 1993,55). Ниуар/Нивар/Нирвана.

Көне түркі есімдерінде бірнеше әскери шеннің қабаттасып келуі жиі кездеседі және ол титулдар адам дәрежесінің өсу жолын көрсетіп тұрады. Мәселен, Құтлұқ Тархан Сеңұн есімінен, біз, Құтлұқ атты адамның алдымен тархан дәрежесін алғанын, кейін қолбасшылыққа дейін (сеңұн) өскенін көре аламыз. Бұл дәстүрді атаққұмарлықпен шатастырмау керек, бұл дәстүр түркі халқы-

ның жауынгерлік сипатынан шығады да, дәреженің өсуіндегі негізгі қозғаушы күштің бірі болып табылады.

Мақаладағы жалқы есімдер С.Е.Малов, А.С.Аманжолов, Қ.Сартқожаұлы, Н.Базылхан аудармалары бойынша алынды.

Ақұншы. Ақұншы сөзінің түбірінде көне түркі. ағұн «тәубеге келу, арылу» (ДТС,1969,24) сөзі жатыр және -шы (кәсіп пен бейімділікті білдіретін жұрнақты) қабылдаған: Ағұншы/ақұншы «тәубеге келуші» (бәлкім: сопы – Б.Б.) деген діни мағына береді.

Баға соғды тілінен енген титул аты (ДТС,1969,77): баға тарқан «аға, үлкен тарқан». Мұндағы баға соғды. «жоғарғы, аға, үлкен» мәнді титул екені басы ашылған нәрсе. Атақты Тоңұқұқ кейін Түйұқұқ Бойла Баға Тархан лауазымына ие болады. Мұндағы бойла, Менгестің айтуынша, «ірі шенеунік, ру басы» лауазымы болып табылады (Махпиров,1979). Сонда, «ірі ұлұқ, аға тархан Түйұқұқ» болып шықпақ.

Бакши, дұрысы Құмаш Бақшы болады және мұндағы Құмаш көне түркі. құмарұ/құмар «мұра, өсиет» сөзінен еркелету мәнде жасалған есім болуы мүмкін (ДТС,1969,465). Құмаш есімі қазақ антропожүйесінде күні бүгінге дейін қолданылып келеді және көне қазақ тіліндегі құмаш «асыл кездеме (бұл)» сөзінен жасалуы да ықтимал (Қайыржан,2013,267). Орыс тіліне кумач «қызыл түсті мата, қағаз мата» мағынасымен енген түркізмге жатады (Шипова, 1976,206-207). Ал Бақшы қытай. бо-ши «ұстаз, тәрбиеші» сөзінен жасалған лауазым аты (ДТС,1969,82).

Бек/Бег. Элегеш-3 тасындағы мәтінде Бек Тархан Өге Тіріг (Н.Базылхан) / Бег Тархан Өге Тириг. (И.В.Кормушин) күрделі антропонимі кездеседі (3-жолда). Мұндағы бек/бег «билеуші, көсем, князь, мырза» мағынасындағы дәреже аты (ДТС,1969,91). Алайда бек/бег нақты титул, дәреже, шен емес, түркі ақсүйектеріне тән атау деген пікір де бар (Махпиров,1997,131).

Бойла Құтлұғ Йарған есіміндегі Бойла, Менгестің айтуынша, «ірі шенеунік, ру басы» лауазымы болып табылады (Махпиров,1979). С.Е.Малов құтлұғ йарған тіркесін жалқы есім емес, «высокий судья» деп аударады (Малов,1952,85). Біз бірінші компонентін лақап есім (Құтлұғ), екіншісін титул (йарған) деп есептейміз. Ал Құтлұғ көне түркі. құтлұғ «құтты, құт әкелуші» мәнді сөзі екені айтылды.

Бөлән, дұрысы Бөлән, түпүт (тибет) елінен келген елшінің лауазым аты деп көрсетіледі «Көне түркі сөздігінде»: тибет. бод-блон, титул (ДТС,1969,117). Алайда қандай дәрежені білдіретін титул екені белгісіз.

Бұйрық басы Ынанчұ Баға тархан есіміндегі Бұйрық – лауазым аты. Көне түркі. бұйыр «жарлық бер» + ық (сөзжасам жұрнағы) арқылы жасалып, «бұйрық беруші адам» мағынасында жалқы есім тудырады (ДТС,1969,121). Бұйрықтар қағанаттың әр аймағын басқарып, әкімшілік міндеттер атқаратын болған (Махпиров,1997,130). Бұйрық басы айқындауышы арқылы Бұйрықтардың басы (аға бұйрық) болған адам екенін білеміз.

Елтебер қарлұқтардың ең жоғары лауазымы болған және А.Н.Кононовтың айтуынша ел + тебер/тегер «жету, жеткізу» сөздерінен жасалады (Коно-

нов,1980,102). Біздің ойымызша, теб/тег түбір алмасуы күмәнді, сондықтан ел «ел, халық» + тебре «қозғау, қимылдату» сөздерінің бірігуімен жасалу мүмкіндігі бар (ДТС,1969,546). Сонда, Елтебер «елді қозғаушы, алға бастаушы» деген ұғым береді.

Елчі. Елчі/елші сөзінің антропонимге қатысы жоқ, ол оның қызметін көрсетіп тұр: елші «ел мен елдің арасында келіссөз жүргізетін адам және ел билеуші» (ДТС, 1969, 181).

Ен – Ен Ұз есімінің бірінші сөзі ен көне түркі тілінде бірнеше мағына береді. Соның кісі есіміне сай келетіні ен титул атауы (ен ынанч тұтұқ) (ДТС, 1969, 173). Бұл қазіргі тіліміздегі күшейткіш үстеуі «ең» болуы ықтимал. Ал Ұз түбір сөзі де көпмағыналы және оның бір мағынасы, жалқы есімге сәйкесетіні «шебер, тәжірибелі, өнерлі» мағынасы деп ойлаймыз (ДТС, 1969, 620). Сонда Ен Ұз «ең шебер» деген лақап ат болып шығады.

Еркін. Еркін/іркін деген қарлұқтарға тән титул. Кононов еркін сөзін ер «еркек» + кін (жинақтық, көптік мәнді қосымша) тұлғаларына жіктейді (Кононов,РТ,100). Біздің ойымызша, М.Қашқари берген мына анықтама еркін/іркін лауазым атының мағынасын ашатындай: іркін «іркілген. Жиналған, іркілген нәрсенің бәріне «іркін» сөзі қолданылады. Қарлұқтардың ірілерге, үлкендерге «Көл іркін – Іркілген көл» дейтіні де осы сөзден шыққан. Бұл «ақылы көлдей іркіліп, жиналып толған» деген мағынаны білдіреді (Қашқари,1997,138-139). Ғұлама ғалым өзі көзбен көріп, құлақпен естіп жазғанына сенуден басқа амал жоқ. Ақылы, тәжірибесі толған адамды еркін/іркін сайлап, ел тізгінін беретіні де рас, сонымен бірге, бытырап кеткен руларды бір жерге жинап, басын қосып, ел қылған адамға да еркін/іркін лауазымы лайық келетінін қосқымыз келеді.

Йабғұ/жабғұ батыс түріктерінің лауазым аты, «бас уәзір» дәрежесін білдіреді (ДТС,1969,222). Елетміштің жабғұ дәрежесінде болғанын білеміз.

Йамтар/ямтар есімі көне түркі. йам «бұйырық беруші, бастық» (Баскаков,1985,41) + тар «сал (паром)» (Қашқари,1997,207) сөздерінен бірігіп жасалуы мүмкін. Йамтар «өткелдегі салды басқарушы» мағынасында тұруы ықтимал. Сонда, Тұддүн Йамтар «аймақ және сол аймақтағы өткел салының басшысы» ұғымын тудырады.

Йарған көне түркі. йарған «жендет» сөзінен жасалып, «жендет, жаза, үкімді орындаушы» лауазымын білдіреді (ДТС,1969,240). Бойла Құтлұғ Йарған «ірі шенеунік, құтты жазалаушы» мағынасын береді. Шығыста, мәселен, жапон самурайларының арасында осындай құрметті лауазым болғаны, оған ең шебер қылышкерді тағайындайтыны тарихтан белгілі. Бұл жерде йарған лауазымы тікелей жендетті емес, «үкім шығарушы (қазіргіше прокурор)» дегенді білдіріп тұр.

Йелгек көне түркі йел «аттың желуі» + гек (бейімділікті білдіретін жұрнақ: қаш-қақ үлгілес) тұлғаларынан жасалып, йелгек/желгек «желіп, шауып жүруші хабаршы не барлаушы» мағынасында қолданылған. Көне түркі. йелме «жылдам қозғалатын әскери топ, барлаушы топ» және йелкін «желуші, шабушы», «саяхатшы» (ДТС,1969,254) сөздерінің қатарынан шығады.

Қаған түркілердің ең жоғарғы дәрежелі лауазым аты екені белгілі және көптеген тілші-ғалымдар (Рамстедт, Дерфер, Габаин, Кононов, Баскаков т.б.) қаған титулы қытай. ке-киан «ұлы әмірші» лауазым атынан шығатынын айтады (Махпиров, 1997, 127). Бір ғажабы, Енисей ескерткіштерінде қаған титулы айтылмайды, көбінесе хан лауазымы кездеседі. Ал хан титулы да қытай. киан/kwan «әмірші» сөзінен енген деген пікір басым (сонда). Соған қарағанда, қаған титулы Көне Түркі қағанаты кезінен бастап белсенді қолданыла бастаған тәрізді.

Қара. Қара сөзі туралы М.Қашқари қара «хақанның хандары қара деп аталады. Бұғра қара хақан деген сияқты» деген анықтама береді (Қашқари, 1997, 301). Бұл Қарахан мемлекетінің билеушілеріне тән лауазым аты екенін және қара көне түркі. «ұлы, күшті» деген мағына беретінін (ДТС, 1969, 424) В.Махпиров өз еңбегінде келтіреді (Махпиров, 1997, 154). Алайда «Көне түркі сөздігінде» қара сөзінің «ұлы, күшті» деген мағынасы кездеспейді. Біздің ойымызша, мұндағы қара көне түркі. «билікке бағынатын қара халық, (будун)» (ДТС, 1969, 423) мәнінде қолданылатын сияқты: Қарахан «қара халықтан шығып хан болған» деген ұғым тудырады. Қарахан мемлекетін құрған адам қаған әулетінен шықпауы мүмкін. Кейін қара олардың тегін білдіретін лауазым атына айналған. Қара Барыс антропонимі «қарадан шыққан әрі барыстай мықты адам» деген мағынаны білдіреді. Ал Оғұл Барыс «ұл, бала Барыс» мәнінде тұрғаны анық (ДТС, 1969, 364).

Қаршы. Қаршы көне түркі. «хан ордасы, хан сарайы» (Қашқари, 1997, 1-т, 483) мағыналы сөзінен жасалып тұр: Сарай антропонимі сияқты. Хан сарайының қызметкері болуы да ықтимал.

Оң тұтұқ есімнен гөрі лауазым атына ұқсайды, өйткені қытай. оң «ван, князь» шенін білдірсе, қытай. тұтұқ «аймақтың әскери басшысы» лауазымын білдіреді (ДТС, 1969, 367).

Саңун/Сангун/Саңұн – Шығыс Азияға кеңінен таралған титул. Саңұн сөзі қытай тіліндегі цзянцзюнь титул атынан шығатыны дәлелденген (ДТС, 1969, 485). Саңун түркі тіліндегі «қолбасшы» лауазымына сәйкес келеді. «Барлық-3» ескерткішінде Апа Саңун «бас қолбасшы» түрінде жазылған. Саңун/Сангун/Саңұн/Сағұн/Сегун нұсқаларында қолданылған.

Тамғашы. Оғыз Білге таңбашы «оғыз елінен келген Білге таңбашы» дегенді білдіреді. Білге лақап есім, титул ретінде кеңінен тарағандықтан, алдына анықтауыш (оғұз) қосып жазбаса болмайтыны белгілі. Тамғашы/таңбашы «мөр сақтаушы» лауазымы. Күлтегін қайтыс болғанда бұл елдерден бірінші басшы емес, олардың хатшылары (таңбашылары) келген деп ұққан дұрыс болады.

Тархан – титул (ДТС, 1969, 538) және билеушінің титулы (Қашқари, I, 436). Тархан әскери шен аты ретінде ғұн, түркі, хазар, бұлғар т.б. елдерде қолданылған. Бір ғалымдар қытай тілінен енген титул (Н.Баскаков) десе, енді бір зерттеушілер иран тілінен енген дейді (Габэн) (Махпиров, 1997, 129). Ал Ю.А.Зуев тархан сөзінің түркі тілінің аясында этимологиясы ашылмайтынын және бұл терминнің әуелгі әлеуметтік қызметі де түсініксіз екенін айта келіп, В.И.Абаев-

тың бұл терминді скиф (алан) тілінен шығаратынын атап өтеді: скиф. тарк-ана «қолбасшы» (Зуев, 1998,153).

Тегін – түркі әлеміне мәлім титул. Оның мәшһүр болуы, әрине, атақты Күл тегіннің атымен байланысты. Тегін кейінгі «ханзада», «сұлтан» лауазымдарымен теңдес. Шад пен тегін терминдері қағанның тікелей ұрпақтарына берілетін болған (Махпиров, 1997,128). Тегін титулы қытай тілінен енген және қыт. тек «өте жақсы», «атақты» «биік» + him «адам» сөздерінен бірігіп жасалған дейді зерттеушілер (Баскаков, 1985).

Теңіркен. Теңіркен көне түркі. «Тәңірге құлшылық етуші білімдар. Мұсылман болмаған түркілер тілінде» деген мағынада қолданылған (Қашқари, 1997,517). Тәңір дінін ұстанған түркілердің діни қызметкері болғаны анық. Баға Теңіркен, сонда, «Аға Теңіркен» дегенді білдіріп тұр.

Тойхан Ұлық Тархан есімінің бірінші сыңары Тойхан көне түркі. той «халық, ел, топ» (ДТС,1969,572) сөзі мен көне түркі. хан «қаған, әмірші» (ДТС,1969,417) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Сонда, Тойхан, тура мағынасында, «Елхан» дегенді білдіреді. Бұл ол адамның нақты есімі болуы да, кейін, таққа отырған соң, алған лақап есімі болуы да мүмкін. Екінші жағынан, бұл есім кең тараған тойхун/тойғун «будда дінінің сопысы» лауазым атымен байланысуы да ықтимал.

Төлес Шад есіміндегі Төлес көне түркі. төліс «шығыс қанат (тарап)» сөзінен шығып, Қағанаттың шығыс бөлігін мекендеген тайпалардың жалпы атына айналған, сондықтан «Көне түркі сөздігінде» этноним деп көрсетеді (ДТС,1969,579). Шад иран. шад «ұлы әмірші» лауазымының аты, көбінесе, Шығыс қанаттың басшысына берілетін титул болған және осы Төліс/Төлес шады қаған болуға бірінші үміткер ретінде танылған (Махпиров,1997,129).

Туйғын Елтебер, дұрысы Тойғун Елтебер, есіміндегі Тойғун сыңары көне түркі. той «орда жайы, қосын ордасы» (Қашқари,1997,198) + ғун (зат есім жасайтын жұрнақ) тұлғаларымен жасалып, «ордабасы, сарай қызметкері» лауазымын білдіреді. Ал Елтебер лауазымы туралы жоғарыда айтылды.

Тұғрағ. Тұғрағ сөзі көне түркі тілінде «ханның мөрі, жарлығы» деген мағына берген (ДТС,1969,584). Олай болса Тұғрақ есімі, «ханның мөрін сақтаушы, хатшы» лауазымынан шығады деген сөз. Түркі антропологиясында лауазым аты кісі есімі орнына қолданыла беретіні заңды құбылыс болып табылады.

Тұтұқ/тұтық – титул. «Көне түркі сөздігінде»: «Тұтұқ – қыт.дуду, to-toq, тутук лауазым аты, облыстың әскери басшысы, титул» деген түсініктеме берілген (ДТС, 1969. 594). Тұтық титулының түбірінде тұт, тұту «ұстау» деген түркі сөзі жатыр дегіміз келгенімен, тарихи дерек бұлтартпайды. Бұл, өз кезегінде, «ғылымда эмоцияға орын жоқ» дейтін қағиданы растай түседі. Түркілердің көптеген лауазым, шен терминдерін қытай, соғды тілдерінен алып отырғаны да дәлелденген (Махпиров, 1997,135).

Ұлық Бұйрық Тоғыз есімінің бірінші сыңары Ұлұқ көне түркі. ұлұқ «әкім, төре» сөзінен шығады, ал Бұйрық «жарлық беруші» лауазымы екені жоғарыда айтылды. Мұндағы Тоғыз көне түркі. тоқұз «сан есім тоғыз» (ДТС,1969,578)

сөзінен жасалған антропоним болып табылады. Ұлық Бұйрық Тоғыз есімі «әкім, төре бұйрық Тоғыз» мәнінде тұр.

Чабыш. М.Қашқари сөздігінде шабұш «соғыста әскер сапын түзететін, жайшылықта әскерлерді елге зиян, зұлымдық істеуден тежейтін, қадағалайтын басшы» деген сөзден шығатыны келтірілген (Қашқари,1997,425).

Чаңшы<чаң қытай тілінен енген: 1. чаң «барабан тәрізді музыкалық аспаптың аты», 2. чаң «лауазым аты» сөздерінің бірінен жасалып тұрғаны анық (ДТС,1969,139). Біздің ойымызша, Чаңшы бірінші мағына бойынша «барабаншы, чаң аспабында ойнаушы» мәнін береді, өйткені оның алдында Ұз «шебер, бейімді» деген анықтаушы тұр. Сонда Ұз Білге Чаңшы «шебер, ақылды, барабаншы (музыкашы)» деген ұғым тудырады. Ал тағы бір мағынасы белгісіз әскери лауазым аты болатын чаң сөзі бар: Чаң Сеңүн (КТ,53).

Чұр/чор сөзін барлық түркітанушы-ғалым титул, дәреже деп таниды (Батманов, 1971,52). Мағынасына келгенде, бірде санскрит-парсы-иран тілінен енген чор «жауынгер, батыр» мәнді сөзі дейді, бірде қытай тілінен енген дейді (Махпиров,1997,130). Қалай болғанда да, «сардар» мағыналы әскери шен екені даусыз.

Чең сеңүн/Чаң сеңүн табғач қағанының шықаны (қайнағасы не балдызы) болғандықтан, есім мағынасы қытай тілінен ғана ашылады. Чаң қытай. лауазым аты «генарал» атағына сәйкес келеді. Сеңүн/сағұн қытай. «қолбасшы» титулы екені мәлім.

Чолуған. Сағыр-чолуған есіміндегі Сағыр көне түркі. сағыр «түбі тар, аузы кең ыдыс. Ішінде ішімдік сақталады» (Қашқари,1997,467) сөзінен шығуы мүмкін, өйткені ыдыс-аяқ аттары жалқы есім жасай алады: Құман, Табақбай, Қазан (топоним) т.б. Ал чолуған көне түркі. чолұғ «отбасы, әулет» (ДТС,1969,152) + ан (меншікті білдіретін жұрнақ) тұлғалары арқылы жасалып, чолуған «әулетбасы, отағасы» деген лауазым аты болып табылады. Сонда, ескерткіш мәтінінде Сағыр чолуған «Сағыр әулетбасы» өз әулетімен шабуыл жасады деген ұғым туады.

Чігші. Атаудың екінші сыңары Чікшін/Чікшен туралы В.У.Махпиров: «Чігші – кең тараған антропокомпонент: Батұр Чігші, Күл Чігші, Чік Білге Чікші», - дейді де, түбі қытай титулына барып тірелетінін атап көрсетеді (Махпиров, 1997,188). Екінші жағынан алып қарағанда, көне түркілік жік/чік/шек «шекара» мәнді түбірден жасалатын сияқты (Кайдар,2005,273). Чік+ші «шекарашы», «шекара бекетінің бастығы» лауазымын танытатындай.

Ал тас мәтіндегі Чікшін/Чікшен атауы осы лауазым ба, әлде түркі тектес чік тайпасының атымен байланысатын басқа атау ма, анықтауды қажет етеді: Чік+шен «чік тайпасының жақтаушысы, көсемі».

Шад. Көне түркі ескерткіштерінде жиі кездеседі. Шад иран тілінен енген «ұлы басшы» мағыналы титул және ол қағанның ресми мұрагерін анықтайды. Ол адам аса жауапты әкімшілік, әскери міндеттер атқаратын болған (Махпиров, 1997,128). Шад лауазымы қағанның орнын басатын бірінші үміткерді білдіреді.

Шұбұш. Шұбұш М.Қашқари сөздігінде кездесетін чұбы «қотандықтардың жосынында хақаннан екі дәреже төмен тұрған кісіге берілетін мәртебе ат» сөзінен шығады (Қашқари,1997,306). Мәтінде Шұбұш «оғлан атым» дегеніне қарағанда, чұбы+ш «кішкентай чұбы, болашақ чұбы» мәнінде жас балаға қойылған есім болуға тиіс.

Ынаң/ынан/ынанч. Ынаң көне түркі тіліндегі ынан «сенім», «сенімді, жұрт сенген өкіл (лауазым)» сөзінен шығады, өйткені н/ң дыбыс алмасуы тіліміздің тарихында бар құбылыс: йаңы/йени (Серебренников, Гаджиева, 1986, 69-70).

Ічрекі – Кюч Кыяган ічрекі (С.Е.Малов)/Ічдекі Күч Кыяған (Х.Оркун) күрделі есіміндегі ічрекі сөзіне («внутренний чин») деп С.Е.Малов түсініктеме беріп кетеді. Бұл лауазым аты түркі тілінен жасалғанын В.М.Насилов көрсетеді: ичрә «ішінде», ичрэки «ішкі» (Насилов,1960,19). Хан сарайының ішкі жұмыстарын басқаратын адамның лауазымы екенін барлық ғалым мойындайды.

**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (АР09260070 гранты).*

Әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Оқу құралы. – Алматы, Санат, 1996. – 128 бет.
2. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. Алматы: Мектеп, 2003.
3. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Мәдени мұра. 2-том. Н.Базылхан. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
4. Базылхан Нәпіл. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. –Алматы, 2005. «Байырғы түркі өркениет жазба ескерткіштері /2001/» атты конференция. – 528 б.
5. Баскаков Н.А. К этимологии собственных тюркских имен в русских летописях // Теория и практика этимологических исследований. М., 1985. С.30-34.
6. Батманов И.А. Таласские памятники древнетюркской письменности. Фрунзе: Илим, 1971.
7. Древнетюркский словарь. М., Л., 1969.
8. Дхаммапада (перевод с пали В.Топорова). Новосибирск, 1993.
9. Жанұзақ Телғожа. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
10. Зуев Ю.А. Древнетюркская социальная терминология в китайском тексте VIII в. //Вопросы археологии Казахстана. Вып.2. Алматы – М.: 1998. С.153-162.
11. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Арыс, 2005. – 304 стр.
12. Кононов А.Н. О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // Изв. отд. общественных наук АН Таджикской ССР, 1954.
13. Кононов А.Н. Семантика цветообозначения в тюркских языках// Тюркологический сборник 1978, М. 1981. С. 37-74

14. Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013. – 480 бет.
16. Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII – XIV ғғ). – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.
17. Қалиев Б. Өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігі – Алматы: Ана тілі, 1993. – 104 бет.
18. С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2003.
19. С.Қаржаубай. Орхон мұралары. 2-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. Астана, 2012.
20. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.
21. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А-Ә. – Алматы: Ғылым, 1976, -том – 695 б.
22. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.-Л., 1951.
23. Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.
24. Насилов В.М. Язык Орхоно-Енисейских памятников. Москва: Восточная литература, 1960.
25. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Издание 2-е. Москва: Наука, 1986. – 302 стр.
26. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата: Наука КазССР, 1976. – 444 с.



ҚАЛЫБАЕВА ҚАЛАМҚАС

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор



ТАТАР ТІЛІНДЕГІ ЖАЛПЫ ФРАЗЕОЛОГИЯ ТЕОРИЯСЫНЫҢ БАҒАМДАЛУЫ

Қазіргі қыпшақ тобы тілдеріндегі фразеологизмдердің зерттелу сипаты бір деңгейде емес. Атап айтқанда, бұл топтағы тілдердің ішінде қазақ, татар, башқұрт тілдерінде тілдің фразеология саласы өте жақсы зерттелген, қарашай балқар, құмық тілдерінде біршама жақсы зерттелген. Ал, қарақалпақ тілінде бұл саладағы зерттеулер мүлдем мардымсыз болса, ноғай тілінде аталған салада зерттеулер мүлдем жоқ.

Жалпы фразеология мәселесі түркологияда 20 ғасырдың орта шенінен бастап қолға алына бастады. Осыған дейін тіл саласының лексикалық қабатына тиесілі делініп жүрген фразеологизмдер кейіннен ғана тіл ғылымының жеке дербес саласы ретінде танылған еді. Негізінен түркі тілдеріндегі фразеология теориясы І.Кеңесбаев, М.Т.Тагиев, С.Н.Муратов, Бабаевтың, Ц.Б.Будаевтың, Р.Х.Аннаеваның, М.Ф. Чернов секілді т.б. түрколог ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған еді. Бүгінде түркі тілдерінің лексикасы мен фразеологиясын түгел қамту мүмкіндігі бол-

мағандықтан ғалымдар оларды тақырыптық семантикалық топтарына қарай немесе фразеологизмдердің көне түркі фразеологиясына қатысты жекелеген мәселелеріне көңіл бөлуде. Мұның өзін тілдің лексика саласының өте ауқымды келетіндігімен байланыстыруға болады.

Дегенмен лингвистикада бүгінгі күнге дейін туыстас тілдерді соның ішінде жақын туыстас тілдерді түпкілікті деңгейлік тұрғыда типологиялық жағынан салыстыра зерттеу мәселесі фонетикалық, грамматикалық жағынан дұрыс жолға қойылғанымен, лексикалық жағынан кенже қалып келе жатқаны белгілі. Алайда, түркі тілдерінің ішінде дыбыстық, грамматикалық айырмашылықтарға қарағанда лексика семантикалық айырмашылықтардың мол екендігін түрколог ғалымдарымыз айттып жүр. «Между тюркскими языками наблюдается больше лексических и семантических расхождений, чем фонетических и грамматических, это создает большую историческую перспективу лексических и семантических

соотношении тюркских языков, что имеет первостепенное значение при изучении истории тюркских языков и народов» дей келе Щербак бұл салада сөз мағынасын терең әрі жан жақты алдымен жеке тілдің көлемінде әрі қарай туыстас кіші топтардың ішінде қарастыра келе жалпы түркілік деңгейге дейін тереңдей зерттейтін көлемді зерттеулер қажеттігін айтады. Соңғы кездері түркі лексикасын жақын туыстас топтар тұрғысынан жүйелі зерттеулер де бой көрсете бастады. Жалпы түркітанудағы бұл бағыттағы зерттеу ғалым М.Қ.Есекееваның есімімен байланысты. Ғалым түркі тілдерінің шағын біртобын қамтитын қыпшақ тобы тілдеріндегі моносиллабтардың көнетүркі жазба ескерткіштер тілімен байланысын сөз етеді.

Татар фразеологиясы саласындағы байыпты зерттеулер 40-шы жылдары ғана басталды. Негізінен татар тілі фразеологиясының теориясы Г.Х.Ахановтың, Г.Х.Ахунзяновтың зерттеулерінде қалыптасқан. 1954 жылы

Г.Х.Ахановтың «Татар тіліндегі фразеологиялық оралымдар» тақырыбында қорғалған кандидаттық диссертациясы. 1964 жылы Г.Х.Ахунзяновтың «Фразеологиялық оралымдардың стильдік сипаты (Татар тілі материалы негізінде) атты кандидаттық диссертациясы қорғалды. Г.Х.Ахунзянов 1974 жылы «Идиомалар (татар тілі материалдарының негізінде)» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Аталған зерттеулер татар фразеологиясының құрылымы, түрлері секілді теориялық мәселелеріне арналды.

Түркі тілдерінің фразеологиялық теориясына бірқатар үлес қосқан С.Н.Мұратов болды. Ол татар тілі фразе-

ологиялық бірліктерінің семантикалық және стильдік ерекшеліктеріне сүйене отырып, оларды үш топқа бөледі:

1) лексика-фразеологиялық типті идиомалар;

2) сәйкес идиомалар сөйлеуде тек лексикалық бірліктердің стилистикалық алмастырушысы ретінде қызмет ететін фразеологиялық тип;

3) тұрақты фразеологиялық формулалар, фразеологиялық маркалар.

Татар фразеологиясы мен фразеографиясын теориялық тұрғыдан да практикалық тұрғыдан да баға жетпес үлес қосқан ғалым Наки Исанбет. Бұл ғалым татар тілінің фразеологиялық және паремиологиялық қорларының негізгі бөлігін жинап, жүйеге келтірді. Н.Исанбет фразеологизмдерге мынадай анықтама берілді: ФЭ: «асылда бербуттен мәгинә белдерүче, шынбарлықтағы күренешне тесірле, сурәтле һәм сәнгатле иттеп шағылдырушы, семантика һәм синтаксистік яктан тарқалма саудагер тотрықлы сөз тездәсе». Н.Исанбеттің еңбектерінде В.В.Виноградов ұсынған классификация бойынша татар фразеологиялық бірліктерін де үш топқа бөлуге болатыны атап көрсетілген: 1) фразеологиялық адгезиялар; 2) фразеологиялық бірлік және 3) фразеологиялық тіркестер. Н.Исанбет өз еңбектерінде фразеологиялық бірліктердің орналасу мәселелерін қарастырды.

Татар фразеологиясын зерттеушілердің көпшілігінің пікірінше, мақал-мәтелдер идиомаларға жатады. Г.Х.Ахунзянов оларды «афористік идиомалар» деп атайды. Г.Х.Ахунзянов, Н.Исанбет және Х.Ш.Махмутов сияқты ғалымдардың теориялық және практикалық еңбектері тіл байлығының осы

бір бөлігін зерттеуге арналған. Біздіңше бұл паремиологиялық бірліктерді тілдің фразеологиялық қорының бір бөлігі ретінде қарастыруға болады, сондықтан фразеологиялық сөздіктермен бірге бұл жұмыста мақал-мәтелдердің сөздіктері де зерттеледі. Салғастырмалы татар фразеологиясы саласында Р.А.Юсупов, И.И. Ибрагимова, Г.К.Гизатов, Г.З. Садыкова, Г.И. Бичурин секілді ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Татар тілінің фразеологиялық сөздігін жасау саласында да бірқатар жемісті жұмыстар жасалынды. Ең алғаш Л.Жәләй, Л.Т.Мәхмүтова, Н.Б.Борхановалар құрастырған екі сөздік бастырып шығарылды. 1959 жылы Н.Б.Борханова, Л.Г.Мәхмүтова орысша татарша фразеологиялық сөздік шығарды. Орыс және татар тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра қарастыру бойынша көп жылдар бойы профессор Л.К.Бәйрәмова зерттеулер жүргізіп келді. Ғалымның тікелей басшылығымен В.И.Ленин тілінің орысша татарша фразеологиялық сөздігі (1980, Казань), тақырыптық орысша татарша фразеологиялық сөздік (1991), В.И.Ленин тілінің фразеологиялық сөздігі (1991) жарық көрді. Татар тіліндегі мақал мәтелдердің сөздіктерін жасау да назардан тыс қалдырылмаған. Бұл мәселе бойынша Н.Исәнбәттің үш томдық сөздігі жарық көрген (1-томы 1959, 2-томы 1963, 3-томы 1967). Кейіннен жарық көрген татар тілінің үш томдық түсіндірме сөздігінде де фразеологиялық бай материалдар берілген (1т.1977, 2т.1979, 3т.1981). 1982 жылы

Г.Х.Ахатовтың фразеологиялық бірліктер сөздігі, ал 80-жылдардың аяғында Н.Исәнбәт құрастырған татар тілінің фразеологиялық сөздігінің екі томы жарық көрді (1т. 1989, 2т. 1990).

Наки Исәнбәт құрастырған татар тілінің фразеологиялық сөздігі - татар тілінің ең маңызды фразеографиялық еңбегі болып табылады. Бұл сөздіктің екі томында 12000-нан астам фразеологиялық бірліктер мен идиомалар жинақталып берілген. Сөздікте материал алфавит бойынша тізімделіп көрсетілген.

2001 жылы Ф.Сафиуллинаның құрастыруымен татарша-орысша фразеологиялық сөздік жарыққа шықты. Сөздікте 16000-нан астам фразеологиялық оралымдардың орысша мағынасы берілген. Фразеологиялық бірліктер барлық тілдерге тән әмбебап бірліктер болғанына қарамастан, әр тілде олар тек осы ұлттық (тілдік) өзіне тән бірегей қасиеттерге ие. Түркі тілдеріндегі тұрақты тіркестерді зерттеген С.Н.Муратовтың айтуынша, жүйе Орыс және түркі тілдерінің тұрақты сөз тіркестері бір-бірінен өзара қарым-қатынас сипатымен ерекшеленеді тілдің лексикасы мен грамматикасымен байланыстырады. Ол түркі тілдерінде тұрақты сөз тіркестерінің жүйесі тілдің лексикасымен де, грамматикасымен де, сөзжасаммен де, байланыста болатынын жазады. Татар теленең аңлатмалы сүзлеге - (1977-1981 жж.), онда фразеологиялық бірліктер әр нақты фразеологиялық бірлікті құрайтын сөздер сөздіктер шеңберінде берілді.

**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты).*

МОҢҒОЛИЯ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЕЛІМІЗДІ ҚАЛАЙ АРТҚА ТАСТАДЫ?



Әлемдік ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі өткен ғасырда жүз есе өсті. Мұның бәрі ауыл шаруашылығы саласының техникалық жабдықталуы мен технологияның дамуына тікелей байланысты болды. Егер ХХ-шы ғасырдың басында бір фермер орта есеппен 2,5 адамды тамақтандырса, биылғы жылы бұл көрсеткіш 200-ге жетті. Біріншіден, мұндай көрсеткіш азық-түлік жетіспеушілігінің алдын алады. Екіншіден, кәсіпкерлер арасындағы бәсекелестікті күшейтеді, яғни әрбір жер иесінің көкейінде өз өнімдерін қайда және қалай сату жөнінде сұрақ туындайды. Қазақстандағы бірнеше ірі ет өңдейтін кешеннің және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (ҰКП) өкілдері былтыр Моңғолияның мал шаруашылығын дамытуда жинаған тәжірибесін білу мақсатында Шыңғыс хан еліне барып қайтқан еді. Өйткені, соңғы отыз жылда бұл ел қой етін өндіруден Еуразия құрлығында көш бастады.

ОТЫЗ ЖЫЛДА ҚОЙ САНЫ ҚАЗАҚСТАНДА КЕМІДІ, МОҢҒОЛИЯДА АРТТЫ

1990 жылы Моңғолия мен Қазақстанның ауыл шаруашылығын салыстырудың өзі артық еді. Моңғолияда барлық ірілі-ұсақты малдың саны 25 млн бас болса, Қазақстандағы тек қойдың саны 35 млн бас еді. Содан бері отыз жыл өтті. Қазір еліміздегі қойдың саны 18 млн басты құрайды. Ал, Моңғолияда оның саны үш жарым есеге өсіп, 3,2 млн халқы бар елде 57 млн қой бар. Әр маусымда 45 млн жас мал сойылады. Былтырғы жылдың соңында Моңғолиядағы етті экспорттау көлемі 54,9 мың тоннаға жетті.

Моңғолияда мал басын көбейтіп қана қоймай, экологиялық таза ет өндірудің, өңдеудің және экспорттаудың барлығын жүйелі жүргізуге мән берілген. Сөйтіп, ет экспорттауда өзіне жаңа нарықтар ашты және оны дамыта түсті.

Орал қаласындағы «Кублей» ет комбинатының техникалық директоры Рахым Нағметов комбинатқа қажетті етпен моңғол әріптестері қамтамасыз етіп отырғанын айтады. Осының арқасында шикізатты өңдеуде ешқандай мәселелер туындамайды. Керісінше, шикізатты сапалық талаптарға сай таңдай алады. Етті артығымен жеткізу өндіріс шығындарының аз болуын қамтамасыз етіп, бәсекелестікте артықшылық береді. Ал, моңғол етін көптеген ел, яғни Вьетнамнан бастап, Иранға дейін импорттауға дайын тұр.

«Моңғолияда 102 ет өңдейтін зауыт бар. Бірақ, бұл да жеткіліксіз. Сыйымдылық сай келмейді. Қазақстанда жағдай керісінше. Біздің Батыс Қазақстан облысында 1 млн ұсақ мал және 600 мың бас ірі қара мал бар. Оның ішінде қой – 250 мың. Союға жарамды өгіздер – 70 мың. Ал, біздің ет комбинатының өндірістік қуаттылығы жылына 20 мың тонна ет өндіруге дейін жетеді. Яғни, еліміздегі шикізатпен қажеттіліктің 30 пайызын ғана жаба аламыз», – деп түсіндіреді Рахым Нағметов.

Рахым Нағметовтың бұл пікірімен Жамбыл облысындағы «Мерке ет» ЖШС директоры Берік Егембердиев те келіседі. Ол бұл жүйе ет өндірушілерге өздерін сенімді сезінуге және экспорттауда белсенді жұмыс жасауға мүмкіндік беретінін айта келе: «Қазақстанда дәл осындай шикізат базасын құру үшін алдымен асыл тұқымды мал басын көбейту керек», – деп сөзін аяқтады.

МОҢҒОЛИЯДА ЕТТІҢ БАҒАСЫ НЕГЕ ҚАЗАҚСТАННАН ҮШ ЕСЕ АРЗАН?

Моңғолиядағы халық саны небәрі 3,3 миллионды құрайды. Оның 1,5 миллионы ауыл шаруашылығында еңбектенеді. Нақтырақ айтсақ, мал өсірумен айналысады.

Рас, Моңғолия үшін ет өнеркәсібі – ел экономикасындағы басты сала. Елдегі мал шаруашылығын негізінен шағын отбасылық фермалар құрайды. Мемлекетте шамамен мал басы 300-ден бес мыңға дейін баратын 305 мыңға жуық мал өсірушілер бар. Көбінесе бір ферманың шаруашылығын бір отбасы жүргізеді.

«Атамекен» ҰКП Агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі департаментінің директоры Ербол Есенеєв: «Біздің елде де Моңғолия тәжірибесін көптеп қолдануға болады. Оңтүстік өңірлерде отбасылық шағын фермаларға жол ашылса артықтық етпейді. Ал, жайылымы кең, мүмкіндігі зор аймақтарда бестен елу мыңға дейін малды ірі фермалар болуы мүмкін. Негізі, мұндай тәжірибе Қазақстанда да бұрыннан бар. Және ірі кәсіпорындарда ол өз



нәтижесін көрсетуде. Ол жақта көбіне асыл тұқымды малдарға көбірек мән беріледі», – дейді.

Малдың тұқымы туралы мәселені де моңғолдар дұрыс жолға қоя білген екен. Тәжірибе алмасу барысында қазақстандық кәсіпкерлер моңғолдарда асыл тұқымды малды әкелу жөнінде талап жоқ екендігіне назар аударды. Дәл осы мәселеде Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі шалыс басты. Еліміздің мал шаруашылығын дамытуды мал тұқымын асылдандырумен байланыстырған министрлік ақшаның көп бөлігін шет елдерден асыл тұқымды малдарды импорттауға жұмсады. Ұзақ жылғы ұмтылыстар сәтсіз болды. Ал, Моңғолиядағы малдың негізгі бөлігін жергілікті тұқымдағы малдар құрайды. Тек кейбір фермалар ғана француз тұқымдарын (суффолк, дорпер) әкелуге тырысты. Бірақ, импортталған малға кепілдік беру қиын. Тәжірибе көрсеткендей, шет елден әкелінген мал тұқымы қатаң климаттық жағдайға байланысты генетикалық артықшылықтарын көрсете алмаған. Сондай-ақ, климатқа бейімделе алмаған «қонақтардың» басым бөлігі тірі қалмаған.

«Еділбай қойлары – климатқа бейімділігімен, жоғары сапалы етімен бағаланған жалғыз мал. Еділбай қойы біздің елде де, Моңғолияда да жақсы нәтиже көрсетеді. Себебі, біздің климаттық жағдайымыз ұқсас», – деп түсіндіреді Ербол Есенеєв.

Мал шаруашылығы саласында қазақ пен моңғол арасындағы айырмашылықты көрсететін тағы бір мәселе – бұл саланың маусымдық сипаты. Моңғолдар мұны табиғи цикл ретінде санай отырып, мәселеге байсалды қарайды. Қазақстанның мал шаруашылығының өкілдері мұны проблема ретінде қарап, өзгерістерге сай жоспар құрады және бұл шикізатты жыл бойы өңдеуге, жеткізуге мүмкіндік береді.

Маусымдық кезеңде моңғолдардың әрекеті туралы «Атамекен» ҰКП Біліктілік орталығының директоры Арсен Керімбековтің айтуынша, қыста моңғолдар мал союды тоқтатып, маусымның ортасында қайта бастайды. Қыста сою еттің бағасын өсіреді және экологиялық жүйеге зиян келтіреді деп санайды.

Моңғолияның етті экспорттау тәжірибесі де қызық. Мәселен, моңғолдар бруцеллездің таралуына байланысты Қытайға қой етін сата алмайды. Бейжің тарапынан шектеу қойылған. Бұл қиындық бізде де бар. Дегенмен, моңғолдар тығырықтан шығатын жолды тапқан. Екі сағат бойы шикі етті бруцеллездің вирустарын жою үшін пісіреді. Сырты оралып, тоңазытқышқа салынады. Содан кейін мұздатылған күйінде Қытайға жібереді. Қытайлар бұл етті фабрикадан өткізіп, тез дайындалатын кеспелерге қосуға пайдаланады.

Ет өндірісі мен қайта өңдеудің дамуы ішкі нарықта жақсы көрініс тапқан. Осылайша, жеке фермерлердің қолжетімді болуы еттің бағасын төмен ұстауға мүмкіндік береді. Себебі, елдегі тұтынушы санынан қой санының әлденеше есе көптігінде. Тұтынушылардың таңдауы көп болғандықтан, ет сатушылар бағаны шарықтата алмайды. Моңғолияда еттің бағасы Қазақстанмен салыстырғанда үш есеге төмен. Бір келісі 1000 теңгеден аспайды. Сондай-ақ, Арсен Керімбековтің айтуынша, Моңғолияда сүйектері бар ет сатылмайды. Сүйек-

тер еттен сылынып алынып, өңдеуге жіберіледі. Өңделген сүйек Қытайда сұранысқа ие. Көрші ел ұнтақталған сүйекті тағам жасауға қолданады.

Бір қызығы, моңғолдардың ет өңдеу зауыттарының мал шығынын азайту үшін қолданатын тәсілдері бар. Қыста комбинат қызметкерлері ет қалдықтырын жыртқыш аңдар мен құстар үшін далаға тастайды. Сол арқылы оңай жемтікке тойынған ит-құстың малға көз алартуы азаяды.

МОҢҒОЛ БИЛІГІНІҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Моңғолия мен Қазақстан билігінің мал шаруашылығына деген қамқорлығын салыстырсақ екі түрлі көзқарас пайда болады. Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі шикізатты өндіруден бөлек мәселелер болса, айналып өтуге тырысады. Шикізатты өңдеу, нарыққа шығару сынды мәселелерді жауапкершілігіне ала бермейді. Моңғолияда керісінше. Екі елдің министрліктерінің де атынан айырмасын байқауға болады: Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігі, Моңғолия Ауыл шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп министрлігі. Бұл дүкен сөрелерінде дайын өнімнің пайда болуына дейінгі барлық тізбектің маңыздылығын атап көрсетеді.

Бұл турасында Ербол Есенеев: «Ешкі еті мен ешкінің түбітін өңдеудегі мемлекеттің рөлі өте зор. Билік ең қиын міндетті өзіне алды. Шикізатты сатып алу жүйесін құрды. Онда фермерлер сауда туралы бас ауыртпайды. Бастысы өндіріс. Сонымен қатар, мемлекет әлемдік нарықта өз өнімдерінің брендин қалыптастырды. Енді әлемдік қауымдастық Моңғолияның кашемирін біледі. Біз туристердің кашемирді сатып алу үшін сонда арнайы барғанын өз көзімізбен көрдік. Бұл туризмді дамытуға да үлкен үлес қосады», – дейді.

Мемлекет тек өндірушілер үшін ғана емес, фермерлер үшін де көп нәрсе жасады. Фермерлер салықтан босатылған. Жайылыммен қамтамасыз етілген. Оларға суат ұйымдастыру үшін мемлекет тарапынан құдықтар тегін қазылды. Әлеуметтік салаға келер болсақ, фермерлердің балалары интернатта тегін оқиды. Сол үшін де, болашақ өмірлері үшін де малшылар бас ауырта бермейді. Олар мал бағып, күзде оны нарықтық бағамен сата алады. Бар ынталары тек жұмысқа бағытталады.

Моңғол үкіметі мал ұрлығымен де күресті белсенді жүргізеді. Сегіз басқа дейінгі мал ұрлығына үлкен айыппұл белгіленген. Ұрлаған малдың саны сегізден асса, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Моңғолиядан алған тәжірибені ескере отырып, «Атамекен» ҰКП мал шаруашылығын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын құру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуге дайын. Бүгінде барлық мүдделі тараптардан көптеген ұсыныстар түсуде.

«Бізге қызметкерлерді ұсынудан бастап, жайылымдарды бөлуге дейін кешенді түрде қарау керек. Өте тұрақты жүйені құруымыз қажет. Бұл кез келген өзгеріс жағдайында адамға табыс әкеледі. Осы бизнестің үздіксіз жүруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бұл сала сыртқы және ішкі инвесторлар үшін қызықты болуы шарт. Біз іс-қимыл жоспарын қабылдап, соған көшуіміз керек. Нәтижесін Моңғолиядан көрдік», – деп түйіндеді Ербол Есенеев.



ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Қой етін өндіру бойынша Моңғолия (мал басы 57 млн), Түркия (43 млн) көш бастап тұр. Ал, Моңғолияда жайылымдар малға толып кетіп, жайылым тапшылығы пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда Қазақстанның мүмкіндігі жоғары. Бос жатқан жайылымдар малдың санын кем дегенде екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Жоспарды тиімді жүзеге асыру үшін алдымен қандай қойдың өсірілетіндігін анықтап, содан кейін сатылымның кепілдігін қамтамасыз етуіміз керек. Бұл туралы Ербол Есенеєв: «Қой нарығы араб елдерінің сұранысын қалыптастырады. Бағасы айтарлықтай жоғары – бір қойдың құны 400 доллар. Бұл біздің ішкі нарықтағыдан үш есе қымбат. Бірақ, олардың ет импортына қоятын талабы қатаң. Тек жас малдың етін алады. Қозылар халал стандартына сай сойылады. Моңғолдар соған әбден бейімделген. Олардың мал басын асылдандырып жатқаны да сондықтан. Бұл өте тиімді әрі шығынды ақтайтын тәжірибе. Түркияға келер болсақ, бұл да қойды ұтымды экспорттау тәжірибесіне бай ел. Малды ферманың ішінде ұстайды және ет өндірісі жыл бойы тұрақты болады», – дейді.

Бұл тәжірибе де Қазақстан үшін қызықты. Себебі, Түркияда ірі инвестициялар салынатын ауқымды қой шаруашылығының жобалары бар. Ұлттық палатаның мамандары Моңғолия мен Түркиядағы консультативтік қолдау көрсетуге дайын әріптестермен байланыс орнатты. Құрылған байланыс қой санын көбейту және малды асылдандыру мәселесін шешеді. «Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» дегендей, қой шаруашылығын жүйелі жолға қоя білсек, экономикамыз алға жылжымақ.

Фараби СӘЙКЕНОВ



МОҢҒОЛИА ҚОҒАМ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДА ЕЛІМІЗДІ ҚАЛАЙ АРТҚА ТАСТАДЫ?

Әлемдік ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі өткен ғасырда жүз есе өсті. Мұны бәрі ауыл шаруашылығы саласының техникалық жабдықтылығы мен технологияның дамуына тікелей байланысты болды. Егер XX-ші ғасырдың басында бір фермер орта есеппен 2,5 адамды тамақтандырса, биылғы жылы бұл көрсеткіш 200-ге жетті. Біріншіден, мұндай көрсеткіш азық-түлік жетіспеушілігінің алдын алды. Екіншіден, кәсіпкерлер арасындағы бәсекеlestікті күшейтеді, іағни әрбір жер иесінің көкеінде өз өнімдерін қайда және қалай сату жөнінде сұрақ туындайды. Қазақстандағы бірнеше ырық өндіетін кешеннің және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (ҰКП) өкілдері бытыр Моңғолияның мал шаруашылығын дамытуда жинаған тәжірибесін білу мақсатында Шыңғыс хан еліне барып қайтқан еді. Өйткені, соңғы отыз жылда бұл ел қой етін өндіруден Еуразия құрлығында көш бастады.

ОТЗ ЖЫЛДА ҚОҒАМ САНЫ ҚАЗАҚСТАНДА КЕМІДІ, МОҢҒОЛИАДА АРТТЫ

1990-жылы Моңғолия мен Қазақстанның ауыл шаруашылығын салыстырудың өзі артық еді. Моңғолияда барлық ырық-ұсақты малдың саны 25 млн бас болса, Қазақстандағы тек қойдың саны 35 млн бас еді. Содан бері отыз жыл өтті. Қазір еліміздегі қойдың саны 18 млн басты құрайды. Ал, Моңғолияда оның саны үш жарты есеге өсіп, 3,2 млн балық бар елде 57 млн қой бар. Әр маусымда 45 млн жас мал сойлады. Бытырғы жылдың соңында Моңғолиядағы етті экспорттау көлемі 54,9 мың тоннаға жетті.

Моңғолияда мал басын көбейтіп қана қоймай, экологиялық таза ет өндірудің, өңдеудің және экспорттаудың барлығын жүйелі жүргізуге мән берілген. Сөйтіп, ет экспорттауда өзіне жаңа нарықтар ашты және оны дамыта түсті.

Орал қаласындағы «Кублеі» ет комбинатының техникалық директоры Раһым Нағметов комбинатқа қажетті етпен моңғол ариптерін қамтамасыз етіп отырғанын айтты. Осының арқасында шикізатты өңдеуде ешқандай мәселелер туындамайды. Керісінше, шикізатты сапалық талаптарға сай таңдай алады. Етті артығымен жеткізу өндіріс шығындарының аз болуын қамтамасыз етіп, бәсекеlestікте артықшылық береді. Ал, моңғол етін көптеген ел, іағни Вьетнамнан бастап, Иранға дейін импорттауға дайын тұр.

«Моңғолияда 102 ет өндіетін зауыт бар. Бірақ, бұл да жеткіліксіз. Сыйымдылық сай келмеді. Қазақстанда жағдай керісінше. Біздің Батыс Қазақстан облысында 1 млн ұсақ мал және 600 мың бас ырық қара мал бар. Оның ішінде қой – 250 мың. Союға жарамды өгіздер – 70 мың. Ал, біздің ет комбинатының өндірістік қуаттылығы жылна 20 мың тонна ет өндіруге дейін жетеді. Іағни, еліміздегі шикізатпен қажеттіліктің 30 пайызын ғана жабаламыз», – деп түсіндіреді Раһым Нағметов.

Раһым Нағметовтың бұл пікірімен Жамбыл облысындағы «Мерке ет» ЖШС директоры Берік Егембердиев те келіседі. Ол бұл жүйе ет өндірушілерге өздерінің сенімді сезінуге және экспорттауда белсенді жұмыс жасауға мүмкіндік беретінін айта келе: «Қазақстанда дәл осындай шикізат базасын құру үшін алдымен асыл тұқымды мал басын көбеіту керек», – деп сөзін аяқтады.

МОҢҒОЛИАДА ЕТТИҢ БАҒАСЫ НЕГЕ ҚАЗАҚСТАННАН ҰШ ЕСЕ АРЗАН?

Моңғолиадағы халық саны небәрі 3,3 миллионды құрайды. Оның 1,5 миллионы ауыл шаруашылығында еңбектенеді. Нақтырақ айтсақ, мал өсірумен айналысады.

Рас, Моңғолия үшін ет өнеркәсібі – ел экономикасындағы басты сала. Елдегі мал шаруашылығын негізінен шағын отбасылық фермалар құрайды. Мемлекетте шамамен мал басы 300-ден бес мыңға дейін баратын 305 мыңға жуық мал өсірушілер бар. Көбінесе бір ферманың шаруашылығын бір отбасы жүргізеді.

«Атамекен» ҰҚП Агроөнеркәсіптік кеңен және тамақ өнеркәсібі департаментінің директоры Ербол Есеев: «Біздің елде де Моңғолия тәжірибесін көптеп қолдануға болыды. Оңтүстік өңірлерде отбасылық шағын фермаларға жол ашылса артықтық етпейді. Ал, жайылым кең, мүмкіндігі зор аймақтарда ең жақсы елу мыңға дейін малды ірі фермалар болуы мүмкін. Негізі, мұндай тәжірибе Қазақстанда да бұрыннан бар. Және ірі кәсіпорындарда ол өз нәтижесін көрсетуде. Ол жақта көбіне асыл тұқымды малдарға көбірек мән беріледі», – деді.

Малдың тұқымы туралы мәселені де моңғолдар дұрыс жолға қоя білген екен. Тәжірибе алмасу барысында қазақстандық кәсіпкерлер моңғолдарда асыл тұқымды малды әкелу жөнінде талап жоқ екендігіне назар аударды. Дәл осы мәселеде Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі шалыстыра басты. Еліміздің мал шаруашылығын дамытуды мал тұқымын асылдандырумен байланыстырған министрлік ақшаның көп бөлігін шет елдерден асыл тұқымды малдарды импорттауға жұмсады. Ұзақ жылғы ұмтылыстар сәтсіз болды. Ал, Моңғолиадағы малдың негізгі бөлігін жергілікті тұқымдағы малдар құрайды. Тек кейбір фермалар ғана франсуз тұқымдарын (suffolk, dorper) әкелуге тырысты. Бірақ, импортталған малға кепілдік беру қиын. Тәжірибе көрсеткендей, шет елден әкелінген мал тұқымы қатаң климаттық жағдайға байланысты генетикалық артықшылықтарын көрсете алмаған. Сондай-ақ, климатқа беімделе алмаған «қонақтардың» басым бөлігі тірі қалмаған.

«Еділбай қойлары – климатқа беімділігімен, жоғары сапалы етпен бағаланған жақсы мал. Еділбай қойы біздің елде де, Моңғолиада да жақсы нәтиже көрсетеді. Себебі, біздің климаттық жағдайымыз ұқсас», – деп түсіндіреді Ербол Есеев.

Мал шаруашылығы саласында қазақ пен моңғол арасындағы айырмашылықты көрсететін тағы бір мәселе – бұл саланың маусымдық сипаты. Моңғолдар мұны табиғи цикл ретінде санай отырып, мәселеге байсалды қарайды. Қазақстанның мал шаруашылығының өкілдері мұны проблема ретінде қарап, өзгерістерге сай жоспар құрады және бұл шикізатты жыл бойы өңдеуге, жеткізуге мүмкіндік береді.

Маусымдық кезеңде моңғолдардың әрекеті туралы «Атамекен» ҰҚП Біліктілік орталығының директоры Арсен Керімбековтің айтуынша, қыста моңғолдар мал союды тоқтатып, маусымның ортасында қайта бастайды. Қыста сою еттің бағасын өсіреді және экологиялық жүйеге зиян келтіреді деп санайды.

Моңғолияның етті экспорттау тәжірибесі де қызық. Мәселен, моңғолдар бруселледің таралуына байланысты Қытайға қой етін сата алмайды. Бейжің тарапынан шектеу қойылған. Бұл қиындық бізде де бар. Дегенмен, моңғолдар тығыздықтан шығатын жолды тапқан. Екі сағат бойы шикі етті бруселледің вирустарын жою үшін пайдаланды. Сырты оралып,



тоңазытқысқа салынады. Содан кейін мұздатылған күйінде Қытайға жібереді. Қытайлар бұл етті фабрикадан өткізіп, тез дайындалатын кеспелерге қосуға пайдаланады.

Ет өндiрiсi мен қайта өндiудiң дамуды ысқы нарықта жақсы көрiну тапқан. Осылайша, жеке фермерлердiң қолжетiмдi болуы еттiң бағасын төмен ұстауға мүмкiндiк бередi. Себебi, елдегi тұтынушы санынан қой санынның әлденеу есе көптiгiнде. Тұтынушылардың таңдауы көп болғандықтан, ет сатушылар бағаны шарықтата алмайды. Моңғолиада еттiң бағасы Қазақстанмен салыстырғанда үш есеге төмен. Бiр келiсi 1000 теңгеден аспайды. Сондай-ақ, Арсен Керiмбековтiң айтуынша, Моңғолиада сүйектерi бар ет сатылмайды. Сүйектер еттен сылынyp алынyp, өндeуге жіберiледi. Өнделген сүйек Қытайда сұранысқа iе. Көршi ел ұнтақталған сүйектi тағам жасауға қолданады.

Бiр қызығы, моңғолдардың ет өндeу зауыттарының мал шығынның азайту үшін қолданатын тәсiлдерi бар. Қыста комбинат қызметкерлерi ет қалдықтарын jыртқыс аңдар мен құстар үшін далаға тастайды. Сол арқылы оңай жемтiкке тойынған ит-құстың малға көз алартуы азайады.

МОҢҒОЛ БИЛИГІНІҢ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Моңғолиа мен Қазақстан билігінiң мал шаруашылығына деген қамқорлығын салыстырсақ екi түрлi көзқарас пайда болады. Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі шикізатты өндiруден бөлек мәселелер болса, айналып өтуге тырысады. Шикізатты өндeу, нарыққа шығару сынды мәселелердi жауапкершілігіне ала бермеидi. Моңғолиада керiсiнше. Екi елдiң министрліктерiнiң де атынан айырмасын байқауға болады: Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігі, Моңғолиа Ауыл шаруашылығы және жеңiл өнеркәсiп министрлігі. Бұл дүкен сөрелерінде дайын өнімнiң пайда болуына деiнгi барлық тiзбектiң маңыздылығын атап көрсетедi.

Бұл тұрасында Ербол Есенеу: «Ешкі етi мен ешқыннiң түбiтiн өндeудегi мемлекеттiң рөлi өте зор. Билік ең қиын мiндеттi өзiне алды. Шикізатты сатып алу жүiесiн құрды. Онда фермерлер сауда туралы бас ауыртыпайды. Бастысы өндiрiс. Сонымен қатар, мемлекет әлемдiк нарықта өз өнімдерiнiң брендiн қалыптастырды. Ендi әлемдiк қауымдастық Моңғолианың қашемiрiн бiледi. Бiз туристердiң қашемiрдi сатып алу үшін сонда арнайы барғанын өз көзiмiзбен көрдiк. Бұл туризмдi дамытуға да үлкен үлес қосады», – дедi.

Мемлекет тек өндiрушiлер үшін ғана емес, фермерлер үшін де көп нәрсе жасады. Фермерлер салықтан босатылған. Жайлымымен қамтамасыз етiлген. Оларға суат ұйымдастыру үшін мемлекет тарапынан құдықтар тегiн қазылады. Алеметтік салаға келер болсақ, фермерлердiң балалары интернатта тегiн оқиды. Сол үшін де, болашақ өмiрлерi үшін де малшылар бас ауырты бермеидi. Олар мал бағып, күзде оны нарықтық бағамен сата алады. Бар зынталары тек жұмысқа бағытталды.

Моңғол үкiметi мал ұрлығымен де күрестi белсендi жүргізедi. Сегiз басқа деiнгi мал ұрлығына үлкен айыппұл белгiленген. Ұрлаған малдың саны сегiздiң асса, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Моңғолиадан алған тәжiрибенi ескере отырып, «Атамекен» ҰКП мал шаруашылығын дамытудың ұзақ мерзiмдi бағдарламасын құру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуге дайын. Бүгiнде барлық мүдделi тараптардан көптеген ұсынстар түсуде.



«Бізге қызметкерлерді үсынудан бастап, жайлымдарды бөлуге деін кешенді түрде қарау керек. Өте тұрақты жүіені құрумыз қажет. Бұл кез келген өзгеріс жағдайында адамға табьыс әкеледі. Осы бизнестің үздіксіз жүруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бұл сала сыртқы және ішкі инвесторлар үшін қызықты болуы шарт. Біз іс-қимыл жоспарын қабылдап, соған көшуміз керек. Нәтижесін Моңғолиадан көрдік», – деп түіндеді Ербол Есенеєв.

ТОБЫҚТАІ ТҮІІН

Қои етін өндіру бойынша Моңғолия (мал басы 57 млн), Түркия (43 млн) көш бастап тұр. Ал, Моңғолиада жайлымдар малға толып кетіп, жайлым тапшылығы пайда болуы мүмкін. Мүндай жағдайда Қазақстанның мүмкіндігі жоғары. Бос жатқан жайлымдар малдың санын кем дегенде екі есе арттыруға мүмкіндік береді. Жоспарды түімді жүзеге асыру үшін алдымен қандай қойдың өсіретіндігін анықтап, содан кейін сатылымның кепілдігін қамтамасыз етуміз керек. Бұл туралы Ербол Есенеєв: «Қои нарығы араб елдерінің сұранысын қалыптастырады. Бағасы айтарлықтай жоғары – бір қойдың құны 400 доллар. Бұл біздің ішкі нарықтағыдан үш есе қымбат. Бірақ, олардың ет импортна қойатын талабы қатаң. Тек жас малдың етін алды. Қозылар халал стандартна сай сойлады. Моңғолдар соған әбден беімделген. Олардың мал басын асылдандырып жатқаны да сондықтан. Бұл өте түімді әрі шығынды ақтайтын тәжірибе. Түркияға келер болсақ, бұл да қойды ұтымды экспорттау тәжірибесіне бай ел. Малды ферманың ішінде ұстаиды және ет өндірісі жыл бойы тұрақты болды», – деді.

Бұл тәжірибе де Қазақстан үшін қызықты. Себебі, Түркияда ірі инвестисіалар салынатын ауқымды қои шаруашылығының жобалары бар. Ұлттық палатаның мамандары Моңғолия мен Түркиядағы консултативтік қолдау көрсетуге дайын әріптестермен байланыс орнатты. Құрылған байланыс қои санын көбеіту және малды асылдандыру мәселесін шешеді. «Мал өсірсен қои өсір, пайдасы оның көл-көсір» дегендеі, қои шаруашылығын жүіелі жолға қоіа бісек, экономикамыз алға жылжымақ.

Farabi SÄIKENOV



АУҒАННАН БАРЫП ЕУРОПАҒА ТУ ТІККЕН ҚАЗАҚ

(АЮБИ Қажы Ақпармен Сұхбат)

XX ғасырдағы қызыл империяның дүрбелеңі қазақ халқын демографиялық жағынан да, мәдени-әлеуметтік тұрғыдан ойсыратып кетті. Бүгінде өртеңге шыққан өлең шөптей халқымыз ес жыйды, етек қымтады. Шетелдегі қазақ бауырларымызда сондай күйді кешіп, ата-бабасының тарихы мен көрген азабын, шежіресін енді ортаға сала бастады.

Бүгінде Еуропаның ең озық елінде тұрып жатқан Қажыакпар Аюби бауырымыз да соның бірі. Ауғанстанда туып-өсіп, Данияға тұрақтаған. Қажыакпармен сұхбаттасудың сәті түсті. Оның айтқан естелігі мен әңгімесі бір кинофильмге жүк боларлық мәлімет екен. Соны барынша қысқартып беруге бекіндік.

– Ақпар бауырым, туған жерің Ауғанстан екен, содан-ақ ғұмырбаяныңда қызғылықты шежіре барын аңғаруға болады. Әңгімені ата-тектен бастасақ. Ата-бабаң қай өлкеден?

– Менің аталарым Қызылорда облысының Қармақшы ауданында тұрыпты. Шөмекейден тарайтын Аю атаның ұрпағы болып келеді. Өзім әрине атамды көрген жоқпын, ал әжемнің айтуынша, Орынбордың базарына барып мал сатып, керек-жарақ, қант-шекер сияқты азық сатып әкеледі екен. Ол енді төңкеріс дәуірінің қарсаңы болса керек. Нақтысын білмедім, әжем Ақтөбе жақтан болуы керек, сол қалаға қайын жұртын сағалап алыс сапарға шығып жүргені содан болар. Айттыра келгенде, әжеміз киізүйдің жабығынан сығалап, келген екі жігітке қайсысы екен деп қарайды екен: біреуі қараторы, енді бірі шикіл сары болса керек. «Ішімнен қараторыны таңдап, болашақ күйеу сол болса екен деп тілесем, ол болмай шықты, сөйтіп мені сары жігітке беріп жіберді» – деп отыратын әжеміз. Ол кезде солай айттырып үйлене береді ғой. Сонымен тұрған мекендері негізінен Қазалы болса керек, сол туралы көп айтатын.

Осылай өмірлерін бастағанда, төңкеріс болады, қазақ та қызыл мен аққа жарылды. Содан қайныағасы ма екен, бір туысы қызыл жаққа шығады. Сөйтіп бұлардың мүліктерін тәркілегенде, тәркінінен жасаумен келген әдемі қамзолын әлгі кісі алып кетіпті. Әжеміздің сол мықтап есінде қалса керек. Ата-анасының көзі, тастап кет десе де болмапты. Осылайша қазақтың өз қолымен қызыл өкімет қазақты талауға түсіріпті. Шамасы, қызыл өкіметке өткендер жарлы-жақыбайлар, байға қызмет еткен кедейлер болса керек.

Қазыр де қазақ бай мен кедей болып, өзара көз аларту болып жатыр ғой, ол кезде мүлдем қақ жарылғасын осындай саясат болатыны белгілі ғой.





– Ата-әжеңіз қандай кісілер еді? Ол кез қызыл қырғынның, төңкерістің заманы ғой, естіген білгенің болса, жақсы мәліметпен тарихымыз толыға түсер. Әсіресе, елден үдере көшудің өзі небір қиындыққа толы шежіре болар...

– Менің атам Бұқарадан діни білім алған, молдалығы бар, мұсылманша сауатты болса керек. Аты Базарбай екен, оны молда Базар атапты жұрт. Әжемнің есімі – Ханшагүл болатын. Содан атамның бір жақыны келіп, бүгін көзіңді құртпасаң, кешкісін қызылдар сені ұстайды депті. Ол кезде күн батқасын осындай бас көтерер, сауатты адамдарды алып кете береді екен. Оның арты соттау, ату болып түбірімен құрып кете беріпті. Содан атам ауылдың сыртындағы қаптаған жыңғыл деген бұталы өсімдікті бірнеше күн бе, ай ма, білмедім тасалап, тығылып жатыпты. Соған түн ішінде барып әжеміз тамақ апарып береді екен. Жағдай осылай ушығып, елдің іші ығы-жығы болғасын, атам айналасына сенімді ағайыны мен дос-жаранын жинастырып, ақылдасып, бір күні түнделетіп, «ұрышырақ» аталатын сығырайған шырақ жағып, түн жамылып ауылдан шығып кеттік дейді. Бұны еміс-еміс есінде қалғанын айтатын әкем ол кезде үш-төрт жасар ма екен, әйтеуір оның қарындасы алты айлық болса керек.

Үдере көшкен бұл топтың басшысы Тақан ата болыпты, ол кісі жүректі де, білекті болса керек. Шамамыз атамның жамағайыны болар, нақтысын айтпады. Ұрышырақты жолға түсіріп, ауылдан ұзағасын, көшті ұзатып салып, ол кісі жалғыз өзі тосқауылға қалады: соңдарынан қуғыншы болса, содан қорғану үшін. Содан бұлардың соңына екі орыс, бір қазақ түскен екен. Біраз жүріп, әбден шаршап әлгілер тынығуға жатқанда, Тақан ата тарпа бас салып, үшеуін де бауыздап өлтіреді. Оларды көміп, қару-жарағын алып, аттарын жетектеп көшке қосылады.

«Күндіз тауды, жыра-жықпылды тасалап, жатамыз да, күн бата шығамыз» деп отыратын әжем. Бір жерге келіп, әкемнің алты айлық қарындасының жаялығын ашып қараса, бөксесі құрттап кетіпті... Әлгі апекеміз, әйтеуір, содан да аман қалыпты. Ол кісі жақсы мен жаманның бәрін де көріп, Данияға келгесін екі жылдан кейін қайтты.

Ал енді жолдағы қиындық өз алдына, жолда осын-

дай көш бір біріне қосыла ұлғая береді, шекарадан өтетін кез келеді. Жол қиындығына шыдамайды деп, кішкентай баланың етегіне құм түйіп, ойнатып, далаға тастап кететіндері де болған. Сондай жағдай менің әкеме де төнсе керек... Ол кезде әкемнің жасы төртте дегенді айтады, бірақ ол Ауғанстанға өткендегі жасы ма, елдегі жасы ма, білмедім. Әкемді



де ойнатып, алдына құм өңгертіп, атам тастап кетпекші болған... Бірақ әжем тастамай отырып алған, «бір ұл, бір қызды қайтсем де өзіммен алып жүремін, болмаса өздерің кете беріңдер, мен осында қаламын» депті. Атам амалсыздан ұлын тастамай алып жүріпті. Жолдың қиындығы адам шыдауға болмастай ауыр болған ғой. Жолда аштыққа ұшыраған, тіпті шөптің тамырын жеуге мәжбүр болған. Ол жерде де талай адам аштық пен аурудан өлген.

Өйткені олар бірнеше жылдай қазырғы өзбек жерінде қалған Үшқұдықта тұрақтаған. Содан Бұқара мен тағы бір қаланың арасында күнкөріс үшін көмір тасып күнелтуге мәжбүр болыпты. Көмір тасып сатыпты. Көмір керуенін де сол Тақан ата жетектеп, басшы болып атқарса керек. Сол көмір керуеніне Тақан атаға тапсырып, бір кемпір жалғыз баласын қосып жібереді. Қай маң екенін айту қиын, әлгі жалғыз жетім баланың түйесі бір түнде жоғалып кетеді, ол кезде ұры көп қой... Содан Тақан ата ізімен қуып барса, әлдебір тау етегінде бір атты, түйелі кісіні табады. Барса, еңгезердей сарт екен: «Әй, қазақ, ажалыңа келдің бе?» деп қарсы шығады. Тақан ата анаған ұрлаған түйені қайтаруды талап етеді, көп ұзамай екеуі алысып кетеді. Әлгі ауған біздің атамыздан екі есе зор болса керек, әл бермейді. Тақан атаны әлгі ұры астына алып, қылғындыра бастайды. Бірақ Тақан атаның мәсісінің қонышында ылғи бәкісі жүреді екен, сол пышағын суырып алып, еңгезердей сарттың сатанына екі-үш рет сұғып алуға күші жетеді. Әлгі «аһ» деп аунап түсіпті. Тақан ата оны өлтірмей, тастап кетпей, бір төсеніші бар екен, соған әлгіні жатқызып, жарасын таңып, өзін байлап, бүркеп, атқа өңгеріп, тиеген жүк құсатып алып жүріп кетеді. Өзі жаяу жетектеп, ашығып келе жатса, бір қойшыға жолығады. Шопаннан тамақ сұрапты, ол кездегі малшылар қарынға салып қуырдақ алып жүреді екен. Содан шопанның қуырдағына аттың үстіндегі «жүгін» айырбастайды. Шопан олжаға риза болып, тамағын береді де, жүк тиелген атқа барып ашып қараса, еңгезердей сарт болып шығады. Ол Тақан атаның артынан айқай салады, бұл бұрылмастан түйені жетектеп шаба жөнеледі... Сөйтіп жетім баланың түйесін аман жеткізеді.

Тақан атаның хикаясы өте көп. Бала кезде әкемді құшақтап алып, еркелетеді екен, өзін жас басқан кезде, қолына асатаяқ ұстап жүреді екен. Айға қарап түнде «балам, мына айды саған әперейін бе?» деп әзілдейді екен. Әкем оған сондай мықты кісі болғасын, шынымен де сенетін болса керек.

Керуен келе жатқанда анда-санда ғана құдық кезігеді, сонда түбіне түсіп, суын сарқып шығаратын да сол Тақан ата болыпты. Бір күні осындай сусыраған жағдайда, қауға тартушы кісі судың бәрін өз түйелеріне беріп, құдық түбін сарқып жатқан Тақан атаның малына бермепті. Бұны аңғарған Тақан ата, әлгіге, «құдыққа енді сен түс, мен малымды суарайын» депті. Әлгіні түсіреді де, құдықтың ауызын үлкен таспен жауып, бастырып тастайды. Оған жолдастары «әй, бұны не, өлтіресің бе оны?» деп жабылады. Ол: «бұндай жолдастың барынан жоғы» дейді де, керуенді жетектеп жүріп кетеді, бірақ ол келесі керуеннің келіп, бәрібір әлгіні құтқаратынын білген екен. Әлгі құдықтан ойбай салып жатқан үстінен түскен басқа керуеншілер одан қорқып, адам ба, жын ба, деп әлгіні әуре қылып, шығарып болмайды. Сөйткен Тақан ата Ауғанға да аман жеткен. Онда да талай қызық болыпты.

Ауғанға аман жеткен қазақтар бір қотыр сарайға тап болады. Ол бұрын атқора болған ба, әйтеуір еңселі қаңыраған сарай болуы керек, адам тұруға лайықсыз пана болыпты. Ашығып зорға жеткен қазақтар соны паналапты. Жергілікті ауғандар сойған малының қалған-құтқанын, бас-сирақтарын лақтырады екен. Бұлар соны талғажау етіп күнелтіпті.

Бір күні қазақтардың бұл тірлігін бір ауған көреді де, ауылдастарына барып, «мына қазақтар адам етін жеп жатыр» деп қауесет таратады. Содан ауған жігіттер жиналып келіп, қотыр сарайға басып кіреді. Олар келіп айқай салады: «Әй, қазақтар, сендер неткен айуансыңдар, адам етін неге жейсіңдер!..» деп. Содан бұлар адам еті емесін айтса, әлгілер сенбей, ақыры жанжал шығып, ауғандар қазақтарды сабай бастайды. Төбелесте қазақтар пытырай қашады да, Тақан атамыз ғана жалғыз қалып қояды. Тепкіге түскен Тақан ата, бір қазақ кемпірге айқай салады: «бақан әкел, бақан әкел» деп. Әлгі әжеміз де қауқарлы кісі болса керек, бір бақанды атамызға ұстатады. Содан атамыз ауғандарды жапырып, жалғыз өзі сабап тастайды. Біреуінің басын жарады, қолын сындырады, аяқтарын жаралайды. Ауғандар тым-тырақай қашады. Күштері келмесін, енді ауғанның ақсақалдары қотырсарайға келеді. Содан ауған шалдары жігіттерінің басын жарып, қол-аяқтарын сындырғасын қазақтармен қаттырақ сөйлесуге келген ғой. «Біздің жігіттерді сабағандар шықсын былай!» деп бұйырады. Содан Тақан атамыз жалғыз өзі шығады. «Оларды сабаған мен едім, жалғызбын!» дейді. Содан таяқ жегендер де оны мойындайды, бұдан соң ауған ақсақалдар өз балдарына таяқ ала жүгіреді: «бір адамнан таяқ жеген сендерде обал жоқ!» - деп кіжінеді. Сөйтіп, ауған ақсақалдары кешірім сұрап, ауған мен қазақ арасы өте жақсы болып кетеді. Бұл Герат қаласының маңы екен.

Тақан атамыздың бір әдеті бар еді дейді. Ешкімге айтпастан жоқ болып кетіп, бірнеше уақыттан соң келетін. Оны әркім әр саққа жүгіртеді екен: біреулер ойлайды, барып, орыстармен соғысып келеді екен, болмаса ауғанның басқа жеріне барып өш алып келеді деп. Біреулер оны Қазақстаннан қашып келгендерге көмектесіп келіпті деп түрлі хабар тарап жатады екен. Әйтеуір, атамыз өле-өлгенше қазақ үшін барын салып кетіпті...

– Сонда Ауғанстанға қалай жеткен? Ауғандағы өмір қалай басталыпты?

– Қызыл өкіметтен қашқан қазақтар әуелі Үшқұдыққа жиналады, содан біршама күнелтеді, көмір тасиды, басқа қылады, әйтеуір жан бағады. Осылайша қарасы молайған қазақтар бір үлкен керуен түзеп, Әмударияны бойлап, Тәжікстанның үстімен Ауғанға өтеді. Содан ауған билігіне барып, жағдайларын айтады. Тұруға рұқсат, орын, жер сұрайды. Ауғанның сол кездегі патшасы Пәкстанмен арада өте ыстық, ауа райы қолайсыз мекен бар, сол маңға жайғастырады. Сол жерде канал қазылып жатыр екен, шамасы қазақтарды соған арзан күш ретінде жіберсе керек. Бұлар амалсыз сол жерге келеді. Канал қазуға жұмысқа тұрады. Бірақ көп ұзамай, жұқпалы ауру тарап, қырыла бастайды. Біреулері оба дейді, енді бірі судан көреді. Әйтеуір, әжемнен естігенім, біреуді жерлеп жатқанда, екіншісі өліп жататын дейді. Шыбындай қырылған ғой. Ол жерден кетейін десе, ауғандар жібермеген. Сөйтіп, ретін тауып, қазақтар ол жерден де бас сауғалап қашады.



Ауғандағы қазақтар бір жерге шоғырланбай, бытырап әр маңға, әр қалаға шашырап кеткен ғой. Қысқасы, әр қазақ өз жанұясымен бас сауғалаған ғой. Сөйтіп менің атам да Гератқа келеді. Сол қалаға келіп, түрікпендермен байланысады. Сол кезде түрікпенді Жөнейт хан билепті. Түрікпенге де қызылдар кіріп, оларды екіге жарып бір бірімен соғыстырып қойған екен. Сол Жөнейт хан бар мал-мүлкімен, бағынышты халқымен Иранға өтуге мәжбүр болыпты. Бірақ сол кезде Иранның билігіне совет өкіметі қашқандарды қайтаруға көндіреді, содан парсылар түрікпендерді қызылдарға бермек болғанда, олар бұны біліп қойып, ақыры қаша шайқасып, түрікпеннің Жөнейт хандығы орыспен де, қызыл түрікпенмен де, Иранмен де соғысуға мәжбүр болады.

Содан атамыз исламша сауатты болғасын Гератта көзге түсіп, түрікпеннің ханы бізде қал деп ұсыныс жасайды. Сөйтіп, бірнеше жыл түрікпен арасында тұрады. Түрікпен бала оқытады, молдалық құрады, әйтеуір жағдайлары жақсарады. Түрікпенде мал көп, молдаға жомарттық жасап, қонақ етеді, еңбекақы береді. Сол жерде Тақан атамыздың да тағы бір хикаясы бар. Оның кең шапаны бар екен, қонақта менің атама қойған қойдың басты алады екен де, қалтасына сүңгітіп жібереді екен дейді. Сондай ірі әрі киімі де кең болып тұр ғой. Соны әкеліп менің әкеме береді екен, құлағын кесіп, көзін шығарып, құйқасын турап дегендей. Өзі үйленбей, баласыз өтіпті.

Ал әжем болса, сондай ісмер, тігінші болыпты. Өле-өлгенше қыздың жасуын әзірлеумен кетті. Қыз-келіншекке өз қолымен тіккен қамзолы керемет болатын. Сөйтіп ұзатылған қыздың талайына қамзол тігіп беріпті. Осылай жүріп ол түрікпен әйелдерден кілем тоқуды да үйреніп алады. Ал түрікпендер кілем тоқуды жасырып ұстайды екен. Бірақ әжем сығалап жүріп, бар қитұрқысын үйреніп алған. Сөйтіп жағдайлары жақсарады.

Осылай ес жыйған қазақтар Ауғанстанның бас қалаларының бірі Гератқа

жинала бастайды. Сөйтіп, қаланың екі көшесіне қазақтар қоныстанып, араласады. Сол жерге менің атам да отбасымен келеді. Содан бастарын көтерген қазақтар кәсіп аша бастады. Атам болса өз ісін ашып, қаракүл, елтірі жинап, жеміс-жидек теріп байларға өткізеді. Сосын ісі ұлғайып шетелдік саудагерлерге өткізетін болыпты. Қолға түскен ақшаға қазақтарды жұмысқа салып, жұмыс беріп, әлгі шаруасын дөңгелентуге жұмсайтын. Осылайша енді менің атам «молда Базар» емес, «молда Базарбай» аталатын болды.

Сол кезде Гератқа салған үйіміз кірпіштен еді де, заңғар сарай болды, ондай үйге көптің қолы жете бермейтін. Көпшілігі саманнан соғатын. Біздің сол кең үйімізде жағдайсыз ағайындарымыз тегін тұрды.

Анам айтатын, үйді жинағанда, кілем қаққанда, сыпырғанда арасынан талай алтын-күміс ақшалар шығатын дейді, атам арасына ұсақ-түйек тиындарды тастай салатын болған ғой. Сөйтіп, атам бізге үлкен жағдай жасап кетті...

Менің атам Ауғаннан қажылыққа ұшақ шыққанда бірінші барғандардың бірі болатын. Бірақ ұшақ сирек баратын, кейін әкем мен әжем қажылыққа ұшақпен емес, машинамен ғана барды. Сонда атамның ықпалы мен қайратына кәзір қайран қаламын. Атам сол қажылыққа барып келгесін, өзімен өзі болып, есінен айрылғандай күй кешеді. Баяғы байлық пен іскерлікті басқарған жанның жағдайы момындыққа көшеді. Оны әркім әр саққа жүгіртті. Атам қажылықта бір түс көрген екен деді, біреулер жүрегі тайған екен деді...

Сол атам үйінің жанынан өткен танитын-танымайтын адамның бәрін үйге шақырып, әжеме тамақ астырып қояды екен. Қысқасы, бұдүниенің қызығын тәркі етіпті. Содан көп ұзамай атамыз қайтыс болды. Әкем де аяғынан ревматизм болып ауырды да, атамнан қалған байлық бізді талай қиындықтан аман қалдырды. Атамнан қалған күре жолдың бойына салынған сарайды талай іске жалдап,



соның рахатын көрдік қой. Кейін Ауғанстанда тыныштық бұзылды, соғыс басталды. Ауғандар да екіге жарылып соғысты. Әркім өзін қорғайтын ахуал туғанда, әркімге өзін қорғауға қару керек болды, ал біздің үйде үш тапанша болатын. Қарулы адамдар күзетіп тұрса да, бір күні бір топ қарақшылар келіп, үйдегі бағалы нәрсені тонап кетті. Бір емес екі рет тонады. Қолымызда қалған-құтқан, мыс тиындар, ескі кілемдер ғана қалды.

Әлгі үйдегі тапаншаларды әкем тығып тастаған, себебі, бір рет ұйқылы ояу бір туысымызды ұры деп атып ала жаздағаны бар еді. Содан жастығының астына қару ұстамайтын болған. Ұрылардың бір тонаған кезі есімде қалыпты, масахана құрылған тақтаның үстінде әкемнің қа-

рындасы екеуміз жатқанбыз, оның баласы болмағасын, мені бауырына басқан еді. Түн ортасында тонап, айқай шығарғандардың шуынан оянғаным бар... Әкемнің дауысы қырылдап шыққаны есімде... бір ауған қылғындырса керек. Әкемді бақшаға апарып, тамағына пышақ тақап тапаншаны сұраған ғой. Мен үрейім ұшып, тым-тырыс жатырмын... Көпшілік әкемде тапанша барын білетін, ол бейбіт заманда тапаншаны алып, бөлшектеп, майлап-сайлап отыратын. Оның үстіне атамның қару сататын да дүкені болған-ды, Чехиядан қару әкеліп сататын еді...

Алманияда бір қазақ жігіт бар, жетім болған, сол арып-ашып жүргенде, үйленер кезі екен, ақшасы болмапты; біреу айтқан ғой, Гератта мықты бай туысың бар содан көмек сұра деп жөн сілтепті. Содан ол Гератқа келіп, біздің үйді тауып алған, келсе, атам жәшік-жәшік қару-жарақ түсіріп жатыр екен. Содан атам жөн сұрап, бұған қару түсіртіпті де, жайын ұққасын бір жәшікті ашып, ішінен екі мылтық алып беріпті: біреу қалыңдығыңа, біреуі саған деп ұстатып жіберіпті. Сол жігіт атамның мықтылығын айтып, қайран қалып отыратын.

Сөйтіп, ақ пен қызылдың дәуірі Ауғанға да жеткен ғой. Бар байлығымыздан жүрдай болдық. Екі ағам болса ер жетіп қалған, олар соғысқа бармаудан қашып, тығылып жүрді. Үйдегі қалған-құтқан дүниені әкем сатып жіберді де, екі ағамды бала-шағасымен бірге Иранға өткізіп жіберді. Өйткені, шекарада да атамнан қалған талай байланыстар мен таныстар бар болатын. Соғыстың екінші жылы мен анаммен бірге Иранға өттім, әжем қалып қойды. Ол «мен кетпеймін, шалымның өз еңбегімен салған сарайын тастап кетпеймін, сендер кете беріңдер» деді. Сөйтіп әжем көрші-қолаңмен бірге үлкен сарайда жалғыз қалды. Ақыры ол да төзе алмай Иранға өтті де, сарайды сатып келейін деп қайтадан Ауғанстанға барды.

Ол кезде дүние-мүліктің бағасы түсіп кеткен, содан біреу жары ақшасын беріп, жартысын кейін берем деп созған. Қалған ақшаны бермей, қорқытып, жаның барда кет деп, сонымен жарты ақшамен әжем Иранға оралды. Соның өзінде соғыстың талай әуселесін көріп қалдық. Талай көршіміз, жақындарымыз атылды. Және де соғыс Гераттан басталған еді ғой...

Осылайша әулетіміздегі көштің екінші сатысы Иранға ауды. Әке-шешем, әкемнің қарындасы, екі ағам бала шағасымен, бәріміз Иранға аудық. Иран қанша дегенмен тұрақты ел ғой. Көзіміз ашылды, жаңа өміріміз басталды...

– Қазыр енді еуроқазақ болдыңыз ғой...

– Иә бірнеше тіл үйреніп, әйтеуір Данияда тұрақтап қалдым. Әлемге белгілі Сименс корпорациясының қызметкерімін. Анам Данияға келген соң екі жылдан кейін 2020 жылы қайтыс болды. Анамдай болған әкенің қарындасы Данияға келгесін екі жылдан соң қайтты. Сол енді, өзіміз бас көтеріп алғасын қазаққа болсын деп, Ауған қазақтарына болысып жатырмыз. Қайда жүрсек те басты құбыламыз Қазақстан ғой, соның амандығы мен өркендеуі. Атамекен аман болсын!

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Серік Ерғали





“Отандастар қорының” ұйымдастыруымен өтіп жатқан “Интенсивті қазақ тілі курстарына” 15 шақты елден 90-ға жуық тыңдаушы қатысты.

Үш апталық интенсив курсқа шетелдегі отандастарымыз, тілімізге қызығушылық танытушылар және Димаш Құдайбергеннің «Dears» жанкүйерлері қатысып, қазақ тілін үйренді. Қатысушылар Америка Құрама Штаттары, Түркия, Ресей Федерациясы, Германия, Франция, Ұлыбритания, Иран Ислам Республикасы, Қырғызстан, Өзбекстан, Индонезия, Польша, Малайзия елдерінен. Жоба қатысушыларына Қоғам президенті Абзал Сапарбекұлы атынан сертификат табысталады болады.

Сондай-ақ, қыркүйек айынан бастап, онлайн қазақ тілі курстарының екінші жарты жылдығы басталады.

🇰🇿 Қазақ тілі курстары қыркүйек айында басталады

◆ Курсқа қатысу үшін төмендегі сілтемеге өтіп, өзіңізге қолайлы тілде деңгейлік тест тапсыру керек.

◆ To participate in the course, you need to go to the link below and take a level test in a language that suits you.

✦ Тест для изучающих казахский язык на русском языке: <https://docs.google.com/.../1FAIpQLSegJkglQ3G.../viewform...>

✦ Test for learners of the Kazakh language in English:
<https://docs.google.com/.../1FAIpQLSc.../viewform...>

✦ Kazak dilini Türkçe öğrenenleri için test: <https://docs.google.com/.../1FAIpQLSdCpatG.../viewform...>

نابز ىسراف نازوما نابز هژیو ىقازق نابز حطس نیىعت نومزا : <https://docs.google.com/.../1FAIpQLSfSJtJCgyc.../viewform...>

Курс қазақ тілін парсы тілінде үйренушілерге 7 қыркүйектен басталады;

Курс қазақ тілін орыс тілінде үйренушілерге 10 қыркүйектен басталады;

Курс қазақ тілін ағылшын тілінде үйренушілерге 7 қыркүйектен басталады;

Курс қазақ тілін түрік тілінде үйренушілерге 10 қыркүйектен басталады;

✦ Қосымша ақпарат үшін: +7 (778) 552-81-16 (Еңлік Бердірахманова)

✦ For more information: +7 (778) 552-81-16 (Enlik Berdirahmanova)





«Отандастар қорының» ұйымдастыруымен «Оттеп батқан» ынтенсіөтс қазак ատлс
қурстарына» 15 шақтс елден 90 - а бшөк тшдаушс қатсстс.

Еуш апталық ынтенсіө қурсқа шетелдегі Отандастармыз, телмзрге қмзсөушлык тантөушлар және дшмаш құдайберге нннл «DEARS» және берлері қатссып, қазак ատлсн өйренді. қатсөушлар америка құрама штаттары, түркия, ресей федератсыасы, германия, франтсыа, өлбеританя, ыран ыслам ресөйбелыкасы, қмрезыстан, өзбекстан, ындонезя, полша, малаязья елдернен. жоба қатсөушларына қоғам прөзиденті абзал сапарбек өлі атнан сертэфыкат табстالاتн болды.

сондай-ақ, қмркөбек аыннан бастап, онлайн қазак ատлс қурстарының еکنшы жарты жылдығы басталды.

қазак ատлс қурстары қмркөбек аында басталды
қурсқа қатсөу өушн томөндегі селтөмеге өтсөп, өзгзрге қолайлы телде деггөбек төст тапсрө керек.

♦ To participate in the course, you need to go to the link below and take a level test in a language that suits you.

✦ Тест для изучающих казахский язык на русском языке:
<https://docs.google.com/.../1FAIpQLSegJkgIQ3G.../viewform...>

✦ Test for learners of the Kazakh language in English:
<https://docs.google.com/.../1FAIpQLSc.../viewform...>

✦ Kazak dilini Türkçe öğrenenler için test:
<https://docs.google.com/.../1FAIpQLSdCpatG.../viewform...>

зыан фарсы амузан зыан өйзе қзакы зыан сшч тсбнн азуон
<https://docs.google.com/.../1FAIpQLSfSjJCgyc.../viewform...>

қурс қазак ատлсн парсы телснде өйренөушлерге 7 қмркөбектен басталды;
қурс қазак ատлсн орс телснде өйренөушлерге 10 қмркөбектен басталды;

қурс қазак ատлсн аелшн телснде өйренөушлерге 7 қмркөбектен басталды;

қурс қазак ատлсн түрк телснде өйренөушлерге 10 қмркөбектен басталды;

қосмша ақырат өушн: +7 (778) 552-81-16 өглык бердсрачманова

For more information: +7 (778) 552-81-16 (Enlik Berdirahmanova)



ӘБДІРАХМАН ЧЕТИН

*Дүние жүзі қазақтарының
қауымдастығының төралқа мүшесіне екі
мәрте сайланған белгілі қайраткер*

XX ғасыр зобалаңында Бұланай (Гималай) асқан қазақтардың Үндістан және Пәкістан арқылы Анадолы жеріне қоныс тепкеніне 70 жыл толып отыр. Дегенмен, осыған орай «Туған тіл» осынау тарихи оқиғаның куәгерлерінің бірінің қаламынан туындаған жырларды ұсынып отыр. Ел мен жерге деген сағынышын өлеңде өрнектейтін дәстүрден саналы ғұмырын Еуропа жерінде өткізген Әбдірахман Жәлелұлы Четин мырза да шет қала алмаған. Жыр шумақтарының құндылығы мен деректелігі де сонда, әрі автордың сөз саптасында XX ғасырдың басындағы қолданыстар анық байқалады.

Германияның Көльн қаласында тұратын сексеннің сеңгірін еңсерген Әбдірахман Четин қазаққа танымал қайраткер, ол атақты Зуқабатырдың немересі. Тумысынан мазасыз, елшіл азамат қиын-қыстау кездерде шеттегі қазақтардың мәдени өмірін өзгертуге, ел мен елді жақындастыруға күш салған мәмілегер ретінде танымал. Тәуелсіздік кезеңінде де аянбай тер төккен. Ол - Еуропа қазақтары қауымдастығының құрып, ұзақ жылдар басқарды, қазір оның құрметті төрағасы.

КІШІ САРЫ ЖОН

*(Гималай асқандағы Сары жонды еске алу)
(дастаннан үзінді)*

..... Арғы атам аты болар – Ғабит, Сәбит
Молла екен аты шыққан дінге тахуит.
Баласы Зуқа қажы және мәлім,
Дұшпан кеп басын алып, болған шейіт.

Онан соң, қалған еді Сұлтаншәріп,
Ел бастап, шыққан еді көшіп, мағырып,
Өзінің қайрат-жігер күшіменен
Әкелген Түркияға елін алып.

Інісі және молла Шериазданды
Тағы да Шәдет пенен Шамарданды,
Шамардан шейіт болды ел ауғанда,
Сүйегін ала алмадық, ол сабазды

Онан соң қаза тапқан Шәдетім-ай
Сұм дүние өстіп алам әдетіме-ай.
Осындай қиыншылдық күндер өтіп,
Келеді елім тозып, бет-бетіне-ай.

..... Сары жон, жан тұрмайтын иен дала
Шөп пен су болмайды екен сай-салада.
Адам тұрмақ, хайуанға жегіздік қой,
Қой егін мініп жүрген хайуандарға.

.... Осындай күндер өткен басымыздан
Шектік қой жапаны біз жасымыздан.
Көргеннен көрмегеніміз тағы да көп,
Білмейміз, не кешеді әлі басымыздан.

Осындай күндер көрдік, сол арада
Ыс тиіп, қырылдық қой көп адамға
Ажалға тура келген алып қалар
Ісіне құдіреттің бар ма шара?

От жағып, жерді ысытып, жаққанымен
Топырақ қала берді жапқанымен,
Беттерін өлілердің зорға жауып,
Біз кеттік қиындық тартқанымен

... Қалғандары ауруға душар болды –
ісік,
Жаныма дәрі болсын деген жандар
Келеді балалардан несеп ішіп
Беретін несепің барма аттан түсіп
Ішетін қалғандардың салты болды
Келеміз күн-түні біте алмай осы жол-
ды.
Баратын Үндістанға алып жолды
Айтайын тағы енді мен бір сорлы.

Ыс тиген Ұл шешем ауру болды
Мінхат тартып, апам-ай, жауыр болды.
Жанбаған бағы ашылып, мен бір сорлы
Жылаған көз жасымнан қойным толды.
Ұл шешем зарлауменен күн өткізіп,
Кешірді соныменен бес-алты айды.

Біздерді алып келді Кашмирге
Тағы да ағайды екен Жұму бірге
Асырып, Гималайдан мал мен басты
Әкелдік атан түйе, атты бірге

Сол жерде қарсы алған халық бізді,
Жүректен ыстық лебіз анық білді
Әкелген сарайға енді орналастық
Баласы мұсылман деп, анық бізді.

Патшасы Кашмирдің Шейх-Абдулла
Мұсылман дінін қуған калемолла
Сол күнде бізді жерден іліп алып,
Сипаған маңдайымыздан қолына ала

Тұрған соң, екі-үш жыл Кашмирде
Кетпекші тағы болдық көшіп ірге
Құсайын бастап Анадолы көшкеннен соң
Көңіл болды алаң, қалған елге

Құсайын көшіп сонау Түрік барған
Түркияға көшіп жатыр көңіліне алған
Кашмир, Үндістан, Пәкістаннан
Қазақтар тұс-тұсынан арыз салған.

Арызы қабылданған тұрар емес,
Көңілін басқа жайға бұрар емес.
Түрік пенен қазақтың негізі бір
Арғы тегін сұрасаң ұзақ емес.

Осылай, ел жиылған Түркияға
Өз тегім, Отаным деп жылы ұяға
Тұс-тұстан келіп жатыр қазақтарым
Қол ашып, құшақ жайған жылы ұяға

Қазақ кеп, Түркияға есін жиған
Құдайым, өлгендерге берсін иман
Ағамыз, Сұлтаншәріп Ыстамбұлға
Келген соң, ажал жетіп дүние салған.

Әкелген көшін бастап елін түрік еліне
Сол күндер естен шығып кетеді ме
Бас болып, алып келген ел мен жұртын
Келдік қой, ағамыздың жетегінде.

«ЕЛІМ-АЙ» ӘНІ ЖАДЫМДА

Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді
Ел-жұртынан айырылған қиын екен,
Екі көзден мөлдіреп жас келеді...

Екінші Ақтабан Шұбырынды деп 1932-36, 1947-51 жылдарды айтуға болады. Өз еркі өз қолында болмаған халық амалсыздан босқынға айналып, Үндістанға қарай көшкен елдің оқиғасы куә.

Біз де тап болдық «Ақтабан шұбырындыға»,
Өткіздің ғой азаппен бұл ғұмырды.
Қайран туыс, қайран ел, қалып қалып,
Шалғай жаққа жіберіп, біз ұлыңды

Қия алмадым ел жұртым, мен бәріңді,
Іштегі төгемін, мен зар-құсамды
Жеңіліп те дұшпанға жібермедім,
Бермей келем намыспенен арымды.

Елім үшін атадым бар жанымды,
Неге аяймын ел үшін бар қанымды.
Көрмегенді көрсеткен бұл өмірде,
Жоғалсын деп тілеймін бар залымды.

ОЙ ТОЛҚЫНЫ НЕМЕСЕ ҮМІТ

Күлкісіз өмір өтпесе,
Тегіміз естен кетпесе
Елді де жерді де көрерміз,
Ажал бір келіп жетпесе.

Ұрпағың енді өлмесе
Тілегіңді Алла бер десе
Қолыңнан келер іс бар ма?
Жаратқан Алла жөндесе

Аталар өзі көрмесе,
Батасын бізге бермесе
Ізбасарың біз болып,
Жүреді-ау енді өлмесе.

Есінен шықпас ел десе,
Туып-өскен жер десе
Иншалла оған жетерміз,
Нәсіп қып Алла көр десе.

Сеніп едің дін десе,
Айтар ма бізге білмесе?
Ажалға тоқтау бар ма енді
Періште келіп, «жүр» десе?



*1992 жылы Алматыда өткен Қазақстан тәуелсіздігі күнін тойлаған жиында оқылған шумақтар

Тәуелсіз Қазақстан қанымдайсың,
Бір туған, бірге шығар жанымдайсың.
Дүниежүзін көптеген көрдім бәрін
Бірақ те сенен асқан табылмайды!

Басқа елді бір өзіңе тең көрмейміз,
Жанымнан да артықсың, кем көрмейміз.
Ел үшін, Отан үшін, намыс үшін
Бас қосып неге енді бір жүрмейміз?

Туыстар осы еді ғой асыл арман,
Жүрегім сені ойлап әлсіз қалған
Жетпіс жылың жеті ғасырдай
болып өтті
Қайғы-қасірет бұл күнгешек
таусылмаған.

Күтіп ем тәуелсіздік егеменді,
Басқа жұрт, басқа ел деп теңемеді.
140 әлемдегі елі танып бүгін
Қазақстан Республикасы деген елді.

Міне сол Қазақстан Республикасы
танылған күн,
Отансыздық қайғы-қасірет арылған
күн.
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы
арқасында
Қазағымның азаматы бірі іздеп,
біреуі табылған күн.

Япырым-ау, неткен сезім толқыған күн,
Жоғалды көз ашпастан қорқудан күн.
Құдайға шүкіршілік етпейміз бе
Берсін деп Қазақстанға мәңгілік күн?

Оты жанып, ұрпақтары өсе берсін,
Кең өріс, кең жайлауға кете берсін.
Ұлт үшін, Отан үшін қыз бен ұлым
Қаны қайнап, қазақтың деп жете берсін.

Мәртебелі қазақтың шаңырағы, Ота-
ны осы,
Ақ тілек, адал жүректі болса досы
Білектен күш, жігерден от, денеден
жан шыққанша
Дұшманына қарсы тұрар Отандас
деген осы!

Тәуелсіз Қазақстан дәулетіміз,
Біз дағы сол дәулеттің әулетіміз
Тегіміз бір, түбіміз бір атам қазақ
Қазақ ұлты Қазақстанның азаматы-
мыз.

Мен ердім мұратыма не десеңіз,
Айтқанның бәрі де шын кем десеңіз.
Дәлелі осы міне, айта кетем
Жаным құрбан Отанға бер десеңіз!





БЕГАБАТ ҰЗАҚОВ

1973 жылы Қарақалпақстанның Беруни ауданы, Қызылқала ауылында дүниеге келген. Ташкент Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Бірнеше прозалық кітаптың авторы. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Ғабит Мүсірепов атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты.

АЯЗҚАЛА

Әңгіме

Тәңірберген сонау балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен жылдары ауылдың тыныс-тіршілігі қусырылып бара жатқанын сезіп, жиырма шақырым жердегі Қызылқаладан мына Бостан деген қалаға келген бойдан саудаға қойып кеткен. Ілгері мал алып сатып базар көргені бар еді. Сол азын-аулақ тәжірибесі қол келді білем, тірлігін ұршықша иіріп әкетті. Өзін отқа салды, суға салды, бас-аяғы жиырма жылдың ішінде төрт-бес дүкеннің, екі-үш дәмхананың иесі боп шыға келді. Қаланың ең көрікті жерінен жер алып, екі қабатты үй салды. «Күйген дүние күйіп кетсін, осы жексенбіде түстен кейін Аязқалаға барып, Көксудан балық аулаймын!» деген шешімге келді ақыры. Жексенбі күні адамдар саябырсыған соң дүкен мен дәмханаларында жалданып істеп жатқандардан бір күндік түсімді жиып ап үйіндегі сейфке тықты да, сапар қамына кірісті. Кеше дайындап қойған керек-жарақтың бәрін машинаға салды.

– Апам ауырып қапты, ауылға барып келмейміз бе? – деді әйелі машинаның есігін аша бергенде қасына келіп.

Күйіп кетті. Бір жаққа барайын деп жатқанда әйел адамның қосарласа кеткенін о бастан жек көреді.

– Немене, мені жолдан қалдырайын деп тұрмысың? Ол кемпір өліп қала қоймайтын шығар. Барармыз ертең! – деп зіркідеп машинаға отырды да, ашумен от алдырды.

Әйелінің «Апам» деп тұрғаны мұның өгей шешесі – Шәрипа. Жасы жет-

пістің төртеуінде. Бірер жылдан бері денсаулығы сыр беріп жүрген көрінеді. Қолындағы баласы Шапағат жиі-жиі қалаға кеп дәрі әкетеді. Жолыға қалғанда ақша берейін десе, байлығы асып-тасып бара жатқандай «өзімде бар» деп алмайды. Ара-тұра әйелін жібергенімен, өзінің ауылға бармағанына бес-алты жыл боп қалды. Қазір қыдыратын заман ба, бірді екі етем деп аласұрып жүр.



Жолайрыққа жақындағанда «Ауылға барсам ба екен» деген ой жылт ете қалды. Осы жолмен батысқа қарай тарта берсе, жиырма шақырымнан соң Қызылқалаға кіріп барады. Теріскейдегі Аязқала да жиырма шақырым шамасында. Машинаның рулін теріскейге бұрды...

Машинасын Аязқаланың шығыс жағына қойып, бір шиша сыраны қотарды да, қармақ салынған дорбаны көтеріп Көксудың жағасына келді. Бес-алты қармақтың ұшына банкідегі жауынқұрттан ілдіріп, қолайлы жерлерге тастап, жібін жуан қамыстың түбіріне байлап қойды. Темекісін құшырлана сорып, салған қармақтарын жіті бақылап отыр. Қамыс басы қимылдаса жетіп бармақ. Кенет ойына дәрігер досы Абзал түсіп жымыып қойды. Отырыстарда арақты суша сіміріп отырған жігіттер бірер сәт дамыл тауып, «Таза ауа жұтып келейік» деп темекі шегу үшін сыртқа шыққанда «Ішкеніміз аздық етіп тұр, кемісіне заһар жұтып өле салайық демейсіңдер ме?» деп күлетін. Шынында да темекі шеккен адам таза ауа жұтушы ма еді? Табиғат қойнында дем алам деп келіп, көк түтіннің құлы боп отырғанын қарашы!

Темекі дегенді кім шығарған екен? Бұл шіркінді қуансаң да шегесің, қайғырсаң да шегесің. Аш болсаң да шегесің, тоқ болсаң да шегесің...

Екінші қармақ байланған қамыс сытыр етіп майысып бара жатыр. Жүгіріп барып жіпке жабыса тартқылады. Білектей келетін сазан ілінген екен. Шығарып ап дорбаға тастады да, қармаққа жауынқұрт ілдіріп, қайта лақтырды.

Мандытып балық ұстай қоймады. Кешке дейін қармаққа түскені екі сазан мен қолдың басындай он шақты аққайран ғана. Сонша жерден келгенде бір дорбаны толтыра алмағанына ренжіді. Қармақты орнын тауып тастамады ма екен? Жоқ, көлдің жағалауына таман қамыс арасында мүйістерді дұрыс таңдады. Балық көл ортасынан жүзіп кеп осындай жерде дамылдайды. Берекесіздігін қатынынан көрді. Бұл елде сапарға бара жатқан еркекті әйел заты шығарып салмайды. Ырымға жаман. Әйелінің киліге кеткенін қарашы!..

Үйден шыққанда осында түнеуді ниет етіп келген. Бәлкім, ертең дорбасы балыққа толар. Қармақтарын балық келеді-ау деген жерлерге тастап, дорбасын көтеріп машинасының жанына келді. Жүксалғыштан кішкене қазан, ошақ пен басқа да керек-жарақты түсірді. Қазан, ошақты ыңғайлылау жерге қойған соң екі сазанды тазалады. Бүгін біреуін жесе, екіншісін таңертең соғып алады. Ай-



наладан бір құшақ отын жиды. Қазанға май құйып, астын жақты. Май әбден қызып бабына келген кезде тұздалып дайын тұрған екі балыққа шамалы ұн сеуіп, қазанға салып жіберді. Балықтың астыңғы жағы піскенде екінші жағын аударды. Өзі балықты бір рет қана аударып пісірсең езілмей, тұтас шығады.

Піскен балықты тарелкаға сүзіп кішкене дастарханға әкелген соң қазанды ошақтан алып қақпағын жауып қойды. Ошақта жанып жатқан отты сөндірген жоқ. Ер адамның өзі жаққан отты сөндірмегені дұрыс, жанып-жанып өзі-ақ сөніп қалады.

Бір шиша арақтың аузын ашып кесеге құйған соң балықтан жей бастады. Дәмі тiі үйіріп тұр. Көксуда балықтың төресі саналатын бекіре, сүген болмағанымен, сазан көп. Сазанды жөндеп қуыра білсең, аққайран, алабұға, жыланбалық, жайынға қарағанда дәмді.

Бір жеп сазанды бітіруге таяп, шишадағы арақтан азғана қалғанда едәуір қызып қалды. Меңіреу тыныштық жалықтыра бастады. Арақ шіркін ішке түскен соң шоққа айналады, біреумен әңгімелесіп әуіріңді шығармасаң, сәні болмайды екен. Батыс жақта қызарып ұясына кіріп бара жатқан күнге көзі түсіп, биіктен тамашалағысы кеп кетті. Аязқаланың үстіне шықса қол созым жерде тұрған сияқты. Бойын бір құштарлық билеп дастарханды жинай салды да, теңселіп Аязқаланың түбіне барды. Атам заманда баспалдақ сияқты етіп салынған, бірақ, қазір жып-жылмақай жерден жоғары көтерілді. Аяғың тайып кетсе қармайтын дәнеңе жоқ, төменге допша домалап кету ғажап емес. Мұншама биік етіп қалай салды екен? Қазірдің өзінде адам көтере алмайтын алып қыштарды қалай қалады екен. Қызғыштау қыштардың мыңдаған жылдар бойы жеміріліп кетпей тұрғанын «Лайы түйенің сүтіне иленгендіктен» деседі жұрт.

Жоғарыға еңтігіп әрең шықты. Алпыс метр биіктікке қиялап салынған баспалдақ арқылы болса да, масайып қалған адамның шығуы оңай емес екен. Қаланың төбесі тегіс. Айналасы биік дуалмен қоршалған. Дуалдың кейбір жерлерінде адамның кеуде тұсынан келетін тесіктер бар. Қала тұрғындары жаудан қорғану үшін жасаған. Осы жерде тұрып садақтың жебесін қарша боратқан шығар. Қаланың солтүстігінде Көксу ағып жатыр. Қала қақпасы – оңтүстікте. Әлгі тесіктерден қарасаң айнала анық көрінеді. Ілгеріде ана бір тұсында



мұнара бар болатын. Қазір құлап қалған. Қаланың солтүстік жағы өрмекшінің торындай ирек-ирек етіп салынған. Егер жау қалаға енсе, қаша жүріп соғысу үшін салынған болса керек. Қарадан шығып хан болған Аязбидің ел есінде данышпандығымен қалғаны анық. Одан қалған жәдігер – мына қаланы көргенде парасатына шек келтіре алмайсың. Айтпақшы, қаланың оңтүстігіндегі

қақпаның жоғарысында аяқ киім бедерленген үлкен ойық бар. Аяз би жұпыны өмірін ұмытпау үшін осы қаланы тұрғызғанда сол жерге шарығын іліп қойған деседі. Ол енді төменнен қарасаң көрінеді. Тәңірберген қала тарихының өзі естіген тұстарын ойлап батып бара жатқан күннің болмашы ғана қызыл шапағына көз тастаған күйі дуалдың жаңбыр мен жел жеп үгітіліп тұрған жерінен мүжіп алып қарады. Көршілері осы қаланың дуалын үгітіп ап, жүзімнің түбіне салатын. Расында да басқаша екен.

– Нағып тұрсың? – деген дауысқа жалт бұрылып артын-дағы ақ көйлекті баланы көрді. Жүзі таныс сияқты. Бірақ, кім екенін есіне түсіре алмады. Мастықтың әсерімен кіп-кішкентай баланың «сен» деп сөйлеп тұрғанын байқамады.

– Батып бара жатқан күнді тамашалап тұрмын. Әдемі, ә?

– Мына қаланы қорғаймын деп шейіт кеткендердің аққан қанына ұқсайды, – деді бала үлкен адамша.

Тәңірбергеннің көзіне қанға бөгіп жатқан әскер елестеп, денесі түршікті.

– Топырағы да басқа жердің топырағына ұқсамайды. Үгітіп көрдім.

– Жаумен шайқасқанда талай адамның қаны тамған топырақ қой! Әркім бір қысым ала берсе, мына қаладан түк те қалмайды, – деп бала ақырын жылыстап төменге түсе бастады.

Әлдебір күштің әсерімен баланың ізіне ерді. Бала елес сияқты дыбысын шығармай төменге түсе бастады. Ілесе жүрді. Бала тура жинаулы тұрған дастарханның қасына барды да, машинаны айналып жоқ боп кетті. Тәңірберген бағанағы шишаны алып түбінде қалған арақты сімірді. Басы айналып жатқысы келді. Әлгі бала машина жақтан көрпеше әкеліп төседі. Төсектің бас жағына жастық қойды. Шешінбестен жата кетті. Бала үстіне аппақ жұқа жамылғы жапты. Көзін жыпылықтата ашып баланың кім екендігін сұрағысы келді. Тілі күрметіліп сөйлей алмады. Бала әріректе мөлііп қарап отырды. Ішін бір алау өртеп ыңырси көзін жұмды. Баланың басын уқалап жатқанын сезді. Жібектей жұмсақ қолдың сиқырынан өзі де балаға айналып кеткен тәрізді...

* * *

Шешесінің қасында жатқан Тәңірберген түн жарымында әлдебіреудің есікті тарсылдата соққылағанынан оянып кетті. Шешесі тұрып барып есікті ашты. Қисалаңдап кіріп келген әкесі ақырды:

– Мәрзия, арақ әкел!

– Ақша жоқ болса, өзімді сатып әкелем бе? Аяғыңның үстінде әзер тұрсың. Осы ішкенің жетпей ме? Жатсаңшы, жұрттың мазасын алмай, баланы оятып жібересің.

– Бір шиша тауып қайт. Ана Сәлима дүкеншінің үйіне ба-рып, қарызға ал.

– Ондағы қарыз әлі төленген жоқ.

– Тауып кел! – деп шешесінің жағына тартып жіберді.

Шешесі айқайлай кетті:



– Иттен бір сүйек қарызымыз бар. Бір үзім нанға зар болып отырғанда сенің арақ не теңің?

– Тілің шығайын деген екен ғой, – деп шешесінің шашынан сүйрелеп тепкілей бастады. Шешесінің шынғырған дауысы шықты. Үйдің іші алата-сыр боп кетті. Тәңірберген қорыққанынан жылап жіберді.

– Балам... кеттік... арақ ... әкелеміз, – деді шешесі сыты-лып шығып.

– Баланы алып біреудің үйіне қашып кетпексің ғой, – деді әкесі.

– Тәңірберген менің жанымда қалады. Арақ әкелмесең, мойнын бұрап-бұрап жұлып аламын!

Тәңірберген есікке қарай ұмтыла бергенде әкесі ұстап алды.

– Құдай атсын сені! – деп шешесі жеңімен бет-аузының қанын сыпырып, сыртқа шығып кетті.

Әкесі Тәңірбергенді сүйрелеп төсегіне әкелді.

– Үніңді өшіріп жат!...

* * *

Таңертең ояна сап апасының төсегіне қарады. Бос тұр екен. Демек, әлі келмейті. Бөлменің ішіндегі жағымсыз иістен тыныс алу мүмкін емес. Есік аузында әкесі құнысып жатқан екен. Айналасына құсып тастаған. Әкесін айналып өтіп сыртқа шықты. Әжетханаға барып кеп үй алдынан ағып жатқан арықтағы суға бетін жуды. Апасын іздеп елеңдей көшеге қарағанда Жақып шал бастаған бір топ адамның келе жатқанын көрді.

– Сәлем, – деп бәрінің қолынан алып шықты. Тура қасына келгенде:

– Балам, әкең үйіңде ме? – деді Жақып шал.

– Иә. Ұйықтап жатыр.

Адамдар топырлап үйге кіріп кетті.

«Апам ауыл ақсақалдарына шағымданған шығар, – деген оймен сыртта қалып кетті. – Шалдар қанша рет үйге кеп әкеме ұрысқан. Бәрібір пайдасы жоқ, ішкенін қоймайды».

Сыртта серейіп біраз тұрған соң «Шалдарға айтқан болса апам да кеп қалар, оқуға барайын» деп ішке енді. Қоржын тамның оң жағындағы әкесі жатқан бөлменің есігі жабық. Сол жақтағы бөлмеге кіріп киімін ауыстырды да, папкісін алып шықты. Төрт-бес үйдің тұсынан өте бергенде жанынан жеңіл машина өтіп кетті. Артында он шақты ауыл әйелдері келе жатыр екен. Сәлем берді. Бәрі бетінен сүйіп, басынан сипап қойды. Ештеңеге алаңдамай мектепке барды. Сабақ әлі басталмаған екен. Сыныпқа кіріп папкісін қойды. Балалардың бәрі қасына кеп амандаса бастады. Тіпті, әшейінде көзінің қиығын салмайтын қыздар да сәлемдесіп, қолын қысып қойды. Тосын өзгеріске таңғалып сыныптан шықты. Сабақ басталғанша сыртта жүргісі келді.

– Екінші сыныпта оқитын Тәңірберген деген баланың апасы қайтыс бопты.

– Неден?

– Түнде үйінен қашып шығып Рахым атаның ескі жыңғыл қорасының ішінде жатқан екен, жылан шағып апты. Таңда өріске мал айдап бара жатқандар



көріпті. Біздің көршінің машинасымен мәйітін үйіне әкетті, – деп екі қыздың сөйлесіп тұрғанын естігенде төбесінен жай түскендей болды. Бір сәт мәңгіріп тұрып қалды да, «Апа-а!» деп жүгіре жөнелді.

Зар еңіреп жеткенде аула адамға толып үлгерген екен. Үйге кірмекші болып есікке ұмтылды. Әлдебір мықты қолдар ұстап жібермей қалды.

– Апама барам! – деп жұлқынды.

– Жібер!

– Апаң қалаға қыдырып кетті, айналайын, – деді біреу.

– Апам өліп қалды, неге алдайсың? – деп шыңғырып ұстап тұрған қарулы қолдарды тістеледі, тырнады. Бірақ, босана алмады.

– Балаға обал болды-ау!

– Құдай аясын!

– Үйіңе апарып жатқызып тастатасаңшы. Ауырып қап жүрер байғұс бала.

Зар еңіреп жұлқынғанына қарамастан көтеріп әкеп, көрші үйге кіргізді. Өзін ұстап алған Жұмабай доктор екенін білді.

– Аға, мені жіберіңізші, апамды көргім кеп тұр, – деп жалынды Тәңірберген.

– Адамдардың көзінше жылап жүргенің ұят болады. Су ішіп, еңтігіңді басып ал, – деп Жұмабай доктор бөлмеден шығып кетті.

– Қазір өзім апарам. Апаңды дәрігерлер қарап жатыр. «Дәрігерлер қарап жатса әлі тірі екен ғой!» – деген ой сап ете қалды миына.

– Жазылып кетсінші! Апам өліп қалса мен істеймін?»...

Жұмабай доктор кесемен су әкелді.

– Мынаны ішіп жібер. Қазір кетеміз.

Тезірек апасының жанына барғысы кеп суды қалдырмай ішті. Дәмі кермектеу екен.

– Енді кішкене отыра тұрайық, дәрігерлер тексеріп болсын, – деді Жұмабай доктор.

Көп өтпестен көзінің алды қарауытып, отырған жерінде қалғып кетті.

Көзін ашқанда жалғыз өзі жатқанын білді. Дереу тұрып сыртқа ұмтылды. «Жыласам, тағы кіргізбей жүрер» үнсіз үйіне беттеді. Үй алдындағы адамдардың қарасы азайған екен. Сол кезде жүк машинасы кеп тоқтап жиырма шақты адам түсе бастады.

– Сүйекшілер келді тамақтарыңды дайындаңдар, – деді біреу есік алдында жүргендерге.

«Сүйекші» деген сөзді естігенде апасының шынымен де өлгенін бірден аңғара қойды. Көршісі Қасым шал өлгенде қорымға әкеткен адамдарды сүйекші деп атағанын естіген. Сонда Тайыр молда улап-шулап жылаған қыздары мен немерелеріне «Өлгеннің артынан жылауға болмайды. Көз жастарың өзенге айналып марқұмның жұмаққа кіруіне бөгет жасайды» деген. Тас түйін боп қатып қалды. Жанарынан бір тамшы да жас шықпады. Мына өмірдің бар азабын тартқан шешесінің жұмаққа кіруіне кедергі жасағысы келмеді.

Апасы жанында бар кезде әкесінен көрген қорлығын лезде ұмытып, ай, жұлдыздарды тамашалауға келген сияқты тұңғыық көкке қараған күйі ар-

мандарымен бөлісетін. «Өскенде бар ғаламға шуағын шашып тұрған анау ай, жұлдыздар сияқты адамдарға тек жақсылық сыйлайтын адам болам» дейтін. Апасы «Балам, ниетіңе жет» деп маңдайынан сүйетін.

Енді міне, қалың мияның ішінде жалғыз өзі жатыр. Салқын самалдан денесі тоңазыған сияқты. Бауырына алып жылытатын апасы жоқ. Шалқалай жатып аспанға көз тастады. Апасы екеуі меншіктеп қойған қос жұлдызды тапты. Апасының жұлдызына қарағанда іштегі өксік атқылап шықты: «Апа, сен неге мені тастап кеттің? Мына жұлдыздар сияқты үнемі бірге боламыз деуші ек қой! Жұмаққа жетіп алған шығарсың, кедергі келтірмейін деп жыламадым. Мені көріп тұрсың ба, енді мен не істеймін? Сен өлгенше әкем өлсе болмас па еді? Оның жер бетінде ешкімге қажеті жоқ қой! Сен маған керек едің. Сенің бар қайғыңды ұмыттыру үшін жақсы адам болам дейтінмін. Енді кім үшін жақсы адам болам?..».

«Балам, мен сені ана тұңғық аспанның төрінен үнемі бақылап отырам. Әкең де кетеді. Саған жақсы адамдар жолығады. Жалғыз қалғаныңа қамықпа. Көңілің таза болса, арманыңа жетесің!» – деп апасы басынан сипалап жатқанда оянып кетті. Әлдеқашан таң атып кеткен екен. Апасының бауырына тығылғандай бүрісе түсті. «Балалар мектепке бара жатқан шығар. Ешкімнің көзіне түспей-ақ қояйын. Сабақ басталып кеткен соң үйге барармын» деп ойлады.

«Енді мен апамның ізі қалған бұл маңайға күнде кеп тұрам, – деп ойлады. – Сағынғанымда жеміс ағаштарының апамның қолы тиген жерлерін сүйемін. Ол бәрін төбеден көріп тұрады».

Сабақ басталып кетті-ау деген кезде мия арасынан шығып, үсті-басын қақты. Айналада ешкім көрінбеген соң баудың аяқ жағынан жүріп күре жолға түсіп алды. Үйінің алдында тағы да адам толып жүрген екен. Алыстан байқанды. «Кеше келмей қалған ауыл адамдары бүгін келген шығар» деп ойлады. Алдында кетіп бара жатқан әйел мұны байқамай үйінің алдындағы қраннан су алып жатқан әйелге айқайлады:

– Әй, жүрмейсің бе, ана Мәрзияның күйеуі де өліп қапты ғой!

– Не дейді?

– Әдейі ішті ме, әлде арақ таппай ішті ме, сірке суын ішіп өлген дейді. Ана доктор қайным қоңырау соққан соң шалым бағана кеткен.

Тәңірберген жол бойында тұрған әйелдің қасынан самсоз боп өтіп кетті. Су алып жатқаны мұны байқап қап, тілін тістей қойды. Әкесінің өлгенін естігенде көңілінде ешқандай өзгеріс байқалмады. Табиғи жағдай сияқты қабылдады.

Үйіне жеткенде «Балам-ау, сен қайда жүрсің?» деп Шәрипа апай адамдардың арасынан суырылып шығып қолынан жетектеді де үйіне әкетті...

Он шақты күннен соң мектеп директоры Жақып шал бастаған бірнеше адамды ертіп келді. Бөлменің есігін жауып ап үй иелерімен ұзақ сөйлесті. Біраздан соң Шәрипа апай шығып мұны ішке алып кірді. Бәріне сәлем берді де, босағада отырды.

– Балам, тағдырдың жазуына көнбеске шара жоқ, – деді Жақып шал.

– Ендігі жағын ақылдасайық деп келдік.

– Тәңірбергенжан, біз тиісті орындармен кеңесе отырып сені балалар үйіне жібереміз деген шешімге келдік. Ол жерде жақсы оқытады, бес мезгіл тамақ береді. Жаңа достар арттырасың.

Балалар үйі дегенді теледидардан көргені бар. Жетім балалар тәрбиеленетін жер ғой! Оған кетсе апасының жүрген жерлерін көре алмай қалады. Бірден бас тартты:

– Мен ол жаққа бармаймын. Өз үйімде тұра берем.

– Шырағым-ау, онда жалғыз өзің қалай тұрасың? – деді бейтаныс кісі.

– Онда тағы бір әңгіме бар, – деді Жақып шал.

– Мына Құралбай мен Шәрипа сені бала етіп аламыз деп отыр. Бұған қалай қарайсың? Осы үйде жасауға келісесің бе?

Тәңірберген «Иә» дегендей басын изеді.

Бейтаныс адамдардың бірі мұны оңаша бөлмеге алып кетіп сөйлесті. Әуелі балалар үйінің жағдайын айтты. Қасарысып көнбей қойған соң бұл үйдегі ахуалға қызықсынды. «Уақытыңда тамақ бере ме?», «Ұрып соқпай ма?» деп қайта-қайта сұрады. «Мұнда бәрі жақсы» деген соң әлгі кісі шығып кетіп, екіншісі кеп сұрақтың астына алды. Бұған да алғашқысына айтқандарын айтты. «Егер бір қиындық көретін болсаң мұғалімдеріңе айт. Біз көмектесеміз» деді ол кетерінде.

Содан Тәңірберген Құралбай мен Шәрипаның он бірінші баласы боп қалып кетті.

Тәңірберген киім, тамақ мәселесін мүлде ойламайды. Шәрипа апай балаларынан кем қылған емес. Тек апасын сағынады. Мектептен шыққан кезде бірге жүрген жерлерін бір шолып шығады. Екі-үш жылға дейін қатты қамығып жүрді. Одан соң өмір ағысына бейімделе бастады...

* * *

Тәңірберген масаның шаққанынан оянып кетті. Көргендері өңі әлде түсі екенін ажырата алмай мәңгіріп орнынан тұрды. Күн арқан бойы көтеріліп қалған екен. Жауырыны қиыршық тастар батқандықтан сыздап тұр. Айтақырда жатқан екен. Жанында жинаулы дастархан, балық салынған дорба тұр. Әрменірегіндегі қазан, ошақты көрді. Балық аулауға келгені есіне түсті. Құбыла жағына қарап машинасын көзі шалды. «Түнде бір ақ көйлек киген бала төсек салып берген сияқты еді ғой!» деп жан-жағына алаңдады, ешкім жоқ. Ешқандай төсек те көрінбейді. Баланы көргенін анық біледі. Ана Аязқаланың тө-

бесінде тұрғанда соның ізіне еріп осы жерге дейін келген. Баланың жүзін есіне түсіруге әрекеттенді. Таныс бала секілді еді...

Кенет баланың бейнесі көз алдына кеп селк ете қалды. Тұла бойынан тер шығып кетті. Ол бала мұның өзі еді. Апасы әперген ақ көйлекті киіп жүрген кезі. «Есімнен ауыса бастаған сияқтымын ба?» деп білегін шымшып көрді. Денесі кәдімгідей ауырсынғанды сезді.

«Қара басып, кеше жұлдыздарға қарамай ұйықтап қалғам ғой! Апам ренжіген шығар, – деп ойлады.

– Бірақ, тұңғық аспанға қарап жатпағалы да біраз болды. Мен қашан жұлдызыма жазып қалдым? Апамның жұлдызын қашан жоғалтып қойдым? Неге түсіме өткен өмірім кірді?» деп күбірлеп Аязқаланың түбіне барып қалды. Төбесі көкке тиейін деп тұрған биік ғимаратқа қарады. Ескі қаланың ұлылығы еңсесінен басып, өзін өте әлсіз кіп-кішкене жән-дік сияқты сезініп кетті. Көзі қақпаның үстіндегі аяқ киімнің сұлбасы бедерленген ойыққа түскенде бетін басып отыра қалды. Ұяттан өртеніп кете жаздады: «Мен өткенімді ұмытқан екем ғой, жақсы адам болам деп апам берген сертім қайда? Ақша табудан басқа қолымнан не келді? Апамның ізі қалған ауылға бармағаныма қанша болды? Апам демекші... кеше Шәрипа апайды ауырып жатыр деп еді ғой! Мен неге оның жақсылығын ұмытып кеттім? Алшаң-алшаң басып жүргенім соның арқасы емес пе? Ауырып жатқан шағында аузына бір тамшы су тамызуға да жарамай қалғаным ба? Шәрипа апайдың он баласы, қырық-елу немересі бар. Менсіз де аузына су тамызатын адам жетеді. Бірақ, менің орным бөлек еді ғой!...» – деп орнынан тұрды. Аязқалаға өткеніне қайтарғаны үшін риза кейіпте назар тастады. Қаланың төбесінде сақалын салалап тұрған Аяз би елестеп кеткендей болды.

Жүгіре басып келді де, ештеңеге қарамастан машинасын от алдырды. «Мен жетіп барғанша Шәрипа апай аман болғай!» деген ой өтті қиялынан...





ӘЛІМҒАЗЫ ДӘУЛЕТХАН

*тарих ғылымдарының кандидаты,
жазушы*

ҚЫТАЙ ҚАЗАҒЫНЫҢ АС БЕРУІ

«Айқап» №12, 30 июнь, 1913 жыл.

Қадірлі оқырмандар, назарларыңызға ұсынылып отырған осынау шағын этнографиялық жолжазбаның «Айқап» журналында жарияланғанына түп-тура 109 жыл болған екен. «Айқап» журналының сол жылдардағы ерікті тілшісі Молдағали Бектурлин деген Алаш азаматының көзімен көріп, қолымен ұстағандай болған шағын мақаласының этнографиялық тарихи-тағылымдық, әсіресе **саяси** мән-маңызы орасан зор еді.

Құлжаның солтүстік жағында күншілік жерде «Турасу» деген жерде Жабықбай зәңгі әкесі Бұлғыншы ақалақшының ұлысной (болысной управительдің) опат болғанына бір жыл толғанында ас берді. Асқа 14 ұлыс (болыс) ел шақырылып, бөтен, шақырылмаған халықтың да әр қайсысына келу рұқсат екенін бір ай бұрын халыққа мағлұм етті. 25 рамазанда аттарымызды алып, асқа баруға деп жолға шықтық. «Шыққан күні жақсы адамға қонса жолы болады» дегенменен ауылдан 15 шақырым «Өрікті арал» деген жердегі Жайпақ зәңгі деген бір байға қондық. Ол күні бір көк қасқа қойдың етін жеп, ерте тұрып, Күнестің бойымен жүріп отырып, бір елге келіп қондық. Екінші жағымыздан Естемес ұлыстың баласы Ноғайбек (болыстың) Ноғайбек мырза келіп қонды. Бәріміз үш ауылға қонып ерте тұрып елу шақты адам бірге атандық. Ноғайбек мырза орысша, қазақша екі жағынан да хабары бар, тәуір ғана білімді жігіт екен. Орысшаны алты жыл Құлажада өзіне арнап учитель ұстап оқыпты. Бүтін Қызайда бізден артық кісі жоқ деп жүрген, һәм балаларының «Надандығымнан айрылып қалармын» дегендей оқу десе, ат тонын ала қашатын бір заманда бұл мырзаның орысша, қазақша екі жағына бірдей жетік болуы таңқалдырарлық бір іс еді. Қызайда оқушы һәм оқытушылардың өте аз екені әркімге белгілі ғой. Ал, енді оқу іздеп шетке кетушілер тіпті жоқ еді. Бытырғы жыл оқимын деп шетке кеткен Қызайдың бірінші жігітін Алматыға барған жерінде орыс үкіметі «шпионсың» деп қайта қуып жіберді. Келелік, енді мақсатқа, жоғарыда елу шақты адам бірге аттанғанымызды айтып едім.

Сол күні жүргеннен жүріп отырып «Ұты» деген асуменен «Қас» деген өзенге келдік. Ол өзеннің бір жағы қазақтікі, екінші жағы қалмақ жері екен. «Осындай кез келгенде көре кетейін, қалмақтың үйі қандай болады екен» деп бір үйіне барып кірдім. Тәңірім сақтасын, туғаннан бері ондай насын (нас) халықты көрген жоқ едім. Ерлер... (1) қап-қара, үстеріне қарасаң адам құсарлық. Кірлерін жумайды екен, оқу оқытудың не екенін білмейді, ламалары (2) не істе десе соны істеп жүре береді екен (үлкен молдасын лама, онан төменіректерін келең, кешіл деп атайды екен). Сол күні Қас бойында Төлеңгітке қонуға келе жатқанымызда, екінші жағымыздан Тәж төре балаларынан біреуі отыз шаиалы адаммен келіп қосылып, бәріміз бір ауылға қондық. Түнде қой союға келгенде семіз-семіз қара қой, қара ешкілерді алып кеп еді «Ат алып бара жатырмыз, қасқа болмаса жолымыз болмайды» деп сойғызбады. Сонан соң екі қасқа мал алып келіп, батамызды алып сойып берді. Қонағасыға Қызайдай ел жоқ шығар дедім. Қызайда біреу қонағасы бермесе ауылнай, старшинасына апарып штраф салғыза алады. Бір қойын, я астына салып жатқан текеметін алып кетеді.

Онан шығып 80 шамалы адам жүріп отырып Тараншы қышласы деген қышыладан өтіп әр ауылға бөліне бөліне қондық. Бұл ел Күнес еліндей емес екен. Себебі шаһарға жақын жерге жарлы. Елінде налог жинаған қытай жатыр. Бір үйге 40-50, кейбір үйлерге 70-80 қойдан алым салып, бұл салғаның көп дегенге қытайекең дүре соғып жатыр.. Қытайдың шабарманынан қорқып кейбіреулері жылқысын қалың қарағайдың ішіне айдап тығып жатыр. Ертеңгі күн рамазан айы еді. Аттанып келе жатыр едік, бір жерде тау басына жиналған бірталай адамды көрдік. Айт оқуға жиналған адамдар шығар деп, қаттырақ жүріп жұрт жиналған жерге бардық. Екі-үш кісі кезек-кезек «сапа-сапа» деп айғай салып жатыр екен. Анық айт оқуға жиналған жұрт екені білінген соң біз де аттарымыздан түсіп сапқа кірдік. Біраздан кейін бір сағат шамасында кітабын реттеген соң, құтба оқыды. 80 жастағы бір молдаға ұйып айт намазын оқыдық. Намаздан соң құтба оқығалы түбі жоқ бір кітапты қолына алған молдекең түрегеліп еді. Молдекеңнің қолынан кітапты жел бөлек-бөлек қылып ұшырып әкетті. Әр парақты бір қазақ қуа жөнелді. Көп кісі қуалаған соң қойсын ба, бәрі де молдекеңнің алдына ұстап әкеліп берді. Қашқарлық молда бір сағат шамасы кітапты реттеген соң құтба оқыды. Бірақ не оқығанына түсіне алмадым. Ол сияқты құтбаны я арабстанда, яки Түркияда болмаса, Түркістан, Қазақстанда еш естіген жоқ едім. Сол күні бұрын менде баласы оқыған Күржекей деген молданың үйіне қонуға келдік. Хош көріп қабыл алды. Түнде әңгімелесіп отырғанымызда сөз арасында үй иесі молда: «Жақын арада бір Сейтзада араб келіп үйімізге түсті. Бір мезгілде үйдің уығына қыстырулы баланың кітаптарын алып қарап отырғанда, «ротный мир» деген орысша әліппе кітабын көріп, оның ішіндегі әртүрлі суреттеріне де көзі түсіп: «Мынаны кім оқиды, кім оқытады? Оқыған баланы тап атып өлтіремін, оқытқан молданы тап халифаның алдына шақыртамын, ол молданы ұстаған кісіге дүре соғамын, бұл орыс кітабы, бұл кітап келгеннен бергі ораза, намаздарың қабыл емес, кафаратына (3) беру тиіс» деп қолына алты атарын алып, ашу қылған соң, бала

үйде жоқ молда еліне қайтып кетті., молданы ұстаған кісі бұл күнде алыста» деп қорыққанымыздан кәфаратына 20 сом менен бір жақсы ат сұрап еді. Жалынып отырып алты сом ақша, бір дөнежін байтал беріп һәм ағайын туғандарымызды аралатып, елу сом шамасы ақша жинап беріп жолға салдық.

Жарықтық мінезі өте қатаң кісі екен, берегнен де, бермегеннен де ала алатын жайы бар көрінеді. Осы елден күмісті жүген, құйысқан көп алып кетті» деп мені ажалдан құтқарып қалған кісідей болып, сөйлеп отырды. Ішімнен: «Әй, надандық-ай!» дедім де отырдым. Бөтен не деймін. Бұл молданың үйінен аттанып, Шөлжота, Көгершін, Қайшы деген жерлерден өтіп, ас беретін Майтөбе деген жерлерге жақындадық. Бұл жерлер сол маңайдағы елдің жазғы жайлауы екен. Ағаш һәм жердің шөбі адам айтқысыз, **бұл жерлерді көргенде башқұрттардың Орал таулары есіме түсті. Ішімнен әгар бұл жерлер бір өнерлі жұрттың қолында болса, қандай болар еді? Жердің қадірін білмеген елде бір тиынға да аспай жатқаны-ай деп Россияға қараған қазақтардың жерлерінен айрылғаны есіме түсіп, бұлар да бір күні бұл жерлерден айрылады-ау деп көңілім елжіреп қойды.** Біз келгенде ел көшіп, азайған екен. Бәзісі (кейбір) асқа кейбір келетұғын елден қоқып, қой-қозымызға зарары тиер деп, бәзісі өздерінің көшетұғын мезгілдері болып көшіп жатыр екен. Бұл Тураасудан Шәуешекке жақсы атпенен екі қонып кіреді дейді.

Тап сәрсенбі күні Майтөбеге жақындап келіп, біздің елдің итибарлы (құрметті) адамдары Исламжан болыс та жатыр екен. Біз де сонда түсіп, ет, шай, қымыз ішіп, бүтін Бегімбет деген ел бірге қосылып, екі жүз шамалы кісі Исламжаннан шығып, екі шақырым жердегі Бұлғыншы ұлыстың асын берген үйге бірден: бауырым-ай, бауырым-ай, қалиям-ай, қалиям-ай, қорғаным-ай, қорғаным-ай деп шапқан бойымызбен келіп түстік. Тап Бұлғыншы үйінің басында бір ақ ту желменен бір ары, бір бері шайқалып тұр еді.

Алдымыздан қарсы алуға шыққан кісілер аттарымызды байлап қалды. Біз есік алдында «Хош келдіңіз» деп қол қусырып тұрған Жабықбай мырзаға амандасып, «атаңыз иманды болсын» деп үйге кірдік. Біз кірген соң 4 қатын шымылдықтың артынан жоқтау бастады. Төртеуі бір әнменен, бұлар жарты сағаттай жоқтау айтқаннан кейін, төрт қыз Бұлғыншы марқұмның әр түрлі жақсылық салтанаттарын айтты. Үй іші лық толған кісі бір сағаттай бұлардың айтқанын тыңдап, ишандардың ханқасында отырғандай әркім басын төмен салып, мүлгіп отырды. Ақырында құран оқылып, дұға қылынды. Сонан соң екі кісілеп көтерген дастархан мен бауырсақ, қант әр түрлі закоскеменен шай берді. Үй зор, 8 қанат. Үш жерге темір керует орнатылып, әр қайсысы жібек кілеммен жабылған. Шай ішіп отырып, шамалап үй ішінде жиырма мың сомдық жасау бар-ау дедім. Бүтін үйдің іші нақыш, безек, жоғарыда түрлі-түсті шымылдық, түрлі-түсті ішік, түрлі-түсті мәіт шапан ілулі тұр. Төрден есікке дейін әртүрлі қымбатты кілемдер төселіпті. Шайдан соң бәрімізді он шақты үйге бөліп кіргізді. Жиылған кісі үш мың шамасында болды. Әр екі үйге бір бие, екі қой сойыс берді. Әр үйге екі түнге жетерлік нан, қант, шай, тұз, күріш берілді. Бұларды пісіруші һәм пісіретұғын аспап бәрі де бар. Ертеңінде күрес



болатұғын болды. Әркім ұранын шақырып, тауға шықты. Үстерінде дамбалдан басқа киім жоқ. Әр екі топтан жалаңаштар шығып күресе батады.

Күресіп жүргенде бауы үзіліп кетіп бір балуанның дамбалы түсіп қалды. Жалаң бұт қалған балуан «екеуіміз бірдей болайық» деді білем, ана балуанның да дамбалын әдейі жыртып тастады. Сөйтіп екунде де белбеуден басқа киім қалмады, анадан тума жалаңаш алысып жүрді. Сондай-сондай қызықпенен ол күн батты. Ертеңінде ат шабыс болды. Үш мың кісі екі күн, екі түн тамақ тойдырып тарқасты. Асқа 150 шамасы үй тігіліп, 156 жылқы, 250 қой сойылды. 106 ат шапты. Бас аттың бәйгесі мың теңге мен бір түйе, жеті елге сыйға 21 ат берілді.

Әгар Жабықбай мырза осы расходты Қызай балалары үшін бір мектеп салуға жұмсаса өзі һам атасы үшін қияметке шейін үзілмейтұғын бір сауап болған болар еді.

Молдағали Бектұрлыұлы

Жолжазба жөнінде бірер сөз

Мен 1975 жылы Шымкент қаласындағы Пед. Институттың соңғы курсында дипломдық жұмыс қажеттілігінен ректордың арнайы жазған хаты бойынша, республикалық ұлттық кітапхананың (сол тұстағы Киров атындағы) сирек қолжазбалар қорында 15 күн отырып жабық қордағы «Айқап», «Қазақ», «Шора», «Тәржіман» т.б. газет журналдардағы өзіме керек болар-ау деген өлең-жыр этнографиялық жазбалар, әлем жаңалықтары, түркі елдеріндегі жаңалықтарды, әсіресе Қытайдағы қазақ, ұйғырға қатысты деректерді оқып, көшіріп алып едім. Сол деректердің ішіндегі ең маңызды деген екі материал мені қатты қызықтырған болатын.

Бірі 1914 жылғы «Айқаптағы» Жәке бидің асына байланысты марқұмның өсиет-аманаты деген жолдар еді. «Керейдің Жәкесі, кедейдің әкесі атанған Марқұм «жаңаза-пидияға арнап аталған малдың ақшасының бір бөлегін Түркияның әскери-теңіз флотының есеп шотына аударылсын» деген өсиетін балалары орындап, әке аманатын жеріне жеткізді деген хабарды оқып таң-тамаша күйге түстім Құдай-ау, Түркия қайда, Өр Алтай қайда? Тау сағалап көшіп-қонып жүрген Керейдің Жәкесі түріктердің – дүниежүзілік соғысқа кіріскен әскери-теңіз флотының қамын жеп, қол ұшын созғысы келеді.

Оқымаған қазақтың ХХ ғасырдың бас кезіндегі тұтас түркілік, бауырмалдық ұлттық, мемлекеттік санасы ХХІ ғасырдың бүгінгі ай күндеріндегі санасынан жоғары болмаса, төмен емес екеніне риза боласың, әрі бүгінге керек тағылымдық өнеге боларына үміт артасың.

«Айқап» жорналында жарияланған М.Бектурлиннің «Қытай қазағының Ас беруі» атты шағын жолжазбасын бүгін қайта оқып отырып, тағы да сан түрлі ой-қиялға ерік беріп, бүгінгі замандастарым мен кейінгі жас ұрпаққа тағылым боларлық мынадай аса маңызды ой-тұжырымдарымды ұсынғым келді.

1. Шағын жолжазба бүгінгі арғы беттегі мен бергі беттегі жас ұрпаққа

және этнографтарға бір ғасырдың алдындағы қазақтар өмірінің жәй-жапсары мен бүге-шігесін тәптіштеп жазып қалдырғаны аса бағалы қазына екендігі. Қытайға қарасты қазақтар шоғырлана қоныстанған Іле өзенінің қақ басы болған Күнесті өзенін бойлай 200 шақырымдық жол басып атақты Бұлғыншы байдың асына бара жатқан жүздеген адамдық жолаушылармен бірге жүрген Молдағали небір тамаша естеліктер қалдырады. Басқасын айтпағанда бір шоғыр жақсы жайсаңдарды қонақ еткен бір ауқатты ауыл адамдары, бірнеше семіз қара қойлар мен ешкілерді көлденең тартып «әумин» дегенде жүргіншілердің бір ақсақалы «біз асқа үкілеп ат, алып бара жатырмыз. Қасқа болмаса жолымыз болмайды» деп сойғызбайды. Сонан кейін екі қасқа мал алып келіп сойып берді», - деп жазады.

2. Қытайдағы сол ерке қазағынды жайлаған сауатсыздық пен діндік ақуалдың соншалық ауыр екенін де, құран-аяттарын жөндеп айта алмайтын алдамшы ұйғыр, қожа молдалардың күлкілі әрі аянышты іс-әрекеттері зығырданыңды қайнатады екен, тағы бір жағынан сондай алдамшылардың айтқанын орындап далбақтап жүрген қазақ үшін ұялады да екенсің.

3. М.Бектурлиннің ұлтжанды Алаш азаматы екеніне риза болып, оның отаршыл орыс-қытайлардың ұлан байтақ қазақ жерін пышақ үстінен бөліп алғанымен қоймай, жер иесі қазақты тоздырып, шұрайлы жерлерін тартып алғанын, сол сияқты Іленің соншама көрікті құт мекен екенін көріп келе жатқан М.Бектурлин: «Бұл жерлерді көргенде Башқұрттардың Орал таулары есіме түсті. Ішімнен ағар ...Россияға қараған қазақтардың жерлерінен айрылғаны есіме түсіп, бұлар да бір күні бұл жерлерден айрылады-ау деп көңілім елжіреп қойды», - деген жолдарды оқығанда, сонау 1975 жылы, кітапханада отырып егіліп жылағаным есіме түсіп отырғанда, қазақтың нағыз ұлттық трагедиясын айдай әлемге паш еткен мына өлең жолдарымен біздің жалпыетек бейғам қазақтар да таныссын деп ұсынғанды жөн көрдім:

4. Алаш азаматы Молдағалидың құрметпен еске аларлық тағы бір өнегелі сөзі оның «үш мың кісі екі күн, екі түн тамақ тойдырып тарқасты Асқа 150 шамасы үйтігіліп, 156 жылқы, 250 қой сойылды. 100 ат шапты. Бас аттың бәйгесі мың теңге мен бір түйе, жеті елге сыйға 21 ат берілді. Әгар Жабықбай мырза осы расходты қызай балалары үшін бір мектеп салуға жұмсаса өзі һәм атасы үшін қияметке шейін үзілмейтұғын бір сауап болған болар еді», деген арманмен аяқталады.

Дегенмен Молдағали мырзаның ол арманды ойлары аяқсыз қалмағанын ескерер болсақ, Жабықбай Бұлғыншыұлы Іле өңіріндегі қазақтардың ең алғашқыларының бірі болып Құлжа қаласының солтүстігіндегі Жырғалаң деген жерде үш бөлмелі мектеп салдырып бала оқытуға кіріседі.

«Қызай елінің Ас беруі» атты шағын жолжазбаны назарларыңызға ұсынуға түрткі болған Қытайда тұратын аты белгісіз бір ақынның және Қазақстанға оралған талантты ақын Әділеттің «Ауылға бардым...» атты шерлі жыры түрткі болған еді.



Ауылға бардым...

Мен сонда рас біртүрлі болдым.
«Қазақтар сонша еріншектер» деп,
«Пейілі дарқан көңілшектер» деп.
Алаштан қалған алтын алқаптар,
Толыпты өзге келімсектерге.
Туысым жалғыз апанын сатқан,
Астындағы атын, шапанын сатқан.
Күзеуліктегі күрең белдерге,
Заводтар кепті зәһарын шашқан.

Зәһары сосын даланы басып,
Байтақ адырлар барады жасып.
Қара қошқылдап арсалаңдайды,
Аждаһа тектес аранын ашып.

Әділет Ахмет

Қадірлі, Алаш азаматтары, осынау бір ғасырдың басы мен аяғында қазақ халқының басынан кешкен қыйлы тағдыры жөніндегі үш азаматтың үш түрлі естеліктерін назарларыңызға ұсынудағы мақсатымыз, айналып келгенде Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» ұранын тағы бір рет еске алып, ойланып, толғануларыңызға түрткі болар деген үкілі үміт еді.

Автор жөнінде айтарымыз:

Молдағали Бектұрлыұлы кіші жүз, Алшын ата ұрпағы. Түркияда оқып, Еуропаны аралап қайтқан жігіт еді. 1909 жылы қызайдың атақты адамдарының бірі Сатыпалдымен танысып өзінен бес-алты жас кішілігіне қарамай білімін құрметтеп, Күнес ауданына мұғалім болуға шақырады. Молдағали 1932 жылға дейін Сатыпалды ауылында тұрып ағартушылықпен айналысады. «Айқап», «Қазақ» басылымдарына Қызай елі хабарларын жазып тұрған тілшісі болды, арада 1926 жылы туған жері Оралға барады 1927 жылғы Орал губерниясының өлкелік газеті «Қызыл тудың» кей сандарында халықаралық тілші ретінде Қытайдан жіберген хабарлары кездеседі. 1932 жылы Жайық бойында туылған Алаш азаматына, Іле бойынан топырақ бұйырады.

Молдағали бұл жылдары жәдиттік оқумен қатар Алаш идеясының да таралуына бастамшы болады.

Молдағали Бектұрлин Іле аймағында болған 22-23 жылда сексеннен аса дарынды балалар білім алып, Іледегі төрт қызай еліне және бүкіл Шығыс Түркістанға танымал көптеген зиялылардың ұстазы ретінде құрметтелген.



СӨЗЖҰМБАҚ

1. Азат елдің аспаны
2. Адам алаң үшін емес, тәуелсіздік үшін
3. Тәуелдінің соры қалың, бағы басым.
4. Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы –, халқы – қаһарман
5. Азат елін сүйген ұл — бақытты,
Жаңа жұртын сүйген қыз —
6. Тәуелді елдің болғанша, тәуелсіз елдің ұлтаны бол!
7. Тәуелсіздік – тұлпарының қос тізгіні.
8. Тәуелсіздік туы —
- 9 да, қараның да рухани өзегі – тәуелсіздік.

			1.				Қ				
			2.				А				
3.							З				
			4.				А				
			5.				Қ				
			6.				С				
			7.				Т				
			8.				А				
			9.				Н				



Bilim Innovations Group орталығының
компьютер бөлімінде теріліп, беттелді.

ТУҒАН ТІЛ

КОРРЕКТОРЫ:

Данагүл Асылжанова

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:

С.Баубек

Теруге жіберілген күні 10.10.2022 ж.

Басуға қойылған күні 14.10.2022 ж.

Шартты баспа табағы 13

Пішімі 60x90 1/8

Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

«Bilim Innovations Group» ЖШС

Қазақстан Республикасы, Z05P6F8 (010017)

Астана қ., Сарайшық көш., 36

tugantil2019@mail.ru